



ТҮРКІ АЭЛЕМІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГАЗЕТИ

Газет 2000 жылдан бастап шығады

<http://turkalemi.kz/>

№ 11 (қараша, 244) 2022 жыл

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫЛАРЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІН ТАҒАЙЫНДАДЫ

2022 жылы 11-қарашада Самарқандта өткен Түркі мемлекеттері ұйымының саммиті аясында Әзірбайжан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы Шаһин Маджид оглы Мустафаев Халықаралық Түркі академиясының жаңа президенті болып тағайындалды.

Шаһин Мустафаев – Таяу Шығыс пен Орталық Азия халықтарының ортағасырлық тарихы мен мәдениетінің белгілі маманы.

1962 жылы Баку қаласында дүниеге келген. 1984 жылы Баку мемлекеттік университетінің шығыстану факультетін бітірген соң өмірін академиялық ғылыммен байланыстырды. Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясының Шығыстану институтында аспирантураны сәтті аяқтап, 1990 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің Азия және Африка елдері институтында кандидаттық диссертациясын қорғады.

Шаһин Мустафаев Бакудегі Шығыстану институтының ғылыми қызметкері ретінде орта ғасырлардағы Жібек жолы бойындағы Шығыс елдерінің этномәдени және саяси қарым-қатынастарын зерттеумен айналысты. Ол ЮНЕСКО-ның «Хираяма-Жібек жолы» онжылдық бағдарламасының қатысушылары мен жеңімпаздарының бірі болды, сонымен қатар Австрия, Германия, Франция, Мажарстан, Иран,

Түркия, Қытай, Ресей, Үндістанда Бразилия және басқа елдерде өткен көптеген ғылыми-практикалық конференцияларға қатысты. Ол сондай-ақ бірқатар елдердің атақты орталықтары мен университеттерінде, атап айтқанда, Түркиядағы Станбұл университетінде, Ұлыбританиядағы Оксфорд исламдық зерттеулер орталығында, АҚШ-тың Индиана университетінде, Франциядағы Жоғары қалыпты мектепте (Париж - École normale supérieure) ғылыми зерттеулер жүргізді.

2007 жылдың аяғында Шаһин Мустафаев Халықаралық Орталық Азия зерттеулері институтының директоры болып сайланып, алты жыл бойы институтты табысты басқарды. 2013 жылдан бастап осы күнге дейін Әзірбайжан Ұлттық Ғылым академиясының Шығыстану институтында түрлі басшылық қызметтерді атқарған.

2017 жылы Әзірбайжан Ұлттық ғылым академиясының толық мүшесі атанған ол Әзірбайжан мен Орталық Азия елдері арасындағы, оның ішінде ЮНЕСКО-ның халықаралық бағдарламалары аясындағы ғылыми байланыстарды дамытуға белсенді түрде ықпал етіп келеді.

Ол 6 кітап пен монографияның, сондай-ақ 100-ден астам ғылыми мақалалардың авторы.

Әзірбайжан, түрік, ағылшын, орыс, парсы тілдерін еркін меңгерген.



САМАРҚАНДА ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІ КЕҢЕСІНІҢ ТОҒЫЗЫНШЫ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

10-қарашада Самарқандта Өзбекстанның төрағалығымен Түркі мемлекеттері ұйымы Сыртқы істер министрлері кеңесінің тоғызыншы отырысы өтті.

Басқосуға Қазақстанның Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді, Қырғызстанның Сыртқы істер министрі Жәзбек Құлбаев, Түркияның Сыртқы істер министрі Мевлүт Чавушоғлу, Өзбекстанның Сыртқы істер министрі Владимир Норов, Мажарстанның Сыртқы істер және сыртқы сауда министрі Петер Сийярто, Әзірбайжан Сыртқы істер министрінің орынбасары Халаф Алы оглы Халафов, Түркіменстан Сыртқы істер министрінің орынбасары Бердьян Мятеев, Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы Бағдат Әміреев, Халықаралық Түркі академиясы президентінің міндетін атқарушы Фузули Мәжидли, ТүркПА Бас хатшысы Мехмет Сүрейя Ер, ТҮРКСОЙ Бас хатшысы Сұлтан Раев, Халықаралық Түркі мәдениеті мен мирас қорының президенті Гүнай Эфендиева қатысты.

Қатысушылар күн тәртібінде ұйым аясындағы аймақтық және халықаралық өзара іс-қимылдың өзекті мәселелері бойынша пікір алмасты. Сондай-ақ 11-қарашада Самарқандта өтетін Түркі мемлекеттері ұйымының саммиті барысында қол қоюға ұсынылатын құжаттардың жобаларын қарастырды.

Өз баяндамасында Ф.Мәжидли Академияның түркі әлемінің ортақ оқулықтары мен Құтлық қағанға арналған кешеннің табылуы сияқты маңызды жетістіктеріне тоқталды. «Биыл Астанада өткен Түркі академиясы Ғылыми кеңесінің отырысында саммиттерде қабылданған тапсырмаларға сәйкес ортақ оқулықтардың бағдарламасы мен мәтіндерін бекіткен тарихи Хаттамаға қол қойылды. Сондай-ақ Моңғолиядағы Түркі академиясы жүргізген археологиялық зерттеулер нәтижесінде көне түркі дәуіріне жататын ғұрыптық кешен мен жазу табылды. Елтеріс Құтлық қағанның құрметіне арналған бұл кешен орхон ескерткіштері табылған күннен бергі 130 жылдағы ең маңызды жаңалық болып табылады», – деді ол.

Академия басшысының міндетін атқарушы алдағы Саммитте түркі интеграциясын нығайта түсетін маңызды шешімдер қабылданатынын атап өтті.

«Біз бауырлас Өзбекстанның ертеңгі Саммитте Академияға бақылаушы мәртебесін алатынына өте қуаныштымыз. Тарихы бай, ортақ түркі мұрасының ажырамас бөлігі болып табылатын Өзбекстанның толыққанды мүшелікке өтуін асыға күтеміз.

Біздің бақылаушы-мүшеміз Мажарстанмен ғылым және білім саласындағы қарым-қатынастарымыз қарқынды дамып келе жатқанын ерекше атап өткім келеді.

Сондай-ақ, бауырлас Түркіменстан да алдағы уақытта Академияға мүше болады деп үміттенеміз» – деді Ф.Мәжидли.

TEM TOUR
TRAVEL AGENCY

Әлемнің кез келген бұрышына ұшақ билеттері мен демалу мүмкіндіктері

- > Тіркелу және виза жасау
- > Үй, офис, жұмыс орындарына билет жеткізу қызметі
- > Автобус және VIP-көліктерімен тасымалдау

air astana TURKISH AIRLINES
Lufthansa BRITISH AIRWAYS KLM

Алматы қ., Желтоқсан даңғылы, 111
Тел.: +7(727) 2202222 2795900 2720864, Ұялы тел.: +7 701 555 08 36
Абылай хан к., 71
Тел.: +7(727) 2793775, Ұялы тел.: +7 701 766 75 01
effckct@temtour.net

Астана қ., Республика даңғылы 5
Тел.: +7 (7172) 439558 439559 439306
Ұялы тел.: +7 701 203 1660
astana@temtour.net

Radixact
BY TOMOTHERAPY

ORHUN MEDICAL

Точность воздействия
Искусственный интеллект
Эффективное лечение
Безболезненное лечение

Джем Парлак
Заведующий отделением Томотерапии

Абая, 91 3-й корпус
0500000, г. Алматы

Пн-Пт:
09:00 - 18:00

+7 777 039 10 76

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ – БІЛІМ БЕРУ МӘРТЕБЕЛІ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ

Ежелгі грек мифологиясы бойынша құдайлар мекені Олимп тауы болса, қазақ жұрты үшін ғылым мен білімде көшбасшы ғалымдар мекені – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. ҚазҰУ мамандықтарының негізін қалаған көшбасшылар мен сол жолды жалғастырушы кейінгі буын ғалымдар есімімен бүгінгі ғылымның тікелей байланысты болатыны да сондықтан. Еліміздің жоғары оқу орындары аталмыш білім ордасына қарап бой түзеп, онымен ынтымақтастық байланыс орнатқысы келетін осы білім мен ғылымның тартылыс күші. Мұндай беделге университет кезеңдермен кемелденіп, тарих толқынымен толысып, сындарлы жылдарда шыңдалу арқылы жетті.

Білім сапасын бағалайтын QS рейтингілік агенттігінің зерттеу нәтижесінің қорытындысы бойынша үздік деп танылған әлемдік 800 университеттің арасынан ҚазҰУ-і 150 орынды иеленіп, әлемдік топ - 200 үздік ЖОО-ның қатарына енді.

Бәсекеге қабілеттіліктің басты өлшемі – білім сапасы мен отандық ғылымның даму деңгейі арқылы анықталады. Осы өлшемнің биігінен көз салсақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жеткен жетістіктері мен бағындырған белестері арқылы көңілге көп қуаныш ұялатады. Ұзақ әрі ұтымды жолды артқа тастаған білім ордасының бүгінгі келбеті өзгеше, келешегі тіптен нұрлы. Басты бағытын өскекең ұрпаққа нұрлы жол көрсетуге арнап келе жатқан университеттің жеткен жетістігі молынан еді. Қазіргі күнде ел басқарып отырған халық қалаулыларының жартысынан көбінің осы қасиетті мекеннен түлеп ұшқанын тілге тиек етсек көп сырды сезіне түсеміз. Бұл біз сөз еткен нәтиженің бір бөлігі ғана. Бүгінде әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру жүйесіне бағытталған оқу ордасының кешегі тарихы ауыз толтыра айтар табыстарға толы. Еліміздің жетекші университеті әлемдік рейтингінде алға ілгерілеуде белсенділік танытып отыр. Мұндай маңызды жетістікке ҚазҰУ ұжымы кешенді құрылымдық модернизация жүргізу, факультеттерді кластерлік негізде дамыту, кафедраларды ірілендіру, жүйелік басқаруды енгізу, нәтижеге бағытталу жұмыстары арқылы жетіп отыр.

Халықаралық жетекші сарапшылардың пікірінше, ҚазҰУ қызметтің барлық бағыты бойынша сапалы көрсеткіштерді барынша арттырып отыр. Университет толығымен халықаралық стандарттарға жауап беретін білім бағдарламасына көшкен. Білім ордасының ғалымдары белсенді түрде ғылыми зерттеулер жүргізеді. Халықаралық деңгейде инновациялық жобаларды жүзеге асырады, жаңа технологиялар жасалады.

Жоғары импакт-факторы журналдарда ҚазҰУ ғалымдарының жарияланымдары жыл сайын артып келеді. Университет халықаралық әріптестікті кеңейту саласында, академиялық ұтқырлықты арттыруда, әлеуметтік серіктестікті дамытуда өзгелерден көш ілгері келеді. Жақсылардың көзін көріп, данышпандардың дәрісін тыңдаған, ұлт қайраткерлерінің ұлағатын бойына сіңіріп, санасын байытқан зейінді шәкірттер ҚазҰУ-да оқығанын әрқашан мақтан етеді, сол алған білімдерін сан мыңдаған өзге де ізденушілердің санасына сәуле етіп құя білді. Ұлттық рухтың алтын бесігі болған ұлттық жоғары оқу орны бүгінде есімі елге белгілі, еңбегі халқына таныс ғалымдар мен профессорлардан кенде емес. Олардың озық қатары көбеймесе азаймасы анық. Әл-Фараби бабамыздың сөздеріне жүгінсек, оның білім мен ғылым жолындағы даналығы, қиссалары, пәлсапасының мәңгілік «тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» екенін естен шығармай білім ордамыздың бүгінде отандық білім берудегі басты назарға қойылатұғын мәселесі – тәртіп. Өйткені бұл тек «болар баланы бесіктен» тербетіп қана қоймай, бұғанасы қатпаған ертеңгі ел тұтқасының тәрбиесінде игі іс бола біледі. Ал біздің бәсекеге қабілетті университетіміз осынау қасиетті атты иемденіп, жұғысты болсын немесе қойылған нысана болсын деп ырымдағаннан болар, әлем таныған әл-Фарабиге лайық, бүгінде әлем таныған университетке айналды! Сәттілік пен жетістіктің мәртебелі биігіне көтерілген қарашаңырақтың бүгінгі болмысы барша қазақтың мақтануына лайық, кемел келешегі бүкіл елдің көшбасшыларын дайындап, дамудың даңғыл жолындағы аса жоғары жетістіктері арқылы одан сайын асқақтай бермек.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, шет тілдер кафедрасының аға оқытушылары К.А.Айсұлтанова, А.Р.Халенова

«ТӘРТІПКЕ БАҒЫНҒАН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ»

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында дәстүрлі түрде «Тәртіпке бағынған құл болмайды» тақырыбында дөңгелек үстел өтеді. Биыл да сол дәстүр бойынша 4-қазан күні шетелдік тыңдаушылардың қатысуымен ZOOM платформасында өтті.

Дөңгелек үстелдің мақсаты: факультеттің тілдік курсына қабылданған тыңдаушылар Қазақстанның заңы мен университет ережелерімен таныстырылды. Университетке қабылданған әрбір шетелдік тыңдаушы университеттің ережесіне сәйкес сабаққа толық қатысуы, ережені бұзбау, қазақ халқының мәдениетін сыйлау керек екені жайлы айтылды. Сонымен қатар шетелдіктердің сұрақтарына жауап берілді.

Бірінші сөз алған жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті деканының халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары Қанат Қарақұлұлы тыңдаушыларды Қазақстандағы ең үздік университеттердің бірі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің тілдік дайындық курсына қабылдануларымен құттықтап, Қазақстанда жүріп-тұру ережелерімен таныстырды. Ал факультет деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Әмірханов Марат Болысбекұлы жатақханада тұру ережелері және қандай пәндер оқитыны жайлы айтты. Сонымен қатар топ кураторлары тыңдаушыларға сенім артып, болашақ армандарына жете беруіне тілектестіктерін білдірді.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары Г.Е.Сапаева, Г.Т.Тилеужанова

АЛМАТЫ – АРМАН ҚАЛА

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетіне Монғолия, Қытай, Иран, Сауд Арабиясы, Өзбекстаннан биыл да қандас бауырларымыз білім алуға келу жоспарланған. Қазақ деген жалғыз ауыз сөздің құдіреті мен ежелгі қоныс – атаме-кеннің топырағы тартып келе жатқан бауырларды күтіп алу қашанда көңіл тол-қытатын сәттер. Сондай көңіл толқытатын сәттердің бірі біздің факультетімізде өтті. Ағымдағы жылдың 3-қазан күні жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің акт залында әр мемлекеттен келген тыңдаушылармен кездесу өтті. Топтарға бөлініп, топ кураторлары сайланды. Топ тыңдаушылары өздеріне бөлінген кураторларымен танысып, бірден сабаққа қатысып та кетті. Ертеңінде-ақ университеттің барлық қоғамдық жұмыстарына белсене араласып, тапсырмаларды орындауға кірісіп кеткен.

Алматы – елдің ғылыми, мәдени, тарихи, өндірістік және қаржы орталығы. Арман қуып келген жастарымыз еліміздің бас қаласы, оңтүстіктегі астанамыз, ірі мегаполистердің біріне айналған, мәдениет пен өнердің отаны, арман қала «Алматы – менің сүйікті қалам» деп қуаныштарында шек жоқ. Олар үшін барлық берілген тапсырмалардың еш қиындығы жоқ. Орындай беруге дайын. Университетте өткен конкурстарға да белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болған тыңдаушыларымыз: «Менің әрбір үніме үзіле үндескен демі мен әрбір көзқарасыма сыйлаған сәттері үшін, маған әрдайым есігін айқара ашқаны үшін де Алматыға деген махаббатым шексіз! Бірге оқыған достарыммен көңіл көтеріп, Қазақ Ұлттық университетінде білім алып жатқандығым үшін, арайлап атқан таңым мен қызарып батқан кешім үшін Алматыны құлай сүйемін! Әлемнің алпауыт қалалары құшағын ашып, күтсе де туған жерімдей жан рақатын, жанымның жалғыз серігі – шығармашылығымға тың тақырып, арманымға қанат бітіре алмайды. Ал менің қалам Алматым тіршіліктің тұнығына, өмірдің қызығына ұмтылған маған әлемдегі жақсылықтың барлығын сыйлай алады. Өйткені, бұл менің – ата-мекенім» дейді. Әр мемлекеттен келген қандас бауырларымыздың жолы ашық болсын! Алға қойған мақсаттарына жетсін! Барлықтарына сәттілік тілейміз!

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің оқытушылары Н.Амангелдіқызы, С.Өзенбек



БІЛІМГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ – ӨМІРГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ

«Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» деген халық нақылы бар. Шынайы білімді де білікті маман қандай қиын мәселені болмасын, майдан қыл суырғандай оңай шешеді. Қазіргі заманғы америкалық ойшыл Алвин Тоффлер: «Жиырма бірінші ғасырда оқу, жазуды білмейтін адамдар сауатсыз емес, оқуды, үйренуді әрі қарай жалғастыруды білмейтін адамдар сауатсыз болып есептеледі», – деп білімін жетілдіріп отырудың маңызын жеткізген.

Білімге құштарлық, негізінен, білімге жақын, ұдайы ізденіс пен жаңашылдыққа жаны құмар адамдардың бойында болатын асыл қасиет. Білімге құштарлық бір орында тұрып қалған шалшық су сияқты емес, үнемі қозғалып тұратын ағын су секілді пікірдегі қасаңдықтан, біржақтылықтан құтқарады. Сол сияқты біздің факультеттің ауғанстандық тыңдаушылары да барлық қиыншылықтарға мойынсынбай тікелей рейстердің жоқтығына қарамай, бірнеше мемлекетті басып, аман-есен келді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасына жылда 30 адам 2017 жылғы меморандум шеңберінде қабылданады. Биыл да сол үрдіспен 2022–2023 оқу жылына үміткерлер тілдік курсқа қабылданды. Тілдік курстан өткен соң, Қазақстанның жоғары оқу орындарына таңдаған мамандығы бойынша бара алады. Барлығына сәттілік тілейміз!

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары Г.Е.Сапаева, Г.Т.Тилеужанова

МУХТАР АУЕЗОВ – МУДРЫЙ ПИСАТЕЛЬ

Произведения М. Ауэзова превратились в прозрачный источник мировой литературы и стали общим духовным достоянием всего человечества.

Мухтар Омарханович Ауэзов родился 28 сентября 1897 года в Абайском районе Восточно-Казахстанской области. Отец Омархан, дед Ауэз, находясь рядом с селом Абай, умел дружно общаться с окружающими людьми. Ауэз сам был человеком, который любил стихи Абая, был знатоком турецкой и персидской литературы, был грамотным и уважаемым человеком.

Дед Ауэз, бабушка Динасил слушали стихи Абая своим внукам. О нем писатель вспоминал: «одной зимой, одним летом я запомнил Абая близко ко всему». Это как прозрачная вода источника, наполненного добротой молодого Мухтара, которая благотворно влияет на его дальнейшую жизнь, его творческую судьбу. При содействии дедушки, с одной стороны, очень рано проснулся интерес, страсть к художественной литературе у Мухтара, который в то время много слушал и запоминал киссы и легенды, стихи, а с другой-произведения Абая.

В своей автобиографии 1928 года «Өз Жайым маңғимдім» писатель написал: «от казахских писателей, конечно, люблю Абая. Все, что я ел с детства, все, что я получал от Абая. Мне кажется, что когда я погружаюсь в чистую литературу, мне кажется, что слово «Абай» не сравнится с словом «Казах». Есть верность, что любовь к Абая всегда будет адекватной любви к тому месту, где родился разум, рожденный критикой, а не поцелуем, а иногда и родным окружением, стиркой и перерезанием пуповины».

Из этих слов видно, что на все творчество, душу и душу писателя влияют произведения Абая, образец для подражания. После смерти отца одиннадцатилетний Мухтар был воспитан в Семипалатинске братом Касымбеком и в 1908 году поступил в пятилетнее русское училище. После его окончания он учился в четырехлетней учительской семинарии, которую окончил в 1919 году. Этот период был годом стремления писателя к науке-образованию, очень близкого, глубокого знакомства с русской литературой, избранными образцами западноевропейской литературы.

В. Попов, преподаватель русского языка и литературы семинарии, в своих мемуарах писал: «впервые познакомился с М. О. Ауэзовым в 1916 году. Восемнадцатилетний вежливый, красивый молодой Казах, сидящий за парадной партой, имеет прямолинейное тело, модную одежду, чистые, темные волосы, широкий лоб кере карыс, карегайское лицо серьезное, величественное, в глазах оседает ум. И все мы были удивлены эрудицией». Из этого следует, что всестороннее знания, высокая культура, простота и честность, глубина мысли будущего писателя были особенно заметны еще во время его пребывания в стенах семинарии.

В 1919 году Мухтар Ауэзов окончил семинарию и начал заниматься Единой литературной деятельностью. Он отработал благородные версии устной литературы и своим писательским опытом показал пример использования современной литературы, отвечающей требованиям современной жизни. Об этом свидетельствуют пьесы «Енлик-Кебек», «Айман-Шолпан», «Кара кыпчак Кобыланды».

М. Ауэзов в 1928 году окончил филологический факультет Ленинградского университета, аспирантуру Среднеазиатского университета в г. Ташкенте.

Даже в своих первых произведениях, начиная с 1917 года, писатель вложил в жизнь и дыхание казахского народа, глубоко погрузившись в него, и приложил усилия, чтобы показать многие исторические и социальные ценности. Это свидетельствует о разносторонности таланта М. Ауэзова, обилие знаний.

В 1917 году одно из первых его произведений – «разные характеры казахов» - было опубликовано в Ташкентской газете «Алаш». Статья «человеческая основа-женщина» была опубликована в Семипалатинской газете «Сарыарка».

В этих статьях раскрывается, что казахский народ на протяжении веков справлялся со многими невзгодами, и в то же время ему нелегко избавиться от вредных привычек, укоренившихся в его характере. Например, критикуя различные негативные привычки, такие как взяточничество, лень, неграмотность и т. д., Он говорит, что один из способов избавиться от них – учиться. Наша единственная надежда, наше оружие – это то, что мы читаем. Те, кто читает, теперь обязаны сами стать образцом для подражания, изгнать невежество и затащить на светлую сторону человечности.

«Что мы можем пожелать, кроме того, чтобы бросить казахскую черту и, не теряя твердости, противостоять недостаткам с чистым сердцем и не расторгнуть нить единства».

ТВОРЧЕСТВО М. АУЭЗОВА

В статье «человеческая основа – женщина» автор доказывает и раскрывает роль женщины в жизни общества. Женщина ценится как ступок общественной среды. Туман в голове у женщины неизлечим, и народ не посмеется в счастливый день человечности. Ведь нравственность в человеческом обществе-это результат материнства. А каким будет поле в воспитании человечности матери, которая в жизни не слышала имени справедливости, Мархабата, любви?

«Ал ну, казах, если ты не хочешь быть мешелем, поправь свой урок, свою колыбель! Если ты хочешь исправить это, поправь женское состояние!» – четко, аргументированно формулирует. М. Ауэзов глубоко погрузился во все бытие, душу, тайны чувств казахской женщины и с особым вниманием описал ее. Неугасимая, вечная тема литературы – женщина, она олицетворяла ее многогранность, передавая мир красоты.

Особенно в таком удивительном произведении, как «Путь Абая», которое заставляет человека стремиться жить, воспитывать любовь и признательность за эту жизнь, душераздирающий создал образ группы женщин, которые неотрывно дополняли друг друга различными поступками, поступками, невольно вызывали и притягивали его.

С первых же изданий хорошо прослеживается широта кругозора молодого Мухтара, его гражданский интеллект, в котором начинается формироваться обилие знаний.

В 1917 году была поставлена пьеса «Енлик-Кебек», в газетах «Алаш», «Сарыарка», в 1918 году в журнале «Абай» было опубликовано около двадцати работ. Несмотря на отсутствие драматургических традиций на казахской земле, участв в литературе других стран, удалось создать трагедию «Енлик-Кебек», полностью отвечающую условиям жанра. Он хорошо усвоил законы драмы, заложил ее краеугольный камень.

Пьеса «Енлик-Кебек» занимает особое место в творчестве Ауэзова, в истории казахской литературы.

В мае 1917 г. на ойкудукском Жайлау была поставлена пьеса «Енлик-Кебек» в доме восьми крыльев Айгерима, аяулы жары Абая.

Основное содержание пьесы: кровавое событие, произошедшее в восьмидесятых годах XVIII века в стране Абая, где родился и вырос Ауэзов, на Земле Чингистау: правители обеих сторон не прощают того, что герой двух враждующих друг с другом стран Кебек и красавица-дочь Еңлық полюбили друг друга. Это приводит к большому спору, ужасному решению и убивает двух молодых людей, привязанных к хвосту.

Автор, опираясь на легендарную основу народа, внес новые изменения в первые версии и воплотил в жизнь сценическое произведение в истинном смысле. Благодаря неоднократной обработке и дополнению пьесы «Енлик-Кебек», приключение стало настоящей классической пьесой, глубокой, как Бездна, с невероятной выразительностью языка.

Пьеса начинается с монолога жреца, который размышляет о своей главной тайне. Образ жреца предвещает мечту страны, жаждущей предсказывать будущее.

Жрец-душа, воплощающая священную идею народной мечты. Например, если мы посмотрим на текст Автор рассказывает об этом волнении жреца, что Асан, известный своими словами, задает тон горем.

*Тұнығым ылай болды,
Уа, тұнығым ылай болды.
Қуғыншым құмай болды
Құтылар қайран жоқ,
Сор қамар сыңай болды... (Асанша)
Алданар жоқ, арман көп.
Кәрім қайтіп күн көрер!
Жарастық жоқ, жалын жоқ,
Жарым қайтіп күн көрер!
Барары жоқ, байлау жоқ,
Ерім қайтіп күн көрер!
Бәрінің де нәрің жоқ,
Елім қайтіп күн көрер?..*

В то же время, когда весь народ плачет и кричит о своей мечте, о своей печальной судьбе, это особенно влияет на слушателя, и вместе с Абыз ты волнуешься и стонешь. Как будто ты собираешься вытащить Шер изнутри, ты стреляешь пламенем, ты вздыхаешь.

Жрец-пропагандист веры, что в пьесе выступает как символ народной мудрости. В драме кажется, что каждое слово персонажа оправдывает себя.

Мухтар Ауэзов глубоко исследовал тему Абая, смысл жизни и искусства Абая с большим энтузиазмом и большой любовью. Писатель изобразил в единстве с жизнью своего народа, всем жизненным путем наследие великого поэта, его историческую личность. По его словам, из мемуаров автора «рассказывай со своего места» мы узнаем много нового. Молодой мыслитель также рано узнал и понял, что такое писательская задача.

С большой подготовкой автор пришел к великому эпосу, в котором подробно описана жизнь, вся жизнь казахской степи, охватывающая одну историческую эпоху. Основная основа романа «Путь Абая» – это реалии времени, отношения между людьми, жившими в тот период, борьба-борьба, горе-любовь. Писатель,

собирая, исследуя и размышляя о памятных событиях, рассказах, архивных материалах об Абая, о собственном наследии поэта, широко используя его в своем великом произведении. Сам автор сказал: «как Биограф я начал заниматься сбором материалов, касающихся жизни Абая после 1930 года. К сожалению, в то время были живы только те старики, которые хоть раз знали поэта». Трудность сбора материала об Абая в течение длительного времени выражалась так: «в целом, свой характер работы, связанный с Романом этого периода, я бы сравнил с характером задержанного пассажира, который пришел к толпе давно ушедшего каравана, нашел последний холм со слабым жаром в очаге, который превратился в затухание, задышал и попытался превратить его в огненный факел. Ум, затуманенный старшими глазами, вел меня в юную эпоху Абая, указывая путь. На лице Айгерим, которому исполнилось шестьдесят, я попыталась представить себе красавицу из его свежего времени, покорившую сердце поэта».

Основная основа этих романов – реальность жизни, отношения между людьми, которые исторически действовали в этой жизни, борьба, разочарование и любовь. Писатель широко, продуктивно использовал некоторые события, факты, хранящиеся в памяти народа, особенно архивные материалы Абая, памятные данные, остальное наследие великого поэта. Тем не менее, важно отметить, что включение в каждую художественную литературу характерной мысли, тем самым стремясь донести свою цель до более детальной и познавательной игры, также вполне уместно.

Поскольку главный герой эпопеи осторожен, сюжетная линия, действие и судьба самых разных героев произведения концентрируются вокруг Абая и развиваются дальше.

Эпопея «Путь Абая», представившая гениального поэта мировой публике, состоит всего из 4 книг. Здесь подробно описывается эпопея о том, что казахский народ, породивший Абайдайского гиганта, в чем-то равноправен, одарен, умен, белоснежен, великодушен, серер, искусен, имеет свой характер, национальный дух, традиции и обычаи, как никто другой.

«Эта замечательная эпопея подарила нам целый мир, покорила нас чудесными картинами природы и описанием человеческих страстей. Ауэзовым пером возродилась история, жизнь сел, судьбы людей. Эпопея «Абай» – произведение, глубоко укоренившееся в тайнах творчества, взаимосвязи жизни и поэзии, лучшее произведение в мировой литературе о поэте и поэзии», – говорит М. Луконин.

«Этот роман – огромный вклад всех тюркоязычных народов, в том числе кочевых народов прошлого, в человеческую культуру... для того, чтобы возвысить мир перед глазами, привлечь внимание окружающих, возвысить достоинство человеческого духа, стать вершиной своего собственного – Аскара Ауэзова», – говорит Ш. Айтматов.

Все эти высказывания об эпопее «Путь Абая» – неизмеримо ценная оценка особого таланта М. Ауэзова, его заслуг перед народом.

Этим романом доказывается, что познание настоящего поколением, вступившим на Светлый путь нового века, связано с осознанием вчерашней истории.

Цыганова В. А.,
старший преподаватель КазНУ имени аль-Фараби

БІЛІММЕН БИККЕ САМҒА

«Сен бүгін биікке самға,
Өзіңді жеңіске арна.
Үнемі ізденіп бірге

Көрсеткің қырыңды жаңа» деп бастай келе, мен бүгін білімге қатысты бірер ой қозғасам деймін.

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістер қаншама. Олардың жақсысы да, жағымсызы да жетерлік. «Сол мәселелерді бүгінгі таңда кім орын-орнына қоя алады?» деген сұрақ әрбір адамның ойында жүрері хақ. Әрине, бұл сұрақтың жауабы сол өзіміздің өскелең ұрпақ, жастарымыз емес пе. Бұл тұрғыда барлық жауапкершілікті солардың мойнына жүктеу, әрине, қате ұғым. Ел үшін, қоғам үшін әрбір тұлғаның рөлі өзінше бөлек. Бірақ басым көпшілік күшті сол біздің жастарымыз алмақ. Себебі, қазіргі ғылым мен білімнің дамыған заманында заман ағынымен өсіп келе жатқан, міне, осы жастарымыз емес пе. Сол үшін біз сол жастарымызға сенеміз.

Қазіргі XXI ғасыр білімділердің ғасыры. Оны еш күмәнсіз айта аламыз. Осы тұрғыда ҚазҰУ студенттері өздерінің таптынысымен адамды қуантуда. Әрине, өзге

жастарымыздың да жасап жатқан дүниелері жоқ емес. Бірақ, көз алдымызда дамып, өсіп жатқан студенттеріміз өз бақылауымызда болғандықтан олардың орны бөлек болып тұрады екен. Жастардың білімін жетілдіру барысында университетіміз ерекше белсенділік танытуда. Жылдан-жылға түрлі бағдарламалар санын көбейтуде. Осы тұрғыда физика-техникалық факультетіне қараша айында Осака университетінің екі оқытушысы, профессорлары келіп жоғарғы білім, яғни, екінші диплом тұрғысынан пікір алмасқан болатын. Осака университеті, жалпы, қазіргі таңда әлемдегі білім беру жөнінен алдыңғы орында тұрған университеттердің бірі болып табылады. Келген оқытушылар бізге біраз мәліметтерімен бөлісті. Студенттердің міндеті, ол жақта тәжірибе алмасып, елге білімдерін одан әрі жетілдіріп оралу. Жалпы, қазіргі заманда бәсекеге қабілетті ел боламыз деген мақсат қойылса, соған сай бәсекеге қабілетті жастардың болуы міндетті деген оймен осындай біршама жобалар, бағдарламалар қара шаңырағымызда орын алуда.

А.Е.Бекенов, А.В.Юшков

МОЛ МҮМКІНДІК

Мол мүмкіндік жайлы бұл мақала тікелей ұстаздармен байланысты екені белгілі. Себебі, әр салада біздің өсуімізге себепкер жандардың бірі ол – ұстаз. Ол, әрине, біздің аяулы ұстаздарымыз.

Мен қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алып жатырмын. Осында келгелі бізге өздерінің білімдерін аямай төгіп жатқан, ол біздің ұстаздар еді. Жүрегімізден ерекше орын алған сол тұлғалар жайында мен біраз әңгімеді өрбітпекпін. ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасының ұстаздары бұл орынның басын бастамақ. Неге десеңіз? Бізге әр семестр сайын осы кафедраның ұстаздары бір-бір сабақтан беріп келеді. Ол тұлғалардан білімнен қатар, біз бойға өнегені, тәрбиені, адамгершілік сынды қасиеттің бәрін аламыз десек артық айтқаным болмас. Сөзімнің жалғасы ретінде мына бір өлең жолдарын сол тұлғаларға арнағым келеді.

*Үйреттіңіз мына бізге бәрін де,
Бұл өмірдің ғажап сондай сәнін де.
Қоса оған жалықпай еш айттыңыз
Бөледіңіз бізге білім нәрін де!*

Бұл кафедра сонымен қоса бірнеше жобалармен айналысады. Робот жасау, Атом жобасы, Жалпы салыстырмалық теориясы және тағы да басқа тақырыптар бойынша көкейде жүрген сұрақтарды осындағы кез-келген кісіге айтсаның қол үшін берері хақ. Бұл кісілерге қатысты айтылатын әңгіме өте көп. Себебі, алдыға қойған мақсат, аңсаған арманға барар жол осы ұстаздардың қолдауымен келді десем қателескенім емес. Өткенге көз жүгіртіп, алдыға қарағанда осындай тұлғалардың маған тап болғанын үлкен мақтанышпен қазіргі таңда және келешекте айтып жүретін боламын. Бұл бізге берілген бақ деп білемін!

А.М.Жумадилев, А.С.Кусаинов

НЕТВОРКИНГ – МҮМКІНШІЛІКТЕРГЕ ЖАҢА ЕСІК

Алматы – жастардың қаласы, Қазақстандағы ірі мегаполис. Алматы ешқашан ұйықтамайды, мүмкіндіктерге толы қала. Сәйкесінше, Қазақстандағы әрбір оқушының арманы – Алматыға оқуға түсу, әсіресе әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне түскісі келеді. Аталған жоғарғы оқу орнының мектеп оқушылары арасында даңқы жоғары және сұранысқа ие.

Жолы болып, ҚазҰУ-не оқуға түскен балмұздақ студенттердің мүмкіншіліктері өте жоғары. Университет аумағында студенттердің білім мен ғылым, өнер салаларында қабілеттерін ашатын сан-түрлі іс-шаралар жүргізіледі. Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған студенттер жаңа адамдармен танысып, өзінің бойындағы әлеуметтік ортаға бейімделуге жаңа қасиеттер аша бастайды. Университет аумағында өзінің кітапханасы, диагностикалық центрі, зертханалары, интернет орталығы, музейлері және студенттердің ең сүйікті саябағы бар. Одан бөлек студенттерге қызмет көрсету орталығы «Керемет» бар. Әр студент ҚазҰУ аумағында білім алып, жұмыс істеп, тәжірибе жинауына мүмкіндігі бар.

Қазақ халқы жалпы бауырмашыл болғандықтан, жерлес, рулас, мамандығы бір студенттер өзара тізбектес байланыс құрып кетеді. Бұл байланысты XXI ғасырдың жастары жаңалап нетворкинг (networking) деп атап кеткен. Нетворкинг арқасында университет түлектері мен студенттер де байланыста болып, кейін тәжірибе өтуге студенттерге көмегін беріп жатады. Нетворкинг мұғалімдер мен студенттер арасында да жақсы дамыған. Жаңа түскен студенттерді жаңа ортада бейімделуге көмек беруге университеттің оқытушылары мен жұмыскерлері атсалысып келеді. Алайда оқу орнында болып жатқан жаңа мүмкіндіктерді жатақханада тұратын студенттер ғана біліп, қолданып жатады. Мысалы, өнер байқаулары, олимпиада, концерттер және т.б. Әсіресе «Сұңқар», «Студенттер кеңесі» және т.с.с. ұйымдардың мүшелері үлкен артықшылыққа ие. Себебі ұйымда бірнеше жыл мүшелік етіп жүрген студенттер алдымен ұйымдағы студенттермен жаңалықтармен бөліседі. Ал қалада жалдамалы үйлерде тұратын немесе қала тұрғыны болып келетін студенттер айтылған мүмкіншіліктер жайлы ести бермейді.

Күш – бірлікте демекші, студенттер осы нетворкингты жақсы дамытатын болса, кез келген мәселені шеше алады. Егер мен қайтадан 1-курсқа жаңадан оқуға түсетін болсам, міндетті түрде қолыма түскен мүмкіншіліктерден айырылмас едім. Себебі мен нетворкингпен айналыспағандықтан, университет аумағында болып жатқан жаңалықтардан және олимпиада, жарыстардан хабарым аз еді. Қатарластарым өз бойынан жаңа қасиеттер ашып, жаңа қырлардан көрініп жатқанда, мен бірталай уақыт жоғалттым. Бәлкім, нетворкинг арқасында жаңа адамдармен танысып, өмірдің жаңа есіктері ашылар ма еді...

**Бектібай Біржан Жапсарбекұлы
Тохтар Айқаракөз Маратқызы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Стандарттау және сертификаттау
мамандығы**

БАУЫРЛАС ТҮРІК ЕЛІНІҢ СЫРЫН БІЛГІҢІЗ КЕЛСЕ



Қазақстандағы білім ордаларының қара шаңырағы саналатын әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде шығыстану факультеті 1989 жылы ашылды. Аталған факультетте 8 шығыс тілі оқытылады. Олар: араб тілі, түрік тілі, парсы тілі, урду тілі, хинди тілі, жапон тілі, корей тілі және қытай тілі. Туыстас түрік тілін оқып үйрену сонау 1991–1992 оқу жылынан бастау алады. Ол жылдары енді ғана басталған түрік тілі мен әдебиетін оқыту «Иран-түрік филологиясы кафедрасында» қолға алынды. Осылайша, Қазақстанда түрік тілін оқытудың алғашқы баспалдағы мен берік негізі қаланып, оған профессор З.Л.Рүстемов басшылық етті. Алғашқы жылдары Түркия Республикасы Ерджиек университетінің түлегі Хасан Иылмазтүрк, Абант Иззет Байсал университетінің түлегі Рамазан Чақыр, Селчук университетінің түлегі Билал Чуллокоғдулар дәріс берді. 1991–1992 оқу жылында I-курсқа 8 студент (5 жылдық), 1992–1993 оқу жылында 9 студент (4 жылдық) қабылданды. Алғашқы түлектер бітіретін жылы, 1996 жылы 11 сәуірде «Түрік филологиясы» кафедрасы жеке шаңырақ көтерді.

Аталмыш кафедра бүгінде Түрксой болып өзгертіліп, өзінің жұмысын әрі қарай белсенді түрде жалғастыруда. Кафедра «шығыстану», «шетел филологиясы» және «аударма ісі» мамандықтары негізінде бакалавр, магистр және PhD бойынша білікті мамандар дайындауға машықтанған. Әрі қазіргі қоғамда бәсекелестікке төтеп бере алатындай деңгейде білім беруде бөлімнің профессорлық-оқытушылық құрамы тарапынан қызу жұмыс атқарылуда. Кафедрада Түркия Республикасы елшілігі тарапынан бөлінген түрік ұстаздары да жұмыс істеп, тәлімгерлердің тілін машықтандыруда еңбек етеді.

Сонымен қоса кафедра тіл, тарих мәселелері, мәдени мұралар, лингвистикалық мәдениеттану, этнолингвистика, аударматану теориясы және т.б. көкейкесті мәселелерімен айналысады.

Студенттердің түрік тілін толықтай меңгеруі үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Кафедра жалпы Түркия Республикасымен қарым-қатынасын нығайта отырып, Стамбұл, Османгази, Анкара, Памуккале, Хаджетепе және Белкент сынды бірқатар озық университеттерімен байланыс орнатқан. Бөлім студенттерін тіл ұстарту тағылымынан өткізу мақсатында әр жыл сайын студенттерді аталған оқу орындарына жіберіп отырады.

Бүгінгі таңда Түрксой кафедрасының жас зерттеушілері үшін өте көп қызықты үйірмелер ашылып, жеке кабинеттер бөлінген. Бұл кабинеттер жалпы түркілерге ортақ мұра болған пайдалы кітаптар мен жұмыс істеуге арналған мультимедиялық құрылғылармен жабдықталған.

Сонымен қатар бұл кафедраның оқытушылары өте белсенді. Оқытушыларына қарап студенттері де белсенді болып тәрбиеленіп келуде. Кафедрада Түркияның тарихы мен мәдениетіне қатысты ұйымдастырылатын мерекелік іс-шараларға тек студенттер ғана емес ұстаздар да белсене жұмылдырылады. Бөлім студенттерінің ой-өрістері мен білімдерін жетілдіре түсу мақсатында үміті танымал қоғам қайраткерлері, жазушылар, ғалымдармен кездесулер өткізіліп отырады.

Жоғарыда айтып өткендей Түрксой кафедрасының алатын орны өте зор. Ерекше айта кететін жайт бұл кафедра Қазақстан университеттерінің ішінде алғаш рет әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде ашылғандықтан да оқу базасы өте мықты.

Times Higher Education рейтингтік агенттігі әлем университеттерінің 2023 жылға арналған пәндік рейтингінің қорытындыларын жариялаған болатын. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Times Higher Education World University Rankings by Subject 2023» пәндік рейтингінің қорытындысы бойынша өз позициясын өнер және гуманитарлық пәндер бойынша (401–500) жақсартты.

Сондықтан да түбі бір бауырлас түрік елінің тереңде жатқан тілін, тарихын, мәдениетін білгіңіз келсе, аталған университеттің шығыстану факультетінің Түрксой кафедрасына келіп, білім алуыңызға есігіміз әрдайым ашық.

**Түрксой кафедрасының аға оқытушысы
Жанатаева К.Б.**

ҰЛЫ ҰСТАЗ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде 2022 жылдың 2-желтоқсанында көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, шығыстану ғылымы мен білімінің негізін салушы, дипломат, Әбсаттар Дербісәлінің туғанына 75 жыл және мемлекет, қоғам қайраткері ретіндегі қызметіне 50 жыл толуына арналған «Шығыстану және руханият мәселелері» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді.

Шығыстанушы, дінтанушы, әдебиет зерттеуші, жазушы, сыншы, филология ғылымдарының докторы Әбсаттар қажы Дербісәлі адамзат өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғалым. Бабаларымыздың еңбектерінің бүгінгі ұрпаққа жетуіне зор үлес қосқан ғалым, көрнекті қоғам қайраткері, Қазақстандағы Ислам дінінің әлемдік деңгейге көтерілуіне аянбай тер төккен муфти бола білген Ұлы ұстаз еді!

1977 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінде ассистент, аға оқытушы, доцент, филология факультеті деканының орынбасары, Шығыс филология кафедрасының меңгерушісі, 1986–1988 жылдары КСРО Ғылым Академиясы Шығыстану институтының докторанты, 1989 жылы Шығыстану факультетінің деканы,

1991–1997 жылдары Тілдер және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, 1997–2000 жылдары Қазақстан Республикасының Сауд Арабиясы Корольдігіндегі елшілігінің кеңесшісі, 1-сыныпты кеңесші қызметтерін атқарған. 2000–2013 жылдары Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының төрағасы болған.

«Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық. Ұлы ұстаздың бірідеп шығыстану факультетінің құрылуынан бастап еңбегі сіңген Әбсаттар Дербісәлі деп айтсақ, артық айтқандық емес. Мәселен, Ескендір Зұлқарнайын өз ұстазын «Мен ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін. Әкемнен өмірді алсам, Аристотельден сол өмірге керектінің бәрін алдым» деп еске алатын болған екен. Сондықтан да ұстазды сыйлау – өмірдегі бір борышың. Ұстазға құрмет – адамзатқа міндет. Ұлы ұстазымыз Әбсаттар қажы Дербісәлінің есімі мәңгілік есімізде сақталады.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің оқытушылары
З.А.Серикбаева, С.Өзенбек**

ӨМІРДЕ ДЕ, БІЛІМ АЛУДА ДА, ӨНЕРДЕ ДЕ ЖОЛДАРЫҢ БОЛСЫН!!!



Әр адамның есінде ерекше естеліктерімен жатталып қалатын студенттік өмір адамның жастық жалынды шағы, қуаты тасып, аштық пен тоқтықты білмей, шаршау мен қайғыны білмей, әрқашан үйрену, іздену, білім алу, зерттеу, танысу және табысумен өтетін өмірдің ең ерекше кезеңі. Осы сөздердің бәрі өзін білім беріп оқытып жатқан ҚазҰУ-нің студенттеріне тиесілі. Осы киелі оқу ордада адал дос тауып, болашақ жұбын тауып, күлкісі көкке жаңғырып, көздері күлімдеп, жақсы баға күтіп қобалжыған кездері студенттердің болашақта әсерлі де қызықты әңгімесінің арқауы болары анық. Біз оқытушылар студенттің әрбір күні мереке деп санасақ та, олардың күнтізбеде белгіленген арнайы мерекелері бар. Ол халықаралық студенттер күні. Бүгінгі мақаламда осы атаулы күнге қатысты ҚазҰУ-де оқып жүрген білімді, талантты, жан-жақты, өнерпаз студенттердің өткізген кеші жайлы жазғым келді.

Қараша айының 17-жұлдызында «Айналанды нұрландыр!» университет жобасы аясында Қазақ Ұлттық университетінде Филология факультетінің Шет тілдері кафедрасының оқытушыларының ұйымдастыруымен халықаралық студенттер күніне арналған «Ең тәтті студенттік өмір» атты іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараға ақпараттық технологиялар факультетінің барлық мамандықтарының 1-курс студенттері белсенді қатысты.

Іс-шара толықтай ағылшын тілінде өткізілді студенттер семестр бойы ағылшын тілінен алған білімдерін өз өнерлері арқылы және тілдік викториналар, кроссвордтар толтыру арқылы көрсетіп, кешті ойын-сауықпен ұштастырды. Іс-шара барысында студенттердің түрлі аспаптарда өлең айтып, күй шертіп, пародиялар мен қызықты көріністер қойып, шуақты көңіл күй сыйлағанына оқытушылар, көрушілер және арнайы қонақ ретінде шақырылған шетелдік студенттер де риза болды. Кешті шет тілдері кафедрасының аға оқытушылар тобы ұйымдастырды. Кеш соңында Михальченко Елена Николаевна студенттерді мерекелерімен құттықтап, оларға жақсы тілектерін арнаса, Гайипова Гулипа Абдырайимовна студенттерге осындай көңілді күн үшін рақметін айтып, кешті қорытындылады.

Осындай шуақты күндерің көп болсын біздің сүйікті студенттеріміз. Өмірде де, білім алуда да, өнерде де жолдарың болсын!!!

ҚазҰУ, Филология факультеті, Шет тілдері кафедрасының аға оқытушылары
Г.Гайипова, Б.Н.Бекмашева

EDUCATIONAL EVENTS ENCOURAGE STUDENTS TO LEARN FOREIGN LANGUAGES

Today, the learning of foreign languages is becoming a very popular educational trend. Universities try to organize language courses to motivate their students to study languages thereby enriching their cultural horizons, to launch new programs on Academic Mobility and to make international agreements with the other universities within the framework of research and educational cooperation. All these measures are aimed at encouraging young generation to learn foreign languages. However, some universities have chosen other ways how to motivate their students to learn foreign languages. This is the organization of educational events through which students can improve their language skills and broaden their minds. This way of motivation is widely-used by the teachers of the Department of Foreign Languages of Al-Farabi Kazakh National University. This department has been conducting various educational events for many years involving many students not only from Al-Farabi Kazakh National University but from other universities of our country, far and near abroad. Due to the long-term educational laborious work of the teachers of this department the trend of learning languages through educational events gained a huge popularity in all post-Soviet space.

On November 18, 2022 the senior lecturers of the Department of Foreign Languages of the Faculty of Philology held an educational event within the framework of "Brighten the corner where you are" project together with the 1-st year students of the Faculty of Chemistry and Chemical Technology, the Faculty of Biology and Biotechnology, and the 4-th year students of the Faculty of History and Archeology. The event took place at the Faculty of Chemistry and Chemical Technology in Room 221. The aim of the event was to develop speaking skills and cultivate the students' feelings of patriotism and love for their motherland.

The event participants prepared very interesting and vivid presentations on the cities of our vast motherland, made the amazing videoclips about the places of interest of each city of Kazakhstan. The students of group Chemistry 109 of the Kazakh Department prepared amazing and humorous speeches accompanied by the vivid musical videoclips. Their speeches were also of an advertising character which made them very memorable and appealing for the audience. The students of the Russian Department of groups: Nano 101 and Chemistry 101 and the students of the Kazakh Department of group: PhMT 102 made very interesting, colorful and informative presentations about the cities of the Northern, Southern and Western Kazakhstan. The event also included the performances prepared by the students studying the German language. They performed German Folk Dance, recited the poem written by Heinrich Heine, the well-known German poet, made the presentation about the cities of Germany and held the quiz on the cities of Kazakhstan. The student studying at the Faculty of History and Archeology presented the video which showed his piano playing of the musical composition: "Für Elise" by Beethoven. The students of group PhMT 101 of the Russian Department also showed their video project in English about the places of interest of the cities of Kazakhstan. The students of groups ChTOS and Food Chemistry showed a small performance as a dialogue about the cities of Kazakhstan and recited the poem: "My Kazakhstan" in English and Russian. The students of group Chemistry 103 of the Kazakh Department performed the National Kazakh Dance "Shashy". The event program also included the songs in German and English and the sport dance performed by the students of the Kazakh Department of groups PhMT 103 and 105. The students of group PhMT 101 of the Kazakh Department sang a song in Russian about the cities of Kazakhstan.

During the event the students were able to demonstrate a good knowledge of Foreign Languages. They could easily formulate their ideas in English and German, ask questions and give clear and right answers. Besides, due to the educational event, the students learned many interesting facts about the cities of their motherland due to which they saw their country in a new light.

The Dean of the Faculty of Chemistry and Chemical Technology, Alina Kulbayeva Galeeva also visited the event. She made a speech for the students. She told about the educational opportunities within Academic mobility program and the main directions of the faculty work. She ended her speech with success-wish words and advised the students to pay more attention to their studies and learning foreign languages which are the key component of a future specialist success.

The event was ended with the speech by Muldagalieva Aizhan Aidyngalievna, the associate professor, candidate of philological sciences. She praised the students for their magnificent performances and made an accent on the prominent role of a foreign language competence for a future specialist. At the end of the event organizers treated the participants to sweet things and took a photo together.

The given event gave the students a good motivation for further improvement of their language skills. It also encouraged them to move ahead and not to stop at what has already been achieved.

Makhmetova D.M., Lugovskaiya E.I., Dusanbayeva Zh.
(the 1-st year student, Speciality - Food industry)



Құрметті Сейдін Бизақұлы!

Сізді түркі халықтарының тілі мен мәдениетін зерттеген ғалым ретінде танимыз, құрметтейміз! «Түркі әлемі» газетіне жариялаған еңбектеріңіздің оқырманы көп. Башқұрт, татар, құмық, қарақалпақ халқы мен қазақ халқының ұқсастығын дәлелдейсіз. Бұл өте керек танымдық ақпараттар. Сейдін ағай түркілердің түбі бір екенін келешек ұрпаққа түсіндіріп келеді. Түркі дүниесі түркітілдес халықтардың баршасына ортақ екенін ұрпаққа насихаттап келесіз. Сіздің еңбектеріңіз құнды әрі өшпес мұра. Бүгінгі 85 жылдық мерейтойыңыз құтты болсын! Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат тілейміз! Отбасыңыз аман болсын!



Қараша айында 75 жасқа толған Жанат АБДУРАХМАНОВАНЫ мерейтойымен құттықтаймыз!

Әрқашан Алланың назарында, бақыттың базарында болыңыз! Сізге сарқылмайтын денсаулық, таусылмайтын бақыт тілейміз! Туған-туыс, дос-жаранның ортасында күндей жарқырап, күліп-ойнап, жүзіңізден мейірім нышаны кетпей, нұрыңызды шашып, Аналық бақытқа кенеліп жүре беріңіз!!!

Ізгі тілекпен, Түркі халықтары мәдени қоры және «Түркі әлемі» газетінің ұжымы



Ф.К., аға оқытушы, түркітанушы Ерғали Есбосын және Кастамону Университетінің профессоры, ф.ғ.д., түркітанушы Мехмет Қылдырғелу

Ал Кореяның Білім министрлігінің жолдауымен келген волонтер-оқытушы Бе Мунки мырза өз қызметіне осы жылдың 1-қыркүйінен бастап, қазір де қазақ студенттерінің «жақсы көретін» шетелдік оқытушысына айналған.

АЛЫС ТА ЖАҚЫН СТАМБҮЛ

Шығыс филологиясы және аударма кафедрасында шығыс тілдері ішінде түрік тілінің алатын орны ерекше. Мұның басты себептерінің

аға оқытушысы Ерғали Есбосын. Ол 2021 жылы Түркия Республикасы Ғылым академиясы жариялаған «Түркітану ғылымына қолдау» Халықаралық грант жобасы аясында «Мехмет Акиф Ерсой еңбектерін аударуда лексикографиялық еңбектердің рөлі (Сафахат топтамасынан Асым поэмасының қазақша аудармасы) – Mehmet Akif Ersoy'un Eserlerini Aktarmada Leksikografik Çalışmaların Rolü (Safahat Künyesinden Asım'ı Kazakçaya çevirme)» тақырыбындағы ғылыми жобасын бастап, тиянақтау үшін Кастамону қаласында ғылыми іссапарда. Ғылыми жоба Кастамону университеті, Гуманитарлық ғылымдар факультеті, түрік тілі және әдебиеті қазіргі түркі тілдері кафе-

драсында орындалу үстінде. Түрік тарапынан ғылыми жетекші – доктор Туба Далар (Dr. Tuğba DALAR), ғылыми кеңесші – факультет деканы профессор доктор Мехмет Серхат Иылмаз (Prof.Dr. Mehmet Serhat YILMAZ). Біз әріптесіміздің шетелдік іссапарына сәттілік тілейміз.

БАРМАСАҢ КЕЛМЕСЕҢ...

2022–2023 жаңа оқу жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Шығыс филологиясы және аударма кафедрасы үшін әдеттегідей қарбалас жұмыс пен тығыз оқу бағдарламаларымен басталды. Кафедра шағын болғанымен ағылшын, неміс, француз, қытай, түрік, ұйғыр, араб, кәріс пәндері негізгі оқу бағдарламасы санатында оқылатындығынан, тиісінше, шетелдік әріптестермен байланыс та осы бағытта жүріп жатты. Ал шетелдік профессорлармен тығыз қарым-қатынас орнатып, студент, магистрант пен докторант қауымының сұраныстарына орай лекция оқыту қашанда алдыңғы қатарлы мақсатта болды. Жаңа оқу жылында бұл істі бірінші болып кәріс тілі оқытушысы Натали Нам бастап кетті. Университетімізге 2022 жылдың 4-қазанында Корея Республикасының Хонам университетінің делегациясы ресми сапармен келді. Делегацияның құрамында Хонам университетінің ректоры Хонам Пак Сан Чоль, Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректоры Сон Ван И, Үздіксіз білім беру институтының директоры Чоэ Ён Хва, Корея тілі институтының директоры Юн Ён, «Волькок» корей мәдениет орталығының басшысы Ким Бён Хак болды. Делегация Абай атындағы Қазақ ҰПУ басшылығымен кездесіп, ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Сапар соңында екіжақты ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Сапар аясында кәріс тілін оқытын студенттер мен оқытушы-профессор құрамына екі күндік ғылыми семинар ұйымдастырылды. Қазір кафедрамызда кәріс тілі студенттері саны арта түсіп, Хонам университеті әкімшілігімен Халықаралық академиялық ұтқырлық мәселесін шешу жөнінде жұмыс атқаралып жатыр. Мұндай жауапты істі кафедрамыздың аға оқытушысы, кәріс, қазақ, орыс тілдерін еркін меңгерген Натали Нам қолға алып, екі ел арасындағы барлық іс-қағаздардың кәріс-қазақ және қазақ-кәріс тіліне көшіруге қатысты жұмысты бастап кетті.

бірі түрік тілі оқу бағдарламасын таңдаған студенттер саны көп. Бұл, әрине, осы тілде білім беретін оқытушылардың еңбегі болуымен қатар түрік үкіметі тарапынан қолдауға ие ЭРАЗМУС, Халықаралық түркі стипендияты, Халықаралық академиялық ұтқырлық сияқты академиялық бағдарламалардың арқасында екендігі айқын. Дей тұрғанмен құжатты нақты іске асыратын оқытушы қауымы екендігін ескерсек Гүлназ Сәтбай, Ерғали Есбосын, Динара Ашимова мен Нұржамал Қоспағанбетова сынды мамандардың еңбектерін атап өту орынды болмақ. Осындай іскерлік және практикалық байланыстардың арқасында үстіміздегі оқу жылының бірінші семестрінде кафедрамыздың «Екі шет тілі: ағылшын тілі», «Екі шет тілі: ағылшын тілі (шығыс тілдері)», «Ағылшын тілін меңгерген шығыс тілі оқытушысы» сияқты оқу бағдарламаларының бакалавр мен магистратура оқушылары Түркияның Ерзинжан, Гиресун, Мұғла, Стамбұл Малтепе, Газиантеп сияқты университеттерінде тілдік және өндірістік практикадан өтіп, қайсыбір топтар шетелдік іссапарын аяқтап келіп жатса, қайсыбірі шетелде білім алуын одан әрі жалғастыруда. Мұндай үдеріс, әрине, бірінші кезекте студент қауымның тыныс-тіршілігіне әсер етіп, олардың оқу үлгерімі мен жалпы дүниетанымына ықпал етеді және қазақ студенттеріне үлкен мүмкіншілік болуымен қатар жауапкершілік жүктейтіндігі белгілі. Бұлар жастардың білімдерін ұштай түсуі мен кітап оқу мәдениетін қалыптастыруына, мәдени және этикалық постулаттарды өз икемдері мен мүмкіншіліктеріне орай меңгеруіне де ықпал етеді. Ал осындай жауапты да күрделі істің басы-қасында жүрген кафедрамыздың аға оқытушысы Динара Ашимова.

Бұл атындағы Қазақ ҰПУ студент қауымына қатысты болса, енді академиялық мақсатта шетелде ғылыми іссапармен жүрген оқытушылар жөнінде де айта кетпекшіміз. Солардың бірі, Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының

дасында орындалу үстінде. Түрік тарапынан ғылыми жетекші – доктор Туба Далар (Dr. Tuğba DALAR), ғылыми кеңесші – факультет деканы профессор доктор Мехмет Серхат Иылмаз (Prof.Dr. Mehmet Serhat YILMAZ). Біз әріптесіміздің шетелдік іссапарына сәттілік тілейміз.

АЛМАТЫНЫ СҮЙГЕН ЕКІ ПРОФЕССОР


2022 жылдың 3-қазанында филология ғылымының докторы, профессор Ердоған Алтынқайнақ (Prof.Dr.Erdoğan Altınkaynak) шетелдік ғалымдарды шақыру бағдарламасы аясында Филология институты Шығыс филологиясы және аударма кафедрасына ғылыми іссапармен келді. Ғалым, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Филология институты студенттеріне, магистранттарына және PhD докторанттарына дәрістер курсы оқу, семинарлар, ғылыми кеңестер және шеберлік сабақтарын өткізді. Атап айтқанда үстіміздегі жылдың 18-28 қазан аралығында «Қазақстан мен Түркия елдерінің достық қарым-қатынасын нығайтуда әдебиеттің маңызы және оны оқытудың ғылыми-практикалық әдістері» тақырыбында ғылыми-практикалық семинар өткізді. Тікелей және онлайн форматта өткен ғылыми семинар 28-қазанда мәресіне жетіп, қатысушыларға тиісті сертификат табысталды. Салтанатты отырыс соңында шетелдік ғалымға құрмет көрсетілді, Абай атындағы Қазақ ҰПУ әкімшілігі атынан Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, жер профессоры Хайрулла Нышанұлы Жанбеков шапан жауып, ілтисат білдірді.

Профессор Ердоған Алтынқайнақ Түркияның танымал түркітанушы-фольклорист ғалымы, халық жыршы-жырауларының жәдігерлерін жинаушысы. Қазақ тілі мен әдебиетінің жаршысы және Түркияда қазақ тілін насихаттаушы азамат. Мұны кезінде Қазақстанда жарияланған «Фараби жылы», «Абай жылы» сияқты

елдерде шашыранды орналасқан және жойылып кету қаупі алдында тұрған ұрұм, қарашай, қырымшақ сияқты қыпшақтанған (қазақтанған) гректер (византиялықтар) туралы және керісінше, Христиан дінінің Православие тармағын қабылдаған қыпшақтар – гагауз елі туралы ғылыми-зерттеу жобаларының жетекшісі болған. Профессор 25 кітаптың, 60-тан астам мақала мен ғылыми жарияланым мен баяндамалардың авторы.

Профессор Ердоған Алтынқайнақ сонымен қатар Алматы қаласының білім-ғылым және мәдени ошақтарына үлкен құмарлықпен баратын, реті келгенде театр мен спектакльдерге, түрлі концерттік бағдарламаларға қатысатын «көрермендігімен» де танымал.

Бауырылас Анадолы елінен келген тағы бір шақырылған профессор – PhD докторы, доцент Веди Ашкароғлы (Doç. Dr.Vedi Aşkaroğlu). Ол Түркияның Гиресун университеті Гуманитарлық ғылымдар факультеті, ағылшын тілі және әдебиеті кафедрасының доценті. Доцент Веди Ашкароғлы Абай атындағы ҰПУ Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының шақыруымен келсе де, Филология институтының Практикалық ағылшын тілі кафедрасы студенттер қауымының талап-өтініштері бойынша лекция оқыды. Түрік ғалымының ғылыми ізденіс саласы «Салыстырмалы әдебиет теориясы: түрік-ағылшын-американ әдеби байланыстары» болғандықтан кафедрамыздың студент, магистрант пен докторанттар қауымына осы бағытты қамтыған тақырыптар жөнінде тыңғылықты мәлімет берді. Веди Ашкароғлы Абай атындағы ҰПУ-не үстіміздегі жылдың 6-шы қазанында келіп, қараша айының 6-да еліне қайтпақшы. Ол осы уақытқа дейін түрлі деңгейдегі семинар, лекциялар ұйымдастырды. Үш кафедра оқытушы-профессорлар құрамы мен докторанттарға арналған ағылшын тілінен RESEARCH METHODOLOGY AND ACADEMIC WRITING IN LITERATURE,



Ардахан Университетінің профессоры, ф.ғ.д., түркітанушы-фольклорист Ердоған Алтынқайнақтың Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті оқытушыларына сертификат ұсыну сәті.



Гиресун Университетінің доценті, PhD доктор, ағылшын тілінің маманы Веди Ашкароғлының Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті оқытушыларына сертификат ұсыну сәті.



Кореяның Білім министрлігінің жолдауымен келген волонтер-оқытушы Бе Мункимырза Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының ұжымымен бірге.



Түркиядан ғылыми іссапармен келген бір топ оқытушы-профессорлар кафедра оқытушыларымен бірге.

LINGUISTICS TRANSLATION AND PEDAGOGY тақырыбында 72 сағаттық шеберлік сыныбын ұйымдастырды. Шеберлік сыныбы 19.10.2022. – 04.11.2022. аралығында офлайн және онлайн түрінде өтті. Шеберлік семинары Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының меңгерушісі, PhD доктор Назым Нұрболатқызы Қоңқабаеваның ұйымдастыруымен іске асып, ағылшын тілін оқытатын кафедралардың оқытушы-профессор құрамының құрметі мен ілтипатына ие болды. Қатысушылар шақырылған профессордың тың тақырып пен өзекті мәселелерді қозғағандығын атап өтті. Ал 3-қарашада өзі оқыған лекциялар бағдарламасы бойынша студенттер арасында «ENGLISH PRONUNCIATION CONTEST» тақырыбында шағын олимпиада ұйымдастырып, үздік оқушыларды анықтап, марапаттады. Бұған Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымының кандидаты Нұржамал Рахымжанқызы Шенгелбаева мен аға оқытушы Ұлпан Ақбердіқызы «аударма мамандығы» атынан атсалысып, студенттердің білімін тексеріп-сұрыптауда белсенділік танытты. Шақырылған профессор Веди Ашқароғлы салтанатты іс-шарада қазақ студенттерінің шет тілдерін оқу, оның ішінде ағылшын тілін меңгеру деңгейі аса жоғары екендігін атап өтті. Өз елімен салыстырғанда Алматы қаласы студенттерінің көптілігі екендігі таңғалдырды, қазақ жастарының екі, үш, тіпті төрт тілді қатар меңгеріп, оған көп мән бере қоймайтындығы, мұның қалыпты жағдай екендігі қатты қызықтырды.

Веди Ашқароғлы да әріптесі Ердоған Алтынқайнақ сияқты Алматының таза да жинақы, кең көшелерін ұнатып, Практикалық ағылшын тілі кафедрасы оқытушылары ұйымдастырған мәдени іс-шара бағдарламасына қуана қатысып

жүрді. Оның ішінде Әбілхан Қастеев мұражайы, М.Әуезов театры сияқты мәдени ошақтармен қоса Көктөбе мен Медеу сияқты көрікті жерлерді үнемі мақтап, дәріптеп жүретіндігін білдірді. Түркиялық екі профессор Алматыға бауыр басып, жақсы көріп қалғандықтарын үнемі айтып жүреміз деп уәде берді. Шақырылған профессорлардың сабақтан тыс мәдени іс-шараларының іске асуында түрік тілі пәні оқытушылары Динара Ашимова, Нұржамал Қоспағанбетова, Гүлназ Сатбай мен арап тілі маманы Рая Оразованың еңбектері мол болды. Ал шақырылған профессорлардың лекция тақырыбы мен тиісті мерзімдегі оқу бағдарламасын Динара Ашимова мен Гүлназ Сатбай дайындаса синхрондық аударманы аға оқытушы Нұржамал Қоспағанбетова іске асырды.

Профессор Ердоған Алтынқайнақ 31-ші қазанда еліне қайтса, шықырылған профессор Веди Ашқароғлы қараша айының 6-да Алматыдан Стамбулға ұшпақшы. Екі профессор да Қазақ елінің досы екендіктерін, өз елі мен университетке келетін қазақ студенттеріне қашанда көмекші болатындықтарын айтумен болды.

Біз де «бармасаң келмесең, жат боласың» деген аталы сөзді еске алып екі бауырлас елдің осындай гуманитарлық, мәдени байланыстары қашанда баянды болсын деген тілек айтпақшымыз.

Біз де, өзімізше, Алматыны сүйген екі түрік профессорына өз ілтипатымызды білдіріп жаттық. Алдағы семестр мен келесі оқу жылында біздің студенттер Түркияға баратындығын, екі профессорды тағы да Алматыда көруге ниетті екендігімізді айттық. Достарға зор денсаулық, шығармашылық табыс тілейміз.

Аға оқытушы
Ерғали ЗИЯХАНҰЛЫ

ҚЫЛ ҚАЛАМЫ ҚЫЛЫШТАН ӨТКІР ШЕРАҒА...

Өзі сипаттаған «Бір кем дүниенің» кетігін тиген жерін тіліп түсер қылыштай өткір тілімен, қыл қаламынан туған сергек ойлы соны дүниелерімен түгендеп отыратын қайран Шераға... Қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосуының бір себебі, менің ойымша, осы бір нар тұлғаны тарпаң тағдырына мойымай, Аймен сырласқан Айша анамыз жарық дүниеге әкелгенінде болса керек. Тілінің ұшындағыны тайсалмай жеткізетін өжеттігі туыстық жағынан Бауыржанның қанына тартыпты, бір деммен оқылатын ерекше туындыларды туғызған қыл қаламның иесі атандырыпты. Бір кем дүниеде орны ойсырап тұрған Шераға...

«Қызыл жебедей» жүрекке дөп тиетін асау ойдың иесі дүниеге бір-ақ рет келетін біртуар азамат еді. Кеңестік Қызыл империяның «қылышынан қаны тамып тұрған» уақытында-ақ еш тайсалмай, есімін құлаққа сыбырлап қана айтуға болатын Тұрардай ұлт асылының ұлы бейнесін сомдап шықты. Сөйтіп, ұлтының жоғын жоқтап, қамын жеген даралығын көрсете білді.

«Бәрі арығын білдірмес, сыртқы жүнін қампайтар» дегендей, шерлі тағдырдың иесі болса да, қамшыдай осып түсер шындығынан айнымай өмір сүрді. Ұлтжанды еді.

Телерадиокорпорацияда қызметте жүрген шағында, тіл мәселесі таразыға түскен бір тұста «Қаруым – қаламым! Қолымдағы қаламды ешкім де тартып ала алмайды» деп айтып салған екен. Сөйтіп, телерадионы уызға теңеп, оны еміп өскен баланың тілі қазақша шығатынына күмән келтірмеген екен жарықтық. «Алтайдың кербуғысы» Оралханды тракторшы болып жүрген жерінен алдырып, талантын танып, жасындай жарқ еткізген де осы Шераға еді. Демек, қазақтың біртуар азаматтарының жарқырап шығуына аз үлес қоспағаны да...

«Қазақстан» ұлттық арнасында «Таңшолпан» атты бағдарлама бар, соның атауын өзінің кейіпкері есімімен байланыстырып бекіткен екен. Қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді қозғайтын тың дүниелердің жарыққа осы бағдарлама арқылы шығуына да Шерхан аз үлес қосқан жоқ. Таңға жақын уақытта жарқырай шығатын Шолпан жұлдыздай ерекше дүниелері халық жадында көмескіленбек емес, нұр құя түсері анық.

Қорытындылай келе, Шерхан өз қаламынан туған кейіпкерлер арқылы дәуір бейнесін жасай алды. Ол иірімі терең, болмысы бөлек, бітімі ерек тұлға болатын. Шерхан дүниетанымы жықпыл-жықпылы мен құпиясы мол қатпарлы дүние болып қала бермек.

Алматы қаласы Түркісіб ауданы
№107 лицейдің қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі
Надырбекова А.Ж.



ЫСТЫҚ ҰҚЫЛАС, ЖЫЛЫ КЕЗДЕСУ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басшылығы мен жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің ұжымы 2022 жылдың 3 қарашасы күні Монғолиядағы Баян-Өлгей аймағының әкімі Бақытжан Дәлелұлымен кездесті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы келген Бақытжан Дәлелұлы университетте білім алып жатқан монғолиялық студенттермен кездесіп, студенттердің жай-күйімен танысып, университет ұжымына ризашылығын білдірді. Сонымен қатар, Монғолияның барлық аймақтарында тұратын жастарды әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім алуға жіберуге ат салысатынын айтты.

Факультет деканы С.Қ. Суатай факультетте Монғолиядан келген білім алушылар жақсы оқумен қатар, университеттің қоғамдық шараларына да белесене қатысатынын атап өтті. Кездесуге жиналған қауым монғолиялық білім алушылардың дайындаған шағын концерттік бағдарламасын тамашалады. Кездесу соңында факультет деканы Бақытжан Дәлелұлы мырзаға университет атынан сый-сияпатын табыстап, алғысын білдірді.

Бақытжан Дәлелұлы кездесуден кейін жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде білім алып жатқан монғолиялық тыңдаушылармен естелікке суретке түсті. Тыңдаушылармен қиамастық сезіммен қоштасып, жақсы оқып, ары қарай оқуларын Әл-Фараби университетінде жалғастыруына тілектестіктерін білдіріп қоштасты.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің
аға оқытушылары: Г.А.Тилеужанова, Г.Е.Сапаева

THE FAIR "GOLDEN AUTUMN" WAS HELD IN KAZNU

Organized by the leadership of Al-Farabi Kazakh National University in honor of the day of the Republic of the country. The fair "golden autumn" was celebrated with an exhibition from each faculty being organized for this grand event. This event was attended by students of various startup ideas, an exhibition of vegetables and fruits, national dishes of different countries, Kazakh National drinks and various crafts. On the big stage in front of the Al - Farabi Library, our young students demonstrated their skills. The management of the University visited the exhibition and took pictures with students. Chairman-Rector of the management board Zh.K.Tuimebayev visited the textile products of the craft circle "Zhas sheber" (young masters) presented by the Department of pre-university training and gave a high assessment. Moreover, Foreign students members of the faculty spoke with the head of the University followed by taking a group photo at the end.

The Golden Autumn Fair, held in alma mater, demonstrates a fruitful year. We are grateful to KazNU for the high level of holding this event!

Sarayeva G.E., Tileuzhanova G.T., Nussupbaeva S.A.
Chair of Pre-University Training, KazNU.

СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Кез келген елдің болашағы – оның халқының денсаулығына байланысты екендігі дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Ал біздің болашақтағы бағытымыз – салауатты өмір салты. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дегенді өсіп келе жатқан ұрпақтың санасына сіңіріп, олардың өз денсаулығына деген жауапкершілікті қалыптастыру баршаның борышы.

«Спорт денсаулық кепілі!» қағидасын берік ұстанған Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының «Старт» кулбының ұйымдастыруымен жастарды спортқа бейімдеу мақсатында л-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Спорттық-сауықтыру кешені» Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетіне әр елден келген тыңдаушыларға танымдық-тәрбиелік саяхат ұйымдастырды.

«Спорттық-сауықтыру кешені» университет қызметкерлері мен студенттерін денсаулығын жақсартумен айналысуға қамтамасыз етеді. Кешеннің жалпы аумағы 7250 шаршы метр. Жеке база жалпылық спортты көтеруге үлкен әсер етеді. Алғашқы жетістіктер де жоқ емес. Боксер, волейболист, баскетболист, гимнаст және тағы басқа спорт түрлерінің өкілдерінен спорт шеберлерінің саны артауда.

- 3000 орындық трубиналық алаң (жасыл алаңқайлы футбол алаңы; спорттық ядро; жасанды төсенішті жүгіру алаңы);
- 300 орындық трубиналы футбол-бейсбол алаңы; жасанды төсенішті мини-футболға арналған 3 алаң;
- 2 спортзал (әрқайсысының аумағы – 680 шаршы метр.
- 6 ашық теннис корттары;
- жағажай волейболы алаңы;
- атлетикалық гимнастика және аэробикамен айналысуға 2 зал;
- фитнес-зал;
- жалпы күрес, бокс, күрес залы (күрес кілемі, татами);
- ЕДШ үшін дайындық залы;
- шахмат залы;
- арнайы медициналық топтағы студенттер үшін 2 зал;
- емдік шынықтыруға арналған зал;
- 2 оқу аудиториясы.

Спорт кешеніндегі бұлардың барлығы студенттерді алаңсыз спортпен шұғылданып, денсаулығын шыңдауға көмектеседі.

Қорыта келе айтарымыз, шетелден келген тыңдаушылар осы спорт кешеніне жасаған таныстыру саяхатынан кейін күрес, самбо спорт жарыстарына қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Спортшылардың бұл жеңістері басқа да балалардың қазіргі уақытта спорттың әр түріне деген қызығушылықтарын арттырып отыр.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының
аға оқытушылары
Г.М.Мужигова, С.А.Нусупбаева, Ж.Б.Саткенова

АЛМАТЫНЫҢ СИМВОЛЫ – «КӨКТӨБЕ»

Көктөбе – Іле Алатауының бөктерінде орналасқан көз тартарлық сұлу жер. Алматы қаласының әсем жерлерін сипаттағанда бірінші болып Көктөбе көзге түседі. Тау сілемдерінің биік шоқысы Көктөбенің әр бұрышы тарихтан сыр шертеді. Әлемдік рекордтардан көш бастап тұрған Алматы әсем қаламыздың көркіне көрік беріп тұрған Көктөбенің сұлу келбетінің өзі бір төбе. Осындай көркем табиғаты мен тәнге қуат беретін тұнық ауасын шетелден келген қандастарымызға көрсетіп мақтанғмыз келді. Табиғатты аялауды насихаттау мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының куратор-эдвайзерлері шетелдік студенттерге Көктөбенің көркін тамашалауға саяхат ұйымдастырды.

Іле Алатауының бөктерінде орналасқан Көктөбедегі телемұнараның өзі әлемдегі ең биік деп саналады. Мұнара 10

балдық жер сілкінісіне де төтеп бере алатындай беріктікпен салынған. Сондай-ақ мұндағы аспалы жол да ел және жаһан жұрты асыға келетін орынға айналған. Бұл аспалы жолдың ұзындығы 1620 метр. Ал үстіңгі және төменгі станциялардың биіктік айырмасы 250 метрді құрайды. Сонымен қатар ағылшындық The Beatles тобына арналған мүсіндер ТМД елдеріндегі екінші ескерткіші. Ал әлем бойынша Көктөбеде ғана The Beatles тобының құрамы толық жиналған монумент бар.

Шетелдік студенттерді көркімен тамсандырған осы бір Шаһардың бейнесі, алақандағыдай көрінетін Көктөбенің көркі ертегі әлеміндегідей әсер қалдырды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық
кафедрасының аға оқытушылары
Г.М.Мужигова, С.А.Нусупбаева, М.Н.Ибрагимова

«БІЗ – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАСТАРЫМЫЗ»

Студенттер сарайында өнерлі жастарды қолдау мақсатында «Біз – жаңа Қазақстанның жастарымыз» атты фестиваль әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде www.kaznu.kz ұйымдастырылып, студенттер арасында жас таланттардың өнер жарысы жобасы өтті. Бұл жобаның негізгі мақсаты университетімізде білім алып жүрген талантты жастарды қолдау. Аталмыш байқауға қатысуға 2000-ға жуық студент өтініш білдірген. Ақтық сынға жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан іріктеу кезеңдерінен сүрінбей өткен 14 факультеттің жеңімпаздары қатысты. «Біз – жаңа Қазақстанның жастарымыз» атты байқауда өнерлі жастар «Эстрадалық ән», «Дәстүрлі ән», «Халықтық би», «Заманауи би» «Классикалық би», «Музыкалық аспаптарда ойнау шеберлігі», т.б. аталымдары бойынша марапатталып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры Ж.Қ.Түймебаевтың бас жүлдеге 3 көлемдегі шәкіртақы, 1-орынға 2 көлемдегі шәкіртақы, 2-орынға 1 көлемдегі шәкіртақы, 3-орынға ҚазҰУ спорт-сауықтыру лагеріне Ыстық көлге жолдамасымен марапатталды.

Өнерлерімен тәнті етіп, байқауда ерекше көзге түскен студенттер өздерімен қоса факультеттеріне де жеңіс әкелді. Осындай жеңістің туын желбіреткен өнерлі жастардың ішінде Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің 8 топ тыңдаушысы Хайрол Ахгүл (Монғолия) «Farabi dance» бишілер байқауының «Соло биі» номинациясы бойынша бас жүлдені қанжығаласа, 6 топ тыңдаушысы Әбдіхалел Бейбіт (ҚХР) «Farabi dance» бишілер байқауының «Соло биі» номинациясы бойынша ІІ-орынды иеленді. Атамекенге келіп, факультетімізде білім алып отырған өнерлі жастарға қолдау білдіру мақсатында бізде келдік, жүлделі орын иеленген студенттердің қатарынан өз тыңдаушыларымыздың да бар екенін естігенде төбеміз көкке жетпей қуандық. Бұл біздің факультетіміздің қуанышы!

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық
кафедрасының аға оқытушылары
Ж.Б.Саткенова, Т.М.Буланова, Ж.Қ.Дауытова

ҮЙІРМЕНІҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ – ЖАСТАРҒА САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІ САНАЛЫ ТӘРБИЕ ІСІМЕН ҰШТАСТЫРУ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – еліміздің ғана емес Орта Азия мен Түркі елдерінің білім-ғылым кеңістігінде флагманы болып отырған қара шаңырақ. Отандық озат білім ордасында оқуды тек қазақстандық жастар ғана арман етпейді, тағдырдың тәлкегімен төрткүл дүниенің түкпір-түкпіріне тарыдай шашылған шетелдік қазақтың жастары да атамекенде ана тілімізде білім алсақ деп армандайды. Біздің университеттің ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетіне білім алу үшін Моңғолия, Түркия, Қытай, Ресей, Өзбекстан, Түркіменстан, Иран, Ауғанстан, Арабия, тағы да басқа әлемнің алыс және таяу шетелдерінен қазақ жастары келеді, олар екі бағытта: мемлекеттік грантпен және ақылы түрде (толығырақ ақпаратты <https://www.kaznu.kz> сайтынан біле аласыз) білім ала алады. Қазақстан Республикасының ЖОО-ларына түсу үшін, әрине, қазақстандық жастар секілді олар да Ұлттық бірыңғай тест сынағын тапсыруы қажет. Барлық мемлекет бірдей стандартпен білім бермейтіні аян. Сол себепті шетелдік қазақ жастары білім жолын қазақстандық жалпы орта білім беретін мемлекеттік стандартқа сай оқытатын біздің ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасынан бастайды. Кафедра сапалы білім беру жұмысы саналы тәрбие беру ісімен ұштастырыла жүргізіледі. Осы мақсатта кафедрада үйірмелер мен клубтар жұмыс істейді. «Жас талап», «Жауқазын» үйірмелері былғы 2022-2023 оқу жылындағы кезеңді өз жұмысын факультет тыңдаушыларына – еліміздің білім беру жүйесі әлемдік білім беру нарығында бәсеке-келестікке қабілетті екендігін көрсету және университетіміздің отандық білім беру саласында жоғары оқу орындарының көшбасшысы екенін насихаттаумен қатар, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының интеллектуалды әлеуетінің жоғарылығын, экономикасының қарқынды дамып келе жатқан өркеніетті, зайырлы мемлекет екендігі туралы шетелдік азаматтарға жағымды көзқарасын қалыптастыру және атамекенін Отанымды деп танып, еліміздің игілігі үшін қызмет етуге шақыру, шетелдік қазақ жастарына азаматтық-әлеуметтік патриоттық тәрбие беру мақсатында қазан айында «Атамекен – алтын бесік» атты мәдени шараны ұйымдастырумен бастады. Еліміздің жарқын болашағы – білімді де білікті, әлемдік білім-ғылым кеңістігінде, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жастар. Ұстаздардың қасиетті парызы – жастарға терең де сапалы білім, саналы тәрбие беру. Бүгінгі білімді жас – ертеңгі білікті маман, сондықтан да факультеттегі білім алушы жастарға терең білім берумен қатар, саналы тәрбие беруді басты парызы санайтын ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының ұстаздар ұжымы қазақ тілі пәнінің аға оқытушысы Р.Т.Наралиеваның бастамасымен кафедра жанынан «Жас талап» үйірмесін ашты. Үйірме

еліміздің білім және ғылым министрлігі мен университеттің ережелеріне білім беру стандартын басшылыққа ала отырып, өз жұмысын ұйымдастырады. Еліміздің толеранты келбетін, бейбітшілдікті сүйгіш сипатын насихаттай отыра, білім алушы әрбір жасқа өз қабілетіне қарай жеке тұлға болып қалыптасуына көмектесетін кәсіби бағдар беретін бейіндік сабақтарды өткізеді. Үйірме мен клубтың ашылу салтанатын кәсіби бағдар беруге арналған «Мамандықтың бәрі жақсы» атты бейіндік сабақты ұйымдастырумен бастайды. Себебі елімізге білім алуға келген шетелдік азаматтар ең әуелі дайындық факультетінде тілдік дайындықпен қоса таңдаған мамандығына орай негізгі пәндерден сабақ оқиды. Мамандығы туралы нақты ақпарат алу осы жұмыстың қыры мен сырын және осы кәсіптің басымдығын, приоритетін түсінуге себепші болып, жастарға мамандығын дұрыс таңдауға көмектеседі деп ойлаймыз. Сонымен қатар біздің үйірме жастарды шығармашылық қабілетін дамытуды, оларды креативті ойлауға, ғылыми ізденіске жетелеуді, өз бетінше жұмыс істеуге баулуды мақсат етеді.

Осы мақсатта қызықты сабақтар, тренинг-семинарлар, викториналар білім сайыстарын – брейн-рингтер, шығармашылық байқаулар өткізуді ұйымдастырады. Үйірмеіміздің ұраны: «Оқы, ізден, еңбектен, Жас ұрпақ!»

Ұстанымы: «Арамызда артта қалушылар болмасын» деген мұратпен кафедрада білім алушылар арасындағы үлгерім төмендігі секілді сәйкессіздерді түзетуге арналған қосымша факультативтік жұмыстар да жүргізіледі. Әрине, жалаң білім сапалы да, тәрбиесіз жемісті де болмайтындығы бәрімізге де мәлім, сондықтан үйірме өз жұмысын білім саласы мен тәрбие сапасын ұштастыра жүргізуді негізге алады. Осы мақсатта «Кітап – алтын қазына», «Тәрбие басы – тіл», «Саяткерлік – ұлттық рухтың негізі», «Табиғат-анаңды аяла», мәдени-танымдық саяхаттар, кәсіби бағдар беретін бейіндік сабақтарды ұйымдастырады. Шығармашылық қабілетін арттырып, шыңдау мақсатында «Қазақстан шетелдіктердің көзімен», «Атамекенім – айбыным менің», «Мақал-мәтел – сөз мәйегі» атты шығармашылық байқаулар өткізеді. Университет пен факультеттегі іс-шаралардан тыс республикалық, қалалық, тіпті халықаралық байқауларға білім сайыстарына, пәндік олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жатады. Студенттік ғылыми конференцияларға қатысамын деген талапкерлерге ғылыми жетекшілік жұмысын атқарады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары
Наралиева Р.Т., Мужигова Г.М., Нусупбаева С.А.

МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚТЫҢ ИЕГЕРІ, ЕҢБЕК ЕРІ, ЖАЗУШЫ ДУЛАТ ИСАБЕКОВТЫҢ ҚАЗҰУ-ДАҒЫ КӨШБАСШЫЛЫҚ ДӘРІСІНДЕГІ ЖҮЗДЕСУ

Белгілі жазушы, драматург, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, халықаралық «ПЕН-клубы» және платиналы «Тарлан» сыйлықтарының лауреаты Дулат Исабеков қарашаңырақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да <https://www.kaznu.kz> университет басшысы Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевтың бастамасымен көшбасшылық дәріс өткізді. Оқу орнында игі дәстүрге айналған көшбасшылық дәрісті ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, алдымен университет ұжымы мен білім алушы жастардың атынан қайраткер тұлғаны мерейлі 80 жасқа толуымен құттықтады. Сонымен қатар ректор оқу орнының даңқты түлегіне «Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Құрметті профессоры» атағын табыстады.

Тағылымы мол бұл дәріске <https://www.kaznu.kz> университетіміздің оқытушылар-профессор құрамы мен студент жастар, еліміздің алыс-жақын аймақтарынан арнайы келген қонақтар, сонымен қатар Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің деканы филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор С.Қ.Суатай, жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының ОПҚ мен тыңдаушылары қатысты.

XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің қазынасына, қазақ прозасына көркемдік ізденісте олжа салған көрнекті қаламгеріміздің бірі – Дулат Исабековтың шығармашылығы романдары мен повесть, әңгімелерін кез келген буын өкілі қызыға оқиды. Қарымды қаламгердің аты тек елімізде ғана емес шетелдерге де мәлім. Соның бір дәлелі – бүгінгі дәрістегі шетелден келген қандастарымыздың қаламгер ағамызды қызыға тыңдап, шығармашылығы бойынша жарыса сұрақ қоюынан байқалды. Жазушы мен оқырманы арасында әдемі үйлесім мен тартымды диалог сәтті өрбіді. Сондай-ақ қазақ диаспора өкілі Моңғолиядан келген қандас, факультетіміздің 8-топ тыңдаушысы Ақгүл Хайрол «Гауһар тас» фильміндегі Дулат ағамыздың сөзіне жазылған «Келші айым» әнін нақышына келтіре орындап берді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары
Ибраимова Ж.Т., Мужигова Г.М., Нусупбаева С.А.

ШЕТЕЛДІК ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ БІЛІМГЕ - ҮЛКЕН ӨМІРГЕ ДЕГЕН ҚАДАМЫН БІЗДЕН БАСТАЙДЫ

Қысы-жазы ақ көрпе жамылған асқаралы шыңдары аспанмен астасқан заңғар Алатаудың баурайында орналасқан ҚазҰУ қалашығы талай жастың студенттік өмірінің қызықты құпиялы сырын бойына бүгіп жатқандай көрінеді. Осы романтикаға толы ҚазҰУ-да біздің шетелден қандас бауырларымыз, қазақ жастары да білім алуға ынтық. Шетелден келген қазақ жастары білім жолындағы алғашқы қадамын әуелі ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің дайындық курсына оқудан бастайды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында (мәліметпен толығырақ <https://www.kaznu.kz> сайтынан таныса аласыздар) қазақстандық жоғары оқу орнына түсу үшін Болон үдерісі бойынша оқитын шетел азаматтары және ҰБТ сынағына дайындалуға келген шетелдік қазақ жастарымен қатар отандық жастар да ақылы бөлімде де білім алады. Кафедраның ұстаздар ұжымы дайындық курсының тыңдаушы жастарына сапалы білім мен саналы тәрбие беру жұмыстарын ұштастыра жүргізеді. Бізде білім алу үдерісі 9 айдың ауқымында, қысқа ғана мерзімде болса да, тыңдаушылардың уақыты қызықты өтеді: олар кафедра, факультет, университет деңгейінде өтетін әртүрлі іс-шараларға белсене қатысады. Республикалық, халықаралық деңгейде ұйымдастырылған спорттық, пәндік олимпиадаларға, өнер және шығармашылық байқауларға қатысып, жүлделі орындарды жеңіп алып жатады.

Кафедрада «Қош келдің, Қазақстанға!», «Атамекен – алтын бесік», «Тәуелсіздік – тұғырым», «Әлемге ортақ мереке», «Армысың, өз Наурыз!» секілді т.б. ұлттық мерекелер мен халықаралық мейрамдарға, атаулы күндерге орай дәстүрлі салтанатты шаралар, концерттік бағдарламалар өткізіледі. Еліміздің Түркістан, Тараз секілді тарихи тағылымды қалаларына және табиғаттың тамаша сыйы, інжу-маржандарымыз: Шарын шатқалы, Есік көлі, Түрген сарқырамасы, Медеу мұзайдынына, Көктөбеге, Шымбұлаққа, Қайыңды көліне және тағы да басқа көрнекті жерлерге саяхаттайды.

Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі саяси-қоғамдық тынысына, мәдениетіне, салт-дәстүріне бейімдеу және ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, оларды құрметтеуге баулу мақсатына арналған әлеуметтік-тәрбиелік маңызы зор іс-шаралармен қатар тыңдаушыларды ғылым-білім жолына жетелейтін ғылыми семинарлар, вебинарлар, жас ғалымдар конференциясы ұйымдастырылады.

Ағымдағы оқу жылы шетелдік жастар үшін еліміздің әсем қаласы Алматыны таныстыруға арналған мәдени-танымдық саяхат сабағы мен кеңпейіл қазақ халқының қонақжайлылығы мен қайырымдылығын, ұлттық мәдениетін, өркениетті өмір тынысын тереңірек таныстыру мақсатында, Республика күнінің құрметіне орай «Қош келдіңдер, Қазақстанға» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылады. Іс-шараны факультет, кафедра басшылығының жетекшілігімен ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының куратор-эдвайзерлері өткізеді.

Олардың жаңа таныстығы, жаңа достармен кездесуі, білім қуған ізденіс пен романтикаға толы қызықты да жарқын студенттік өмірлерінің алғашқы қадамы осылайша біздің кафедраның қыз-қыз қайнаған өнегелі өмірінен, тағылымды тәлімінен, ұлағатты ілімінен басталады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары
Наралиева Р.Т., Нусупбаева С.А., Мужигова Г.М.

ОБМЕН ИННОВАЦИЯМИ В ОБЛАСТИ ОБРАЗОВАНИЯ

С 2022 года Казахский Национальный Университет им. Аль-Фараби приобрел статус научно-исследовательского вуза, обозначив основным приоритетом для себя подготовку высококвалифицированных научных кадров для создания и внедрения отечественных научных разработок в промышленный процесс. С изменением направленности Казахский Национальный Университет им. Аль-Фараби столкнулся с рядом задач, решение которых требует нового подхода к разработке образовательных программ, ориентированных на потребности рынка труда Республики Казахстан. В связи с этим университет заключил ряд международных соглашений с вузами Европы, России, Азии и США с целью внедрения передового опыта в области разработки образовательных программ. Одним из таких вузов партнеров является SASEM (Швейцарская Школа Прикладных Наук по Экономике и Менеджменту). Целью данного сотрудничества является оказание помощи и содействия в разработке симуляторов и образовательных программ нового формата.

В рамках двустороннего сотрудничества с КазНУ им. Аль-Фараби руководство и ведущие ученые из SASEM решили организовать курсы повышения квалификации для сотрудников и профессорско-преподавательского состава Казахского Национального Университета им. Аль-Фараби. Основными направлениями подготовки являются новые подходы в области управления человеческими ресурсами и карьерный рост, коммерциализация результатов научно-исследовательской деятельности, инновационные подходы к разработке образовательных программ и методам обучения в научно-исследовательском вузе и разработке симуляторов. SASEM считается одним из лидеров в области подготовки высококвалифицированных кадров в области экономики и менеджмента. Благодаря инновационным подходам в области обучения выпускники SASEM могут реализовать себя не только как успешные экономисты-практики, но и как исследователи-ученые, вносящие огромный вклад в развитие экономики своей страны через свои научные идеи и разработки, что является одним из важных качеств выпускника научно-исследовательского вуза. Поэтому КазНУ им. Аль-Фараби остановил свой выбор на SASEM, как на одном из своих партнеров, который реально может оказать помощь университету в подготовке научных кадров нового поколения.

Каждый курс, организованный SASEM, - это сочетание лекции и дискуссионной площадки, на которой ППС с разных факультетов, представители деканатов и департаментов университета могут выразить свою точку зрения по поводу изменений в системе высшего образования, поделиться своим опытом и предложить новые идеи по улучшению образовательного процесса в системе высшего образования. В качестве лекторов выступают преподаватели и ученые КазНУ им. Аль-Фараби, которые ранее проходили подготовку в рамках программы сотрудничества КазНУ им. Аль-Фараби и SASEM. Отбор лекторов осуществляется сотрудниками и профессорами SASEM на основе итоговых результатов по окончании курсов. Весь лекционный материал и программа курса разрабатываются ведущими учеными SASEM. В ходе лекций показываются интересные видеосюжеты с участием преподавателей из разных зарубежных вузов, в которых они делятся своими новыми разработками и технологиями в области обучения. Программа курса была построена таким образом, чтобы слушатели смогли увидеть и представить, как изменялся образовательный процесс стран Европы и США. Для лучшего усвоения нового материала разработчики брали примеры из дикой природы. Они сравнивали процессы подготовки образовательных программ и процессы коммерциализации с волчьей стаей и полетом гусей, где каждый член поддерживает друг друга. Данные примеры использовались разработчиками, чтобы показать преимущества командного метода в образовательном процессе. На каждой лекции слушатели имели возможность познакомиться с нововведениями в области подготовки магистрантов и докторантов. Многих слушателей заинтересовал опыт зарубежных коллег в области преподавания специализированных дисциплин для магистрантов и докторантов. После каждой лекции слушатели делали сравнительный анализ образовательной системы в КазНУ им. Аль-Фараби и в зарубежных вузах. Каждый слушатель смог определить какие элементы из образовательной системы зарубежных вузов подойдут для его симулятора или образовательной программы, какие пути коммерциализации будут более эффективными для его научных результатов и какие методы управления позволят достигнуть более высоких результатов в его научно-исследовательской и преподавательской деятельности.

Благодаря лекциям, подготовленным учеными SASEM, ППС и сотрудниками КазНУ им. Аль-Фараби значительно расширили свой профессиональный кругозор. Ведь каждая лекция представляла собой неизведанный мир образовательного пространства других стран. По завершении курса слушатели приобрели один из важных навыков, который играет большую роль для будущего специалиста, — это умение работать в команде. После всех лекций слушатели должны были написать эссе по одной из пройденных тем на казахском, русском или английском и подготовить в группе из 6 человек проект. Лекторы, оценивавшие проектные работы слушателей, остались очень довольными, так как каждый участник группы смог показать, что он усвоил с данного курса. Особо следует отметить, что при защите проектных работ слушатели активно поддерживали друг друга, показав тем самым дух сильной корпоративной культуры, которая царит в КазНУ им. Аль-Фараби.

Ст. преподаватели
Махметова Д.М., Исабаева Б.К., Несипбаева З.С., Луговская Е.И.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМА – ЖАН АЗЫҒЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында әртүрлі мемлекеттен тыңдаушылар білім алады. Кафедра оқытушыларының алдындағы басты міндеттердің бірі – осы шетелден келген тыңдаушыларды жаңа ортаға бейімдеу.

Осы мақсатта жүзеге асырылатын шаралардың бірі – клуб жұмыстары. Кафедрамызда 2009 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан С.Өшімбаев атындағы «Парасат» жас әдебиетшілер клубы. Клубтың негізгі мақсаттарының бірі – әдеби көркем туындыларды оқытуға дағдыландыру. Көркем әдеби шығармаларды оқытуға баули отырып, олардың рухани дүниетанымының дамуына жағдай жасау. Тыңдаушыларды, олардың шетелден келгендіктері ескеріле отырып, өздерінің төл әдебиеті өкілдерімен, олардың бай мұрасымен таныстыру басты мақсат болып табылады. Осы мақсатқа сәйкес тыңдаушыларды көркем әдебиетке қызықтыру үшін алғышарттар жасалды. Арнайы қағидалар мен жұмыс тәсілдері жасалды. Осы тәсілдердің барлығы тыңдаушылар бойында оқылым дағдысын қалыптастыруға негізделді.

Сонымен қатар кафедрамызда басқа ұлт өкілдері де білім алады. Мысалы, Ауғанстан Ислам Республикасынан келген тыңдаушылар. Бұл мемлекеттен келген тыңдаушылар қазақ тілін үйренуді осы жерден бастайды. Тіл үйренуді жетілдіру мақсатында да клуб жұмысының маңызы ерекше. Шағын мәтін мазмұнымен таныса отырып, олар өздерінің мәтінге талдау жасай білу, оқылым дағдысын қалыптастыру, жағдайға байланысты оқырманды өз пікіріне сендіре білу дағдыларын қалыптастырды. Жаңа сөздермен танысу арқылы, оларды қолданысқа енгізіп, қазақ тілінде өз ойын еркін жеткізетін жағдайға талпынады.

Шығарма мазмұнымен танысу барысында оларға мынадай талаптар қойылады:

- Мәтіндегі жасырын сұрақтардың жауабын іздеңіз. Кітаптағы маңызды ойлар мен оқиғаларды түртіп оқыңыз. Кітаптан нақты мысалдарды іздеңіз.

- Шығарманы оқығаннан кейін шығармадағы автордың айтар басты ойын анықтаңыз. Өзіңізге қиындық тудырған бөлімдерді қайталап оқыңыз. Шығармадан қандай ой түйгеніңізді саралаңыз.

Мұндай шаралардың барлығы тыңдаушылардың ой көкжиегінің кеңеюіне, қызығушылығын арттыруына, көркем туындыны қабылдай білу шеберлігіне, сондай-ақ интеллектісінің қарқынды дамуына жетеледі. Көркем шығармамен жұмыс істеу арқылы тыңдаушылар аз уақыттың ішінде мәтінге талдау жасау, оқыған мәтін бойынша өз ойын еркін де дербес жеткізе білу қабілетіне ие болды.

Қорыта келгенде, көркем шығармалармен танысу арқылы шетелден келген тыңдаушылар бағдарламада белгіленген білімді игеріп қана қоймай, жан-жақты ізденіп, ой-өрісін дамытады.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының
аға оқытушылары
Ибраимова Ж.Т., Г.М. Мужигова, С.А. Нусупбаева**

БЕРЕРІ МОЛ СЕМИНАР-ТРЕНИНГ

2022 жылдың 18-қарашасы күні әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде «Қарым-қатынас жасаудың кезеңдері» атты семинар-тренинг болып өтті. Тренингке Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің оқытушы-профессор құрамын қатысты.

Тренер – ф.ғ.к. доцент, Абылай хан атындағы ҚазХҚЖТУ қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі Қоңырова Ақбота Тұрағұлқызы. Семинар «қарым-қатынас» терминіне анықтама беруден басталды. Қарым-қатынас, құрылысы, қызметі, түрлеріне тоқталды. Жалпы қарым-қатынастың негізгі 3 аспектісіне:

- Қарым-қатынас мазмұны;
- Қарым-қатынас мақсаты;
- Қарым-қатынас құрамына терең талдау жасалды.

Ежелгі Греция мен Ежелгі Римдегі қарым-қатынас мәселесі, оған берілген анықтамалар, осы бағыттағы зерттеушілер пікірлеріне кеңінен тоқталды. Қарым-қатынас – тұлғаның қалыптасуының ең маңызды факторы деп тұжырымдалды. Қарым-қатынастың формаларына:

тікелей, жанама, тұлғааралық, вербалды, вербалды емес түсініктемелер берілді.

Қарым-қатынастың коммуникативті, интерактивті, перцептивті жақтары жан-жақты талданды. Мысалы, коммуникативті түрінде: ақпарат алмасу, ақпарат жету, ақпарат тарату жолдары нақтылы мысалдармен түсіндірілді.

Семинар-тренингтің негізі түйіні – сәтті қарым-қатынас жасаудың тиімді жолдарын сипаттаумен аяқталды.

Бұндай семинар-тренингтердің жиі өтуі еңбек жолында ұстаздық етіп жүрген оқытушылардың әсіресе жас мамандардың тәжірибе мен біліктілікті арттыруға көп үлесін қосары сөзсіз.

Біліктілігі мен тәжірибесімен бөліскен Ақбота ханымға және дәстүрлі түрде өтіп тұратын семинарды ұйымдастырған факультет деканы С.Қ.Суатай мырзаға алғыс білдіреміз.

**Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық
кафедрасының аға оқытушылары
Ибраимова Ж.Т., Мужигова Г.М., Нусупбаева С.А.**

АУҒАНСТАНДЫҚ МАГИСТРЛАР БИОЛОГИЯ МҰРАЖАЙЫМЕН ТАНЫСТЫ

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында тіл үйренуші ауғанстандық магистрлар ағымдағы жылдың 26-қараша күні «Өлкетану» клубының аясында университеттің биология мұражайына барып, мұражайда үш бөлімнен тұратын үлкен көрме залымен танысты. Биомузейдің аға қызметкері Жардамалиева Анар Бахытхалиқызы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің биология мұражайы Республика аумағында ғана емес, ТМД жоғарғы оқу орындарының арасында теңдесі жоқ бірегей мұражай, бұл мекеме университеттің Phd, магистранттар мен бакалаврлар пайдаланатын ғылыми-зерттеу және ғылыми-ағарту орталығы екендігін де айта кетті. Залдағы жәдігерлер биология ғылымының қазіргі тақырып бағыттарына байланысты жүйелі түрде бөлімдерге бөлінгені де айтылды.

Тіл үйренуші магистрлар мұражай залындағы Қазақстанда мекендейтін сүтқоректілердің 6 отрядының

17 тұқымдасының түрлері қойылған, жалпы саны – 92. Құстардың 15 отрядының 41 тұқымдасының 127 түрі қойылған, жалпы саны – 261. Экспонаттар арасында халықаралық (МСОП) және Қазақстанның Қызыл кітабына тіркеліп, қорғауға алынған түрлерімен танысып, кейбір хайуанаттардың Ауғанстанның Памир тауында бар екенін айтып, аға қызметкермен өз ойларын бөлісті. Мұражайдағы барлық экспонаттармен танысып болған соң, мұражай қызметкеріне алғыстарын білдіріп, өте пайдалы мәліметтер алғанына ризашылықтарын білдіріп, мұражай кітапшасына өз қолтаңбаларын дәрі, ағылшын тілдерінде жазып қалдырды.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық
кафедрасының аға оқытушылары
Г.А.Тастемірова, С.А.Нусупбаева, Г.М.Мужигова**

СТУДЕНТТЕР МЕН ТАЛАПКЕРЛЕРДІҢ ЖАҢА ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУЛЕРІНЕ ШАҒЫН КЕҢЕС

Әрқайсысымыз жаңа ортаға түскенде әртүрлі адамдар тобын кездестіреміз. Менің студенттік шағым әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде өтті. Университет қабырғасында жүргенде көптеген жаңа достар тауып, неше түрлі адамдармен қарым-қатынас орната бастадым. Осы адамдардың арасынан күрделі адамдарды да кездестірдім. Қиын жағдайларда осындай күрделі мінезді адамдармен жұмыс жасау кезінде не істеуге болады және мұндай қиын жағдайдан қалай шығуға болады? Осы мәселе бойынша мен өзімнің студенттік тәжірибеммен бөлісіп, студенттер мен талапкерлерге бірнеше кеңестер бергім келеді.

Ең алдымен, «Қиын адам қандай болуы тиіс?», «Қиын адамдар типіне кімдерді жатқыза аламыз?» секілді сұрақтарға жауап алуымыз керек. Күнделікті өмірде біз біреуді жақсы адам деп айтқымыз келгенде, біз ол адамды көбінесе «қарапайым адам» деп бағалаймыз. Ал біз екінші адамды, басқалармен үнемі сөзге келіспей, дау-

дамай тудыратын адамды байқасақ, біз оны «күрделі» деп айтамыз. Бірақ «күрделі адам» деген ол адамның жаман екенін білдірмейді. Біз бұл жерде танымыз күрделілік туралы айтамыз. Біз мінезіміздің күрделілігін түсінбеуіміз мүмкін. Бірақ дәл осы ерекшелікке байланысты кейде басқалармен қарым-қатынас орнату немесе мақсаттарымызға қол жеткізу қиынға соғады. Күрделі мінезі бар адамдар теріс ойлауға бейім, бұл олардың өмір сүру сапасын нашарлатуы мүмкін.

Мысалы, студенттік шағымда ымыраға келу қиындық әкелетін адамдарға тап болдым. Қарым-қатынаста, әрине, жанжалдар болуы мүмкін, онда әркім өз пікірін қорғайды. Бірақ салауатты қарым-қатынас орнату үшін біз екі тараптың да мүдделерін қанағаттандыратын ымыраға келеміз. Егер сіз жиі ымыраға келгіңіз келмесе немесе өзара келісу қиын болса, бұл сіздің күрделі адам екеніңізді білдіруі мүмкін. Сонымен қатар айналасындағылардың берген кеңесін немесе ақылын қабылдай

алмайтын адамдар да болады. Егер сізде күрделі сипат болса, сіз шынайы кеңестерге сенімсіздікпен қарайсыз немесе олардың ойын дұрыс емес деп санайсыз. Сізге кеңес беретін адам мұндай жағдайларды жақсы білсе де, сіз одан да көп нәрсені білетіндігіңізге сенесіз. Және де күрделі адамдар қиын жағдайға тап болғаны үшін басқаларды кінәлауға бейім және оның себебін білмей жатып оларды сөуге дайын тұрады. Бұл адамдарды олармен қарым-қатынастан алшақтатады. Сондай-ақ, жауапкершіліктің ауысуы және мәселелерді тудыру күрделі адамдарда жиі кездесетін теріс ойлаудың белгісі болып табылады.

Осындай қиын адаммен жақсы қарым-қатынаста болыңыз. Себебі, адамдар өзгермейді. Егер сіз осы постулатты қабылдасаңыз, сізде мұндай адамдармен жұмыс жасау оңайырақ болады. Егер сіз адамдарды өзгертуге тырыссаңыз, сіздің күш-жігеріңіз жұмыс істемей тұрған кезде екі жақта да реніш пен ашуланшақтық пайда болады. Бірақ егер сіз адамның ішкі

мәнін қабылдап, онымен жұмыс жасасаңыз, тараптар өздерін түсініп, құрметтей бастайды. Бұл – ынтымақтастыққа алғашқы және маңызды қадам. Сіз неғұрлым батыл әрекет ете бастағанда, адамдар сізге құрмет көрсетеді. Шешуші болудың оңай жолы: өз сезімдеріңізді шын жүректен білдіру, адал болу және сөзіңізде тұру. Мұндай мінез-құлық кез келген қиын жағдайды бірден шешпейді, бірақ оның екі негізгі салдары болады: ол сіздің жұмысыңызда қызметкерлермен туындаған мәселелердің санын азайтады және күрделі адамдармен күресу қажет болған кезде өзіңіз үшін тұруға мүмкіндік береді. Қиын адамдармен қарым-қатынас жасау – бұл қажеттілік, сондықтан сіз оны жасай білуіңіз керек, бірақ өзіңіздің қиын адам болуыңызға жол бермеңіз!

**Бектібай Біржан Жапсарбекұлы
Советова Алуа Саянқызы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Стандарттау және сертификаттау
мамандығы**

ӘДІЛЕТТІ САЙЛАУ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

2022 жылдың 20-қарашасында Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы өтті. Бұл – біздің болашақ дамуымыздың стратегиялық бағытын айқындайтын науқан болды. Елдің болашағына үлкен үміт беретін бұл сайлауды, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті <https://www.kaznu.kz> ұжымы белсенділікпен қатысты. ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің профессор оқытушы құрамы зор ынтымақтастықпен қолдап, жан-жақты түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, өздерінің дұрыс таңдауларын жасауға атсалысты. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Орта Азия мемлекеттері бойынша жоғары оқу орындарының арасында өз имиджін қалыптастырған білім ордасы. ҚазҰУ-ға QS рейтингінің негізін қалаушы және президенті Нунзио Квакварелли арнайы келіп, ЖОО ұжымымен кездесіп қайтты. «Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы-Ректоры филология ғылымдарының докторы, профессор Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев құрметті қонаққа сапары үшін алғысын білдірді. Айта кетейік, ҚазҰУ-ға, Әл-Фараби Азия елдерінің үздік оқу орындарының рейтингінде 44-ші орынға ие болғаны туралы құжатты табыстады. Әлемдік білім беру стандартына бейімделген заманауи білім ордасының басты мақсаты, бәсекелестікке қабілетті кәсіби мамандарды даярлауға ерекше басымдық беруде. Жаңашыл жастардың болашаққа деген сенімдерін нақтылау мақсатында өткен сайлауда барлық Қазақстан азаматының дауысының маңызды екенін ұқты. Президенттік сайлауға барлығымыз бір адамдай қатысып, өз таңдауымызды дұрыс жасап, Қазақстанның болашағына, дамуына, өсіп-өркендеуіне және де ел тағдырына бейжай қарамайтын, ұлт игілі үшін жұмыс істейтін, күшті, ықпалды Президентімізді дұрыс таңдадық.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдың 1-қыркүйегіндегі Қазақстан халқына Жолдауында президенттік мерзімін бес жылдан жеті жылға дейін ұзартуды ұсынды. Бұндай ұсыныс, Қазақстан халқы үшін өте оңтайлы шешім болды. Өйткені, Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғырудың жолына түсті, сондықтан да бұл сайлаудың маңызы айрықша болып отыр. Президенттік мерзімді ұзарту ол – әділетті жаңа Қазақстанды құру үшін, әрбір істің бастамасында мақсат-міндет және нәтиже болатынына сенім білдіреді.

Қазіргі уақытта цифрлы технологияның дамуына байланысты жаңашылдыққа басымдық беріліп, адамдардың өзгеруіне, өзін-өзі өзгертуіне жағдайлар жасалуда. Жастардың азаматтық ұстанымын, патриоттық сана-сезімін жетілдіру мақсатында білім ордаларының қосатын үлесі мол. Қазақстан азаматтарының жақсы өмір сүргенін қалайтын, болашақ жастарды тәрбиелеп, біліммен сусындатып отырған жоғары оқу орындары да, осы сайлаудың мақсаттарын жүзеге асыруға, нәтижеге жетуіне үлес қосуға ниеттерін білдіруде. Ұлттың болашағын саналы білім ғана емес, ұлттық құндылықтары толық қалыптасқан, ұлтын сүйетін азамат та анықтайды. Университетте жастар саясаты жүйелі жолға қойылған. Ұлттық Код тәрбие арқылы іске асады. Рухани жаңғырудың басты шарты-ұлттық Код-ты көзіңнің қарашығындай сақтау. ҚазҰУ нөмірі – бірінші университет. ҚазҰУ әлемнің тұрақты дамуының өзекті мәселелерін шешуде көшбасшы оқу орны. Ұлы ғалым, ойшыл, энциклопедист Әбу Насыр әл-Фарабидің есімін иелену – зор мәртебе. Университет болашақта әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналған үздік білім ордасы болу үшін қызмет атқаруда. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» деген ұстаным айтылған ойды толықтыра түседі.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне <https://www.kaznu.kz> ұнап, қолдап отырған сайлаудағы жоспарларының біріне тоқталып өтсек. Сайлаудың алдына қойып отырған басты мақсаттарының бірі – Қазақстанда әділеттілік орнату және барлық азаматтардың әл-ауқатын көтеру. Мемлекет өскелең ұрпаққа білім беру үшін осы салаға инвестиция құю. Білім саласының барлық деңгейінде қордаланған мәселелер шешімін табады және бала тәрбиесі мен олардың алаңсыз өмірі жіті назарда болатындығына кепілдік беру туралы жоспарлары жаңа мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға негіз екендігіне көздерін жеткізуде. Әділетті Мемлекет, Әділетті Экономика, Әділетті Қоғам құру – ол болашағымыздың айқын болуының кепілі деп білеміз. Қазақстандағы әділетті өткен сайлаудың нәтижесінде Қазақстан халқының үміті орындалып, Қазақстан Республикасының Президенті болып Қасым-Жомарт Тоқаев қайта сайланды. Бұл халықтың өз таңдауын дұрыс жасап, қайта жеті жыл басқаратын Президентімізге бір адамдай қолдау көрсететінін білдіріп отырған халықтың қуанышында шек жоқ.

Еліміздің тәуелсіздігін, тұтастығы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету барлық азаматтың қасиетті борышы.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары
Ө.Д.Сандықбаева, Ж.К.Дауытова, Н.Т.Исаева**

ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫ ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАЖАЙЫН ТАМАШАЛАДЫ

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының «Өлкетану», «Парасат», «Атамұра», «Старт» клубтарының жетекшілері мен топ кураторлары Ж.К.Дауытова, Т.М.Буланова, Н.Т.Исаева, С.А.Нусупбаева, Г.М.Мужигова, В.А.Ғабитова ұйымдастыруымен шетелден келген тыңдаушылар ҚазҰУ қалашығында орналасқан кітапханадағы әл-Фараби мұражайымен танысты.

Әл-Фараби мұражайы – Қазақ Ұлттық университетіне 1991 жылы есімі берілген Ұлы ғұлама бабамыз әл-Фарабидің рухына арналған. Мұражай 2013 жылы 13-сәуір күні университетіміздің ғылыми кітапханасымен бірге салтанатты түрде өз есігін барша қауымға айқара ашты. Мұражай «Көне Отырар – естеліктер қазынасы. Әл-Фарабидің жастық шағы», «Ұлы Жібек Жолы бойымен», «Әл-Фараби. Шығыс пен Батыс сұхбаты», «Әл-Фараби еңбектері – адамзаттың асыл қазынасы. Әл-Фараби және түркі әлемінің ойшылдары», «Әл-Фарабидің рухани мұрасы және қазіргі Қазақстан» деген бөлімдерге бөлінді.

«Көне Отырар – естеліктер қазынасы. Әл-Фарабидің жастық шағы» бөлімінде тоғыз жолдың торабында орналасқан, ортағасырлық Отырардың қайталанбас атмосферасы, кітапханасы бейнеленген. Сол уақыттың шынайы бейнесін беру үшін археологиялық қорық мұражайынан алынған X–XII ғасырға жататын тарихи экспонаттар қойылған.

«Ұлы Жібек Жолы» бойымен бөлімінде Әбу Насыр әл-Фарабидің Шығыс пен Батыс мәдениетін ғасырлар бойы жалғастырушы, әлемдік өркениет тарихындағы маңызды жетістігі туралы айтылды. Қазақ жері арқылы өткен Ұлы Жібек жолының керуендері мұражайды лэд экран арқылы айнала жүргенде, бейне сол ғасырда түйенің үстінде отырып кетіп бара жатқандай сезінесің.

«Әл-Фараби. Шығыс пен Батыс сұхбаты» бөлімінде диарамалар мен ветриналарда Шығыс пен Батыс философиясының бірігуіндегі ойшылдың ерекше орны образды түрде бейнеленеді. Бұл бөлімнің экспозициясында көне грек философиясына қатысты материалдар, әсіресе Аристотельдің көзқарастары үлкен мәнге ие.

«Әл-Фараби еңбектері – адамзаттың асыл қазынасы. Әл-Фараби және түркі әлемінің ойшылдары» атты бөлімінде Фарабидің жаратылыстану мен гуманитарлы ғылымдардың әр саласындағы теңдессіз еңбектеріне арналған. Терең білім мен ғұламалық оны «Екінші Ұстаз» атандырды. Ұрпақтарына 200-ге жуық трактаттар қалдырған, осы трактаттары тыңдаушылар ҚазҰУ кітапханасында таныса алады.

Әл-Фарабидің рухани мұрасы және қазіргі Қазақстан қорытындылау бөлімі болып табылады. Мұнда Қазақстандағы фарабитанудың бүгінгі жай-күйі туралы материалдар қойылған. Ветриналарда қазақстандық белгілі фарабитанушы ғалымдарының – Ақжан Машани, А.Х.Қасымжанов, Ә.Дербісәлі, т.б. көптеген авторлардың еңбектерімен танысуға болады.

Қорыта келе айтарымыз, Жаңа технологиямен жасалған заманауи мұражай тыңдаушылардың көңілдерінен шығып, шетелден келген қазақ жастары өздеріне баға жетпес білім алды деген ойдамыз.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары
С.А.Нусупбаева, Ж.Т.Ибраимова, Г.М.Мужигова**

«АЛТЫН КҮЗ» БАЙҚАУЫ

ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының кураторларының ұйымдастыруымен 26.11.22 ж. күні факультетімізде «Алтын күз» байқауы өтті. Бұл байқаудың мақсаты – шетелден келген қандас шәкірттеріміздің шығармашылық қиялын, ізденімпаздығы мен эстетикалық талғамын, бойындағы өнері мен талантын көрсету. Аталмыш байқауға әр топтан дайындалған 4 жұптан тұратын Ханзада мен Ханшайымы қатысты. Олар: «Өзін таныстыру», «Өз өнерін көрсету», «Қолөнер шеберлігі» атты көрме дайындау сияқты номинацияларда сайысқа түсіп, өте керемет креативті-шығармашылық кеш сыйлады. Байқау соңында әр номинация бойынша жеңімпаздарға марапаттар мен сыйлықтар берілді. Барлық сайыстан жоғары ұпай жинаған жұп Хайрол Ақгүл мен Даутхан Саяхат бас жүлдеге ие болып, күз ханшайымы мен ханзадасы атанды. Байқауға қатысқан жұптар өздерінің әрбір нөмірін дайындауда тынбай еңбектеніп, бар өнерлерін көрсетуге тырысты. Бас жүлдеге ие болған жұп өз өнерлерін көрсетуде домбырамен сүйемелдеп моңғол биін билесе, Саяхат каратэ спортының қимылдарын көрсетіп, өз өлеңін көпшілікке арнады, Ақгүл өзбек биін майыса билеп, соңында испан биін екеуі бірге билеп, бес минуттық әдемі қойылымдарын аяқтады. Факультетке келген алғашқы күннен бастап Ақгүл мен Саяхат факультет, университет деңгейінде өткен шараларда әрқашан белсенділік танытып жүрген тыңдаушылар. Олар «Fagabi-fest», «Super student» байқауларына қатысып, Ақгүл финалға жетіп, гран-при иегері атанып, ақшалай сыйлыққа ие болды. Ақгүл мен Саяхат сабақтарын жақсы оқып, факультеттік шараларға белсенділік танытып, өздерінің еңбекқорлықтарының арқасында көпшіліктің құрметіне ие болып жүр.

Қорытындылай келе, балаларды ұйымдастырып, өнерлерін ашып, сахнада еркін сезінуіне жағдай жасаған ұйымдастырушыларға және белсене атсалысқан топ кураторлары мен тыңдаушыларға керемет кеш сыйлағандары үшін алғыс айтамыз!

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары
С.А.Нусупбаева, Г.Е.Сапаева, Н.Т.Исаева**

ТҮРКІ ДАЛАСЫНЫҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ – ҚАЗАҚ ЕЛІ

«Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті қара шаңырағы. Бүгінгі қазақтың сайын даласынан әлемнің әр түкпіріне тараған түркітөктес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарихи үдерістеріне елеулі үлес қосты» делінген мақалада.

Расында да, Қазақстан географиялық жағынан Түркі әлемінің қақ ортасында орналасқан. Қазақ елінің кең-байтақ даласы көшпенді өмір салтының және сол салт негізінде қалыптасқан түркі өркениетінің төл бесігі. Бүгін түркітөктес елдердің көпшілігінде жоғалып бара жатқан ұлы бабаларымыздың құндылықтары өлі күнге дейін қазақ ортасында сабақты жалғасын тауып келеді. Ендеше, «Қазақ елі – түркі әлемінің орталығы» деген пікір тек қазақтың ұлттық болмысының күшеюіне ғана себеп болмайды, оған қоса өзмізбен бауырлас елдердің де рухани жаңғыруына септігін тигізбек. Басқаша айтқанда, тағдырдың өзі Қазақ еліне маңызды жауапкершілік жүктеп отыр. Қазақтардың өздерінің шежірелі тарихын зерделеп, оған ие болып, ұлттық бірегейлік қалыптастыруы – түркі өркениетінің жиырма бірінші ғасырда жаңа белеске көтерілуінің алғышарты. Сондықтан

Қазақ елінің түркі әлеміндегі орнына жан-жақты талдау жасалып, насихатталуы керек.

Түркілердің атақонысы, шыққан жері, төркіні қай жер екендігі – ғалымдардың арасында осы уақытқа дейін талқыланып келе жатқан мәселе. Жалпы қабылданған түсінік түркілердің Алтай тауынан шыққандығы болса да, басқаша пікірлерді қолдайтын ғалымдар да аз емес. Кейбір ғалымдар түркілердің негізгі қонысы Еділ мен Жайықтың арасы десе, кейбіреулер Тәңір тау мен Арал теңізінің арасы деп айтады. Енді кейбіреулері Орал тауын көрсетсе, түркілердің атақонысы, қара шаңырағы қазіргі Моңғолия аумағы деген пікір де кеңінен тараған.

Түркі мәдениеті тұрғысынан қазақтар солтүстікте Еділ мен Жайық, оңтүстікте Сырдария мен Әмудария жағалауларындағы қалаларда өмір сүргендіктен, далалықтар ретінде түркі мәдениетінің ең саф үлгісін сақтай білді. Сондықтан да қазақтардың әдет-ғұрпы, тілі мен әдебиеті, музыкасы, дүниетанымы, шежіре дәстүрі – нағыз көне түркі өркениетінің жалғасы. Бұлай болуындағы негізгі себептің бірі – XX ғасырға дейін қазақтардың Еуразияның ең соңғы көшпенділері ретінде өмір салтын

жалғастыруы болса керек. Бір қызығы, америкалық ғалым Брюс Привратски бүгінгі Қазақстанның оңтүстігіндегі Ахмет Йассауи жатқан Яссы қаласының «Түркістан» аталуын өзбектер басым болған басқа Орталық Азия қалаларына қарағанда ол жерде түркі мәдениетінің нағыз өкілі қазақтардың басым болуымен байланыстырады. Осы орайда қазақтардың Шоқан жазып кеткендей, исламнан бұрынғы сенім-нанымдарын исламмен ұштастыра білген түркілік исламының өкілдері екендігін айта кеткен жөн.

Қорыта айтқанда, Қазақ елі – түркі әлемінің қара шаңырағы, яғни қасиетті шаңырағы. Қара шаңырақта отырған әулеттің белгілі жауапкершіліктері болатындай, қазақтардың да түркітөктес бауырлары алдында жауапкершілігі бар екендігін ұмытпауымыз керек. Бұл жауапкершілік қазақ халқының өзінің ата мұрасы, тарихи жәдігерлері, тілі мен салт-дәстүріне ие болуды, оларды жаңа заман талабымен үйлестіруді керек етеді. Мықты елдің биік рухы болатынын ескерсек, елдігімізді жаңа ұрпаққа жеткізіміз үшін ата-бабамыздың рухани мұрасына ие болып, оны жаңғырта түсуіміз керек.

Жакипова Мәдина, Тоқтарбай Сәкен

АЛМАТЫДАҒЫ КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫ Бас Консулының студенттермен кездесуі

Қазақстан мен Корея Республикасы арасындағы дипломатиялық байланыстың орнауына биыл отыз жыл толады. Екі ел арасындағы байланыс алғаш рет 1992 жылы 28-қаңтарда орнады. Сол уақыттан бері сауда-экономикалық байланыстан бастап ғылыми-технологияның түрлі саласындағы байланыс жоғарғы деңгейге де өсіп келеді. Екі мемлекеттің арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға және оның ауқымын кеңейте түсуге екі жақ та мүдделі деп ойлаймыз. Қазақстандағы Корея Республикасының елшілігі тарапынан түрлі саладағы стратегиялық серіктестік дамуына жіті көңіл бөлініп отырады.

2022 жылдың 2-қараша күні Корея Республикасы елшілігінің қарамағындағы Корей Білім беру орталығының қолдауымен Алматыдағы Корея Республикасының Бас Консулы Пак Нэчхон корей тілін мамандығы ретінде таңдаған студенттермен кездесу ұйымдастырды. Бұл іс-шарада әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті Қиыр Шығыс кафедрасы студенттері Корея туралы әсерлерімен бөлісіп, корей бөлімін таңдап түсу себептерін айтты.

Кездесуде «Корея. Мәдениет, тарих және білім» тақырыбында Бас Консул Пак Нэчхон дәріс оқыды. Бай корей тарихының жарқын тұстарымен және өзіндік корей мәдениетінің кейбір ерекшеліктерімен таныстырды. Бүгінгі таңдағы корей түбегіндегі қауіпсіз жағдайды орнатудағы Солтүстік Кореямен бірігу тақырыбын да қозғады. Корея Республикасы әрдайым бейбітшілікті қалайтынын, екі ел арасында тезірек түсіністік орнап, бейбіт қарым-қатынастардың болатынына сенім білдіретінін айтты. Сонымен бірге Токто аралының шиеленісіп тұрған мәселесін де көтерді. Қазақстандық корейтанушы сту-



денттер бұл дәріс арқылы өздеріне қажетті құнды мәліметтермен танысты. Кейбір мәселелерге қатысты Оңтүстік Кореяның өзіндік саясаты бойынша түсініктер алды.

Қорытынды сөзді Корея Республикасы елшілігінің қарамағындағы Білім беру орталығының директоры Ким Тхэ Хван алып, Кореяда оқуға арналған әртүрлі гранттар мен бағдарламалар және оларға қойылатын талаптар мен Корея университеттеріне түсу жолдарын таныстырды. Әлемдегі пандемия кезінде екіжақты білім беру жүйесіндегі алмасуларда қиындықтар туғаны белгілі. Сондықтан да шекара ашылып, Оңтүстік Корея үкіметіне берілген білім берудегі мұндай мүмкіндіктер қазақстандық жастардың қызығушылықтарын тудырды.

Қазақстан мен Корея арасында ұзақ уақыттан бері орнаған білім беру саласындағы байланыстар енді одан әрі жандана түседі деген ойдамыз.

Шығыстану факультетінің аға оқытушылары
Б.Ж.Ташкенбаева, З.А.Серикбаева

ФИЗИКА-ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ – ЖОҒАРЫ МҮМКІНДІКТЕР ОРДАСЫ

«Тек соған лайық адамдар ғана, ұлы ашылу жағдайларына тап болады»
Ж.Л.Лагранж

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – еліміздің білім деңгейі, ғылым саласы мен қоғамдық өміріне елеулі үлес қосқан, көпжылдық тарихы бар қара шаңырақ. Университеттің алғашқы факультеттерінің қатарында физика-математика факультеті болды, оның дәстүрінің жарқын жалғасы ретінде физика-техникалық факультеті қарқынды түрде жұмыс істеуде. Факультет қазіргі кезде физика-техникалық кластердің орталығы, оның құрамына әлемдік деңгейдегі физика мен техниканың әртүрлі салаларындағы ғылымды «жасайтын» үш ғылыми-зерттеу институты кіреді.

Соңғы жылдары факультет өте серпінді дамуда, білім берудің барлық деңгейіндегі студенттердің саны, оған сәйкес ғылыми-техникалық жобалардың саны да тұрақты өсуде. Сонымен қатар соңғы технологияларға сәйкес жаңа зертханалар құрылып, ал ескілері жаңартылуда.

Біліктілігі жоғары профессорлар мен оқытушылар құрамының жетекшілігімен дарынды студенттер үш тілде, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде іргелі білім алып, құрылған ғылыми мектептерде жас кезінен бастап қазіргі физика мен техниканың өзекті мәселелерін зерттеуге белсене араласады.

Физика-техникалық факультеті республиканың жоғары оқу орындарында өз саласы бойынша көшбасшы болып табылады, оқытушылар мен студенттер жетекші халықаралық журналдарда мақалаларын жариялайды. Бұл жетістіктердің барлығы факультет қабырғасында еңбек етіп, жұмысын жалғастырып келе жатқан ғалымдардың дарынының, ынта-жігері мен шығармашылығының арқасында ғана мүмкін болды. Нәтижесінде, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің түлектері еліміздің еңбек нарығында өте жоғары сұранысқа ие, олар білімнің кез келген жаңа салаларын белсенді меңгеруге мүмкіндік беретін іргелі білім мен практикалық дағдыларға ие.

Заманауи білімсіз және ғылымды дамытпай, оның нәтижелерін өндіріске кеңінен енгізбей, инновациялық экономиканы құру мүмкін емес. Осы мақсатта факультетте әлемнің жетекші университеттерінің бағдарламаларына сәйкес келетін түбегейлі жаңа оқу жоспарлары әзірленді, идеялардан бастап, оларды жүзеге асыруға дейінгі ғылыми-техникалық зерттеулердің дамуын сүйемелдеуге мүмкіндік беретін инновациялық тізбек енгізілді.

Факультеттің дамуы – еліміздегі ең жақсы білім алуға бағытталған, жаңа білімге ашық, мақсатты, белсенді және өршіл жастарға байланысты екені сөзсіз. Қазақстанның болашағы жастардың қолында! Физика-техникалық факультеті әрқашан жастармен бірге армандарын орындауға дайын, жастар мансабының жетістігі – факультеттің жетістігі!

В.А.Юшков
ҚазҰУ профессоры, ф.м.ғ.д.
А.С.Тлемисова ҚазҰУ
физика-техникалық факультетінің магистранты

ҚАЗҰУ – ӘЛЕМНІҢ ЕҢ ҮЗДІК ЖОО-НЫҢ ҚАТАРЫНДА



Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – Қазақстанның жетекші классикалық университеті мәртебесіне ие, Қазақстан білімі мен ғылымының ірі орталығы, жоғары кәсіби, жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен ғылымның инновациялық дамуының ұлттық көшбасшысы.

Университеттің 88 жылдық аса бай тарихы Қазақстанның академиялық ғылымы мен жоғары мектебінің дамуы

және қалыптасуымен тығыз байланысты. ҚазҰУ-ды еліміздің барлық жоғары білім беру жүйесінің тірегі, білікті мамандар ордасы деуге болады. Университеттің мыңдаған түлектері Қазақстанның және оның аумағынан тыс жерлердегі өндірістің барлық салаларында табысты еңбек етуде.

Университет 180-нен астам гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық мамандықтар бойынша бакалаврларды, магистранттарды, докторанттарды дайындайды және оқу ордасында еліміздің барлық аймағынан келген 20 мыңнан астам студент, сондай-ақ алыс-жақын шетелден келген студенттер білім алады. Екі мың бес жүзден асатын оқытушы-профессорлар құрамының арасында 400-ден аса ғылым докторы, профессорлар, 800-ден астам ғылым кандидаттары мен доценттер бар.

Бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті әлемнің озық, көшбасшы университеттерінің қатарында.

Еліміздің жоғары оқу орындары арасында да көшбасшы университет ретінде таныла отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығын иеленді.

2022 жылдың 8-маусымда жарияланған «QS World University Rankings» жаһандық рейтингі қорытындысы бойынша, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті 150-орынға ие болды. ҚазҰУ әлемнің ең үздік 150 университет қатарына енген Қазақстан мен Орталық Азиядағы жалғыз жоғары оқу орны болып табылады. Сондай-ақ Quacquarelli Symonds (QS) беделді халықаралық рейтингтік агенттігі жүргізген тәуелсіз бағалау қорытындысы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жоғары бағаланып, «QS Stars Rating System» халықаралық рейтингінде «Бес жұлдыз» марапатына ие болды. ҚазҰУ – «Бес жұлдыз» марапатына ие болған Орталық Азия аймағындағы алғашқы және жалғыз жоғары оқу орны.

2022 жылдың 9-қарашасында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне QS рейтингінің негізін қалаушы және Президенті Нунцио Квакварелли, ТМД және Орталық Азия елдері бойынша QS рейтингтік агенттігінің аймақтық директоры Сергей

Христолюбовтар арнайы келіп, университет басшылығы мен оқытушы-профессор құрамын университеттің жетістіктерімен құттықтады. QS рейтингінің негізін қалаушы және президенті Нунцио Квакварелли университетіміздің ректоры Жансейіт Қансейітулына беделді рейтингтегі жоғары позицияларды растайтын сертификаттарды табыс етті.

Сонымен, қара шаңырағымызды «QS World University Rankings» жаһандық рейтингісінің қорытындысы бойынша әлемнің ең үздік 150 университетінің қатарына енуімен; QS рейтингісі бойынша Орталық Азиядағы ең үздік жоғары оқу орындарының арасында 44-ші орынды және «QS Asia University Rankings 2023: Орталық Азия» рейтингісі бойынша 1-ші орынды иеленуімен құттықтаймыз. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің алдағы уақыттарда да әлемдік деңгейде беделінің арта беретіндігіне кәміл сенеміз.

Әл-Фараби Қазақ Ұлттық университеті
Шығыстану факультеті Түрксай
кафедрасының аға оқытушылары:
Г.К.Теменова, А.Ж. Назарова,
Ж.А.Абелдаев

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ



ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Шығыстану факультеті Қазақстанның шығыс тілдерін игерген жоғары білікті мамандар даярлайтын ірі орталығы болып табылады. Университет қабырғасында шығыс тілдерін зерттеу (соның ішінде араб тілі) ХХ ғасырдың 70-жылдарынан бастау алады. Бүгінгі Шығыстану факультеті – жоғары педагогикалық кадрлар жұмыс істейтін, қызықты әрі шығармашылық оқу-тәрбиелік үдеріс жүзеге асатын, ғылыми-зерттеулер жүргізілетін қазақстандық ориенталистика орталығы.

Қазіргі таңда Шығыстану факультетінде Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия, Қытайтану, Қиыр Шығыс және Түрксой кафедраларында «шығыстану», «шетел филологиясы» және «аударма ісі» білім беру бағдарламалары бойынша 8 шығыс тілі: араб, парсы, қытай, корей, түрік, жапон, хинди және ұрду тілдері оқытылады.

«QS World University Rankings» жаһандық рейтингі қорытындысы бойынша әлемнің ең үздік 150 университетінің қатарына; Quacquarelli Symonds (QS) беделді халықаралық рейтингтік агенттігі жүргізген тәуелсіз бағалау қорытындысы бойынша 44-ші орынды және «QS Asia University Rankings 2023: Орталық Азия» рейтингісі бойынша 1-ші орынды иеленген Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті шығыс елдерінің алдыңғы қатарлы, озық университеттерімен де ынтымақтастық қарым-қатынас орнатқан. Вакаяма, Цукуба, Хоккайда, Сонгюнван, Токио Ауылшаруашылық университеті секілді Жапонияның 30-дан астам; Корей Демократиялық Республикасының Чоннам ұлттық университеті, Хангук шет тілдер университеті, Сеул университеті сияқты 40-тан астам; Қытай Халық Республикасының Шанхай, Ланьчжоу, Синьцзян, Хуадунь университеттері және Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия елдері мен Түркия Республикасының Стамбұл, Анкара, Хаджетепе университеттері секілді 20-дан астам университеттерімен екіжақты келісімшарт жасасқан. Осы келісімшарттардың негізінде Шығыстану факультетінің студент, магистрант және докторанттары аталмыш Жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өтеді.

2022–2023 оқу жылында Түрксой кафедрасының 9 бакалавры мен 1 докторанты Түркияның Анкара, Стамбұл, Османгази, Памуккале университеттерінде академиялық ұтқырлық және екіжақты келісімшарт бойынша тілдік және ғылыми тағылымдамадан өтуде. Түркия университеттерінде түрік тілін жетілдірумен қатар, түрік елінің тарихын, мәдениетін жақыннан тануға мүмкіндік алып, білім беру бағдарламаларындағы кәсіби пәндерді түрік университеттерінің білікті профессорларынан тыңдап, ҚазҰУ-да алған білімдерін шыңдай түсуде. Сонымен қатар сол жақта ұйымдастырылып жатқан түрлі шараларға қатысып, еліміздің, университетіміздің танылуына өз септіктерін қосып жүр.

Қазақстан Республикасы ғылым және Жоғары білім министрлігі тарапынан берілген гранттар және ҚазҰУ ұсынған білім беру бағдарламалары мен тағылымдамалар білім алушы жастардың ой-өрісін кеңейтіп, білім мен ғылым кеңістігінде жаңа белестерден өтіп, еліміздің дамып, гүлденуіне үлес қосуларына жол ашары сөзсіз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Шығыстану факультеті Түрксой кафедрасының аға оқытушылары: А.Ж. Назарова, Г.К.Теменова, К.Б. Жанатаева

11-қараша 2022 жылы Түрксой кафедрасы меңгерушісінің орынбасарлары К.Б.Жанатаева және Г.К.Теменованың ұйымдастыруымен «Жаңа Қазақстан – әділетті қоғам» атты дөңгелек үстел өтті. Аталған шараға кафедраның 2, 4-курс студенттері қатысты. Дөңгелек үстел барысында студенттермен «Жаңа Қазақстан дегеніміз не?», «Әділетті қоғамды құру үшін не қажет?» деген сауалдарға жауаптар беріліп, талқыланды. Студенттер қарапайым халықтың мүддесі, биліктің қоғам алдындағы міндеті сынды мәселелерді ортаға салды.

Сондай-ақ студенттер үстіміздегі жылдың 20-қарашасында кезектен тыс өтетін Президенттік сайлауға үміткер ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан – бәріміз және әрқайсысымыз үшін» сайлауалды тұғырнамамымен таныстырылып, тұғырнамадағы әділетті қоғам дегеніміз қолжетімді және сапалы білім, заманауи медицина, әлеуметтік қорғау, ортақ құндылықтар мен мәдениет және жаңа буын екендігі түсіндірілді. Негізі Жаңа Қазақстанды құруда жастарға сүйенетінін мемлекет басшысы кез келген басқосуларда айтып отырады. Мемлекеттің болашағы жастардың қолында. Сол себепті де студенттерге шәкіртақыны екі есеге көбейту қарастырылып отыр. Бұл өз кезегінде еліміздегі жастарды қолдаудың көрінісі. Мемлекет тарапынан жастарға болашақ және әртүрлі бағдарламалар негізінде білім алуға қолдау көрсетілуде. Мемлекет басшысы бүгінде жарқын келешекке

жол ашу үшін еліміздің саяси, әлеуметтік, құқықтық, білім және басқа да жүйелерін түбегейлі жаңғырту мақсатында ауқымды реформалар жүргізгені туралы айтылды. Ең бастысы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет құру» тұжырымдамасы басшылыққа алынып, әділ қоғам құру қолға алынғандығы тілге тиек етілді. Еліміздің әр азаматы әділ қоғам құру үшін белсенділік танытуы керектігі жастарға нақтылап айтылды.

Аға оқытушы К.Б.Жанатаева Жаңа Қазақстанды құруда жастардың орны маңызды екендігіне тоқтала отырып, 20-қарашада өтетін Президенттік сайлауға қатысу – әділетті қоғамды құрудың бастамасы екендігін атап өтті. Өйткені бұл – келешектегі еліміздің дамуын айқындайтын маңызды науқан.

Түрксой кафедрасы меңгерушісінің орынбасарлары Жанатаева К.Б. және Теменова Г.К.



ТҮРКІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ КЕМЕЛ БОЛАШАҒЫ

Өзбекстанның Самарқанд қаласында Түркі мемлекеттері ұйымының саммиті өтті. 2021 жылы Түркі кеңесі Түркі мемлекеттерінің ұйымы болып қайта құрылған еді. Аталмыш жиында осы ұйымға мүше елдердің президенттері кездесіп, түркі әлемінің көкейтесті мәселелерін қарастырды.

Түркі мемлекеттері арасында құрылған ТҮРКСОЙ, ТүркПА, Түрк академиясы секілді ұйымдардың түркі халықтарының саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени өміріне қосып жатқан үлесі мақтауға тұрарлық. Ал Түркі мемлекеттері ұйымының саяси статусы одан да жоғары болуы керек. Өйткені қазіргі гео-саяси жағдайда бұл ұйымның атқарар қызметі орасан. Түркі мемлекеттерінің басын қосып, ауызбіршілікпен ынтымақтасуына бірден-бір кепіл бола алатын ұйымға айналуына барлығымыз да мүдделіміз.

Саммитте Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаев көтерген мәселелердің заманауи мәні зор. Ең бастысы Президенттің «Түркі әлемінің келешегі–2040» құжатын іске асыру үшін жаңа стратегия қабылдануы керектігін баса айтты. Өйткені бұл құжат арқылы түркі мемлекеттері арасындағы қарым-қатынасты күшейтіп, тұрақтылық белдеуін нығайтуға болады.

Әрине, саммитте саяси-экономикалық және әлеуметтік мәселелермен қатар рухани-мәдени өмірімізге де қатысты мәселелер қарастырылды. Соның ішінде 2023 жылы түркі әлемінің ЮНЕСКО-сы саналатын ТҮРКСОЙ ұйымының 30 жылдық мерейтойының жоғары деңгейде және кең көлемде аталып өтуіне баса назар аудару керек деді Президент.

ТҮРКСОЙ ұйымы шын мәнінде өз миссиясын мүлтіксіз орындап келеді. Өнер, мәдениет, әдебиет салаларында түркі жұртының басын қосып, ортақ шығармашылық шаралар ұйымдастыруымен қатар, түркі мәдениетін әлемге танытушы, таныстырушы һәм жарнамалаушы ұйым ретінде де белгілі. Осы ұйымның арқасында қазақтың өнер адамдары: өртістер, суретшілер, мүсіншілер, қолөнершілер, кітапханашылар, музыканттар, ақын-жазушыларымыз шетелде шығармашылық кештер ұйымдастырып, өздерінің еңбектерін таныстыруға мол мүмкіндік алды. Бұл жұмыс әлі де жалғасын табуда.

Жиында Түркі академиясының қызметіне де ерекше тоқталды. Президент академия ғалымдарының Моңғолияда жүргізген қазба жұмысының нәтижесінде маңызды жаңалық ашып, екінші Түркі қағанатын қайта тірілген Құтлық қағанның кешенінің табылғандығын хабарлауы еді. Бұл рухани қазына, өз кезегінде, түркі бірегейлігінің анықталуына зор үлес қосып отыр. Басты мәселе, түркі халықтарының ортақ жазба мұрасын зерттеуге арналған «жол картасын» әзірлеу қажеттігін ерекше атап өтті. Президент түркі әлеміне ортақ құндылықтарды, яғни тіліміз бен тарихымызға қатысты деректерді жүйелеп, ретке келтірудің де маңызды екендігін жеткізді. Осы орайда ғылыми-зерттеу институттарының белсенділігін арттыру керектігін атап өтті.

Осы мәселеге алып-қосарымыз, ғылыми-зерттеу институттары мен Түркі академиясының ортақ жобаларына түркітану кафедраларының мамандарын да тартқан жөн. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті ТҮРКСОЙ кафедрасы ғалымдары осындай ортақ жобаларға дайын тұрған мамандар. Олардың түркі әлемімен ықпалдасуға қосар ғылыми потенциалы жеткілікті.

Түркі ынтымақтастығы идеясы күллі әлемді өзіне аударып жатқан кезде түркі өркениетінің қайта жаңғыруына қолдан келгенше көмектесу әр түркітанушы ғалымның асыл мақсаты деп білеміз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ., Шығыстану факультеті Түрксой кафедрасының аға оқытушылары Ж.А.Абелдаев, К.Б.Жанатаева, А.Ж. Назарова, Г.К.Теменова.

АРДАГЕРЛЕР АЙЛЫҒЫ 01.10-31.10.2022Ж



«Қарты бардың – қазынасы бар», «Қарттарым – асыл қазынам». 1-қазан халықаралық Қарттар күніне орай Алматы қаласының аудандарында қарттар аралық спорт, көркем-өнерпаздар байқауы өтеді. Үлкенді сыйлау салтымыз.

Ендеше, Алатау ауданында 20 шақты ықшам ауданы бар. Алатау ауданының ардагерлер төрағасы Таубалды Сағидулла ата, көмекшісі әрі спорттан қалалық ардагерлердің жетекшісі Тоқмолдиев Нұрқасым ағай. Осы кісілер спорттың жарыстар, көркемөнер байқауын ұйымдастырып, жыл сайын ардагерлер көңілінен шығып отырады. Мен өз анамнан байқағаным жас балаша марқайып, қуанып келеді. Аналарымыз, аталарымыз аман болсын осы кісілер үнемі осындай жадырап жүрсе екен. Зерделі аймағының төрағасы Мәли Жапақұлы көмекшілері Шермұхамбетова Маздақ апай мен анам Тоқтасынова Түрсунхан. Биылғы спорт жарыстары 19.10.2022 ж. бітті. Ары қарай ардагерлер көркемөнер байқауына дайындықтарға қатысып, жалғастырады. Түлегенова Бахытгул апай, ал «Шахмат» ойынынан 1-орын Секербаев Берік ағай, 3-орын Нұрқаев Жұмабай аға, Меңдібаев Жаныс ата 85 жаста бата берді. «Дойбы» (шашки) ойыны бойынша 1-орын анам Тоқтасынова Түрсунхан, 3-орын Досымова Дариға апай алды. «Үстел теннисі» бойынша Түлегенова Бахытгул апай 3-орынды иеленді. Ал «тоғыз құмалақ» ойынынан анаммыз Тоқтасынова Түрсунхан 2-орын иегері болды. Спорт жарыстарының кестесі болады және өтетін орындарын белгілеп қояды. Әр жеңістері үшін «Диплом», заттай сыйлықтарымен марапаттайды. Сонымен қатар анам «Скандинавский ходьбаға» қатысады, марафондардан «грамота» алып жүр. Жетекшісі (тренирі) Ажимолдаева Абзелхан. Қарттар айлығы бір айға созылады, бұл айда ардагерлер ерекше белсене қатысады, көңілдері көтеріліп, бір жасап қалады.

№159 гимназияның бастауыш сынып мұғалімі:
Жуманова Гюльмира Кайроллаевна



Научный деятель, историк и филолог-преподаватель университета КазНУ, НУРЕТТИН ЧАКЫР!

Преподаватель с большой буквы, преподаватель, который своим примером воодушевляет молодое поколение наших студентов к научным поискам, исследованиям. За плечами господина Чакыра, разностороннее образование, как в сфере филологии, так и в сфере истории. Это сочетание двух гуманитарных направлений, дало возможность проведению интереснейших и глубочайших работ из которых стоит выделить: «Война и женщина в 20-ом веке», «Социальные предпосылки женщин-заключенных в лагерях ГУЛАГА в сталинский период», «Виды традиционных запретов в тюркских языках», и многое другое. Отличительной чертой всех работ господина Чакыра является, ракурс взгляда на исследуемую проблему. Во всех работах чувствуется новизна и прочувствованность темы. На базе нашего университета, на кафедре «Тюркской», господин Чакыр был ответственным за проведение образовательно-воспитательных мероприятий. Многие из этих событий были широко освещены и обсуждаемы. Мы уверены наши студенты получили богатый багаж знаний и опыта, с которым щедро делился господин Чакыр. Для университета была честь иметь в рядах своего педагогического состава преподавателя, который являлся ментором и примером. Мы думаем наши студенты будут достойно продолжать переданное им дело. Также в свою очередь желаем господину Чакыру новых свершений и новых научных достижений.

и.о., доцент, преподаватель
кафедры Тюркской: Дулаева Э.З.

ОНКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУЛАРДЫ ДИАГНОСТИКАЛАУ КЕЗІНДЕ ПЭТ ҚОЛДАНУ

Позитронды эмиссионды томография (ПЭТ) – бұл ядролық медицинадағы бейнелеу сынағының бір түрі. Ол қан ағымын, метаболизмді және оттегін қолдану арқылы белгілі бір жағдайларды анықтау үшін дененің әртүрлі тіндерін зерттеу үшін қолданылады. ПЭТ сканерлеуді белгілі бір ауруларды емдеудің қаншалықты жақсы жұмыс істейтінін көру үшін де қолдануға болады. ПЭТ сканерлеу үшін белгілі бір органның немесе тіннің метаболизмін көрсету үшін радиоактивті индикатор деп аталатын аз мөлшерде радиоактивті зат қолданылады. Бұл тест медициналық қызмет көрсетушіге органның немесе тіннің қызметі мен құрылымы туралы ақпарат береді. Ол сонымен қатар оның биохимиялық қасиеттері туралы ақпарат береді. ПЭТ – сканерлеу ағзадағы немесе тіндердегі биохимиялық өзгерістерді анықтай алады, бұл ауруға байланысты физикалық өзгерістерді басқа бейнелеу сынақтарымен көруге болады. Оларға компьютерлік томография немесе МРТ жатады.

ПЭТ-сканерлеу көбінесе метаболизмнің өзгеруі туралы және олардың ағзада қай жерде болатындығы туралы нақты ақпарат беру үшін компьютерлік томографиямен (ПЭТ / компьютерлік томография деп аталады) бірге жасалады. ПЭТ зерттелетін органда немесе ұлпада радиоактивті индикатор шығаратын позитрондарды анықтайтын арнайы камераның көмегімен жұмыс істейді. Радиоактивті индикаторлар метаболизм процесінде белгілі бір орган немесе тін қолданатын химиялық затқа қосылады. Бұл заттарға глюкоза, көміртек немесе оттегі жатады. Мысалы, миды ПЭТ-сканерлеу кезінде фтордезоксиглюкоз (ФДГ) деп аталатын радионуклид жасау үшін глюкозаға радиоактивті зат қолданылады, өйткені глюкоза метаболизм үшін кеңінен қолданылады. ФДГ ПЭТ сканерлеуде кеңінен қолданылады. ПЭТ сканерлеу үшін сканерлеу мақсатына байланысты басқа заттарды қолдануға болады. Егер қан ағымы және ағзаның немесе тіндердің перфузиясы қызығушылық тудырса, радионуклид радиоактивті оттегінің, көміртектің, азоттың немесе галлийдің бір түрі болуы мүмкін. Радиоактивті индикаторлар метаболизм процесінде белгілі бір орган немесе тін қолданатын химиялық затқа қосылады. Бұл заттарға глюкоза, көміртек немесе оттегі жатады. Мысалы, миды ПЭТ-сканерлеу кезінде фтордезоксиглюкоз (ФДГ) деп аталатын радионуклид жасау үшін глюкозаға радиоактивті зат қолданылады, өйткені глюкоза метаболизм үшін кеңінен қолданылады. ФДГ ПЭТ сканерлеуде кеңінен қолданылады.

ПЭТ сканерлеу үшін сканерлеу мақсатына байланысты басқа заттарды қолдануға болады. Егер қан ағымы және ағзаның немесе тіндердің перфузиясы қызығушылық тудырса, радионуклид радиоактивті оттегінің, көміртектің, азоттың немесе галлийдің бір түрі болуы мүмкін.

Юшков Александр, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің физика-математика ғылымдарының докторы
Шахантаева Айдана, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің магистранты

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНІҢ ЖАҢА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Жаһандану дәуірінде біліктілікті арттыру курстары да, мектеп басшылары да, тіпті Білім министрлігіне дейін «ұстаз түрлі әдіс-тәсілдерді меңгеріп, жаңа технологияны игеру керек» деген талап қойды. Нәтижесінде, білім беруші мамандар жаппай қосымша оқуларға барып, сабақты қызықты өткізудің жүздеген, тіпті мыңдаған жолдарын игеріп келді. Нәтижесінде, түрлі ақпараттық технологияларды сабақ барысында пайдалану әдетке айналды. Тіпті онсыз сабақты елестете алмайтындай дәрежеге жетті. Атап өтер болсақ:

- Мәтіндік редакторы-географиялық құжаттарды құру құралы (реферат, таблицалар)
 - Графикалық редактор-шығармашылық сабақтардың жұмысын құру құралы (шартты белгілерді жасау, географиялық план жасау, табиғаттың көрінісі, температураның жауын-шашынның, желдің графигін сызу)
 - Мультимедиялық редактор-сабақта табиғи процестерді құру құралы (геологиялық, климаттық)
 - Презентациялық – елдің, объектінің презентациясын жасау
 - Лазерлік дискідегі географиялық кітапхананы пайдалану (карта, анықтамалық, энциклопедия)
 - Локальдық тестілеу
 - Интернет жүйесіне кіру. Әлемнің кез келген жеріне виртуалды саяхат жасау
- География ғылымы бойынша өзінің интернет-қорын құру; тәжірибе алмасу; тіке-

лей эфирде атақты мұғалімдердің сабақтары

- Электрондық поштаны пайдалану мүмкіндігі. Географиялық ақпараттар жөнінде ой бөлісу, жаңалықтар алмасу
- Білім мазмұнының заман талабына сай болуы

- Қажетті білімді толығымен алу
- Білімді өздігімен меңгеру
- Өзін-өзі бағалау
- Жалған ақпарат алу қаупінен құтылу
- Жалған бағадан арылу

Осылайша, жаңа ақпараттық технологияны пайдалануда оқытудың әртүрлі тәсілдерін пайдалану барысында білім сапасын арттыруға көңіл бөлінеді. Ноосфералық даму кезеңінде география пәні мұғалімдерінің іс-тәжірибесінде оқытудың дәстүрлі әдістерімен қатар, белсенді оқыту әдістері, оқытудың инновациялық технологиялары пайдаланылады.

Бұл технологияның өзектілігі қоғамның ақпараттандыру жылдамдығының артуымен сипатталады. География сабағында жаңа ақпараттық технологияны пайдалану білім мазмұнын жаңартумен, ақпараттық ортаны қалыптастыруымен, сондай-ақ сапалы білім беру мүмкіндігінің жоғары болуымен ерекшеленеді. Дәстүрлі оқыту жүйесінде мұғалім білім беруші рөлін атқарып, оқыту құралы ретінде қызмет атқарады.

Шәкәрім атындағы Семей Мемлекеттік университетінің 2-курс магистранты
Нұрым ЖАСТАЕВ

ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

Қазіргі жаһандану жағдайы әрбір ұлттың өз құндылықтарын берік сақтап, дамытуын, жас ұрпағының болашақта сол мұраларды дәріптеп, қорғауын, сақтауын қажет етуде. Сондықтан бәсекелестік өмір сүрудің басты шартына айналған бүгінгі өзгермелі дүние жағдайында білімнің мәні де өзгерді. Білім мазмұны мен оқыту жүйесінде меңгертілетін рухани құндылықтар әлемі де түбегейлі жаңаруы тиіс. Себебі осы заманғы білім беру мен кәсіптік даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту – бүгінгі таңда білім беру құрылымының маңызды элементтерінің біріне айналуға. Педагогикалық жаңа технологияны ұтымды пайдаланып, физика сабағында жақсы жетістіктерге жету үшін сапалы білім беруге ықпал ететін жаңа технологиялардың бірі сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы бойынша физика пәнінен сабақ жоспарының кезеңдері:

1. Қызығушылықты ояту – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады.

2. Мағынаны тану – үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады.

3. Ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне,

басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әртүрлі кестесін біліп үйренеді. Физиканың негізгі заңдылықтары мен құбылыстарын өмірмен байланыстыра қызықты етіп беру жолдары да қарастырылады. Мұндай тапсырмалар студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларға физика заңдылықтарын өмірде кеңінен қолданылатынын да ұғындыруға мүмкіндік береді. Бұл үлгідегі оқытудың әдіс-тәсілдері студенттердің есте сақтау қабілетін арттырып, оларды жинақылыққа, дәлдікке, шығармашылыққа баулуға көмектеседі деп ойлаймын. Білім беру үрдісінде студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі педагогикалық технологиялар мен әдіс-тәсілдер қолдануда. Соның ішінде студенттің белгілі бір жетістікке жету үшін сабақта табысқа жету жағдайын туғызу. Егер студент өзі қандай да бір жетістікке қолы жетсе, ол қуанып қана қоймайды, онда тағы да алдындағы белестерден өту мақсаты тұрады. Осындай жағдайда оқытушы студенттің қандай да бір жетістікке жетуі үшін төмендегідей жағдаяттарды сабақта жиі қолданса, оқытушы жұмысының жетістігін көруге болады.

Мысалы: 1. «Арбасының дөңгелегін майламаса, арбакештің шайы қайнамайды» деген мақал арқылы мынадай сұрақ қоюға болады:

• арбаның дөңгелегі неге майланады, майламаса не болар еді?

• Бұл жерде арбакеш үйкелістің қандай түрімен жұмыс жасап тұр?

2. «Толқыннан толқын туады, Толқынды толқын қуады, Толқынмен толқын жарысады. Күңіренісіп кеңеспен, Бітпейтін бір егеспен,

Жарысып жарға барысады» – бұл өлең арқылы толқын қалай пайда болады және толқынның бір-бірімен жарысуын қандай заңмен түсіндіруге болады?

3. Мылтықтан оқтың атылуы қандай физикалық құбылысқа мысал болады және бұл жерде қандай физикалық заң ескеріледі?

4. Жанып жатқан керосинді неге сумен құйып сөндіруге болмайды?

5. Алтыбақан және көкпар ойындарында қандай физикалық процестерді кездестіре аламыз? деген сияқты қызықты сұрақтар мен ойындарды пайдалануға болады.

Осылайша, физиканың негізгі заңдылықтары мен құбылыстарын өмірмен байланыстыра қызықты етіп беру жолдарын қарастыруға болады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларға физика заңдылықтарын өмірде кеңінен қолданылатынын да ұғындыруға мүмкіндік береді.

Осы үлгідегі оқытудың әдіс-тәсілдері оқушылардың есте сақтау қабілетін арттырып, оларды жинақылыққа, дәлдікке, шығармашылыққа баулуға көмектеседі деп ойлаймын.

Шәкәрім атындағы Семей Мемлекеттік университетінің
2-курс магистранты М.А.Сұлтанбаева
Жетекшісі п.ғ.к., доцент м.а. М.С.Желдібаева

ВПЕРЕД К НОВЫМ ВЕРШИНАМ ВМЕСТЕ С КАЗАХСКИМ НАЦИОНАЛЬНЫМ УНИВЕРСИТЕТОМ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ

На сегодняшний день Казахский национальный университет им. аль-Фараби является единственным вузом в Казахстане и Центральной Азии, который входит в топ-150 лучших университетов мира в рейтинге QS WUR.

Уникальный кампус университета с завораживающим видом на горы Алатау с каждым годом притягивает к себе все больше желающих обучаться в лидирующем национальном вузе со всех регионов страны. В этой связи, необходимо подчеркнуть, что в КазНУ имени аль-Фараби одними из первых в городе Алматы оперативно была решена проблема нехватки мест в общежитиях с помощью перепланировки помещений, проведения капитального ремонта в общежитиях и привлечения сторонних организаций с целью обеспечения всех необходимых условий для пребывающей молодежи.

Стоит также особо отметить возможности, которые предоставляются университетом для магистрантов и докторантов с целью поддержки молодых ученых в их научных изысканиях. Помимо бесплатного доступа к мировым базам данных, для обеспечения активной научно-исследовательской позиции и продвижения в международное образовательное-научное пространство КазНУ имени аль-Фараби ежегодно приглашает ведущих ученых из стран ближнего и дальнего зарубежья. В свою очередь зарубежные эксперты приобщают студентов к трендам мировой науки повышая научный потенциал молодых умов. Например, этой осенью магистрантам и докторантам филологического факультета представилась возможность встретиться с профессором кафедры ближневосточных языков

и цивилизации Вашингтонского университета (США), доктором PhD Талант Мауқанұлы и профессором Гиссенского университета (Германия), доктором PhD Майклом Рейнхард Гессом прибывших по приглашению заведующей кафедры Тюркологии и теории языка КазНУ имени аль-Фараби, профессора, доктора филологических наук Аваковой Раушангул Амирдиновны. А также в течение месяца в Научной библиотеке Казахского национального университета имени аль-Фараби были организованы лекции выпускника Оксфордского и Кембриджского университетов, доктора, профессора Кристофера Кортена по приглашению кафедры иностранных языков КазНУ имени аль-Фараби. В ходе данных встреч преподаватели, магистранты и докторанты получили практические советы и действенные лайфхаки по выполнению исследовательских работ и написанию научных статей для мировых журналов.

Таким образом, крупнейший научный и образовательный вуз всегда стремится продвигаться вперед к новым вершинам путем консолидации усилий высококвалифицированного профессорско-преподавательского состава, интеграции зарубежного опыта и упорного труда молодых ученых.

Әлиакбарова Айгерім Тілесбекқызы
PhD доктор, старший преподаватель
Кафедры тюркологии и теории языка Казахский национальный университет им. аль-Фараби
Байтлеуова Лаура Аязбекқызы
Докторант 1 курса Кафедры тюркологии и теории языка Казахский национальный университет им. аль-Фараби

СТУДЕНЧЕСКАЯ ЖИЗНЬ В ЛЮБИМОМ УНИВЕРСИТЕТЕ

Студенческая жизнь является одним из самых замечательных и привлекательных моментов в жизни человека. В отличие от школы, студенческая жизнь имеет другой опыт, и человек должен иметь этот опыт в своей жизни. Студенческая жизнь открывает перед нами совершенно новые впечатления, которые мы всегда мечтаем испытать после школьной жизни. Удачливы те, у кого есть шанс насладиться студенческой жизнью, так как многие люди не получают этого шанса из-за разных обстоятельств. Для каждого человека студенческая жизнь имеет разное значение. В то время как некоторые люди проводят свою студенческую жизнь на вечеринках с друзьями, другие становятся более осторожными в своей карьере и усердно учатся. Как бы то ни было, каждый человек наслаждается своей студенческой жизнью и всегда хочет пережить то время, когда оно закончилось.

И школьная жизнь, и студенческая жизнь – самое запоминающееся время в жизни человека, но обе они сильно отличаются друг от друга. В то время как в школьной жизни мы учимся всему в защищенной среде, студенческая жизнь открывает для нас новую среду, где мы должны изучать новые вещи и решать новые задачи самостоятельно. Мы проводим половину своей юной жизни в школе, и поэтому нам комфортно жить в этой среде. Но университет рассчитан только на четыре года, и каждый год ставит перед нами новые задачи и уроки. В школе наши учителя и друзья всегда защищают и охраняют нас, в студенческой жизни мы формируем отношения с нашими наставниками, и они не защищают нас все время, как это делали наши школьные учителя.

В отличие от школьной жизни, в студенческой жизни у нас нет многих ограничений, и только от нас зависит, как мы хотим провести свою студенческую жизнь. В студенческой жизни мы видим новые лица и переживаем уникальную среду, в которой нам приходится смешиваться. Там мы заводим новых друзей, которые остаются с нами до конца жизни. Кроме того, у нас есть шанс построить свою карьеру, принимая правильные решения и усердно учась. Жизнь в университете – это не только учеба, но и общее развитие личности посредством различных видов деятельности и задач.

Говоря о моей студенческой жизни, я наслаждаюсь своей студенческой жизнью в полной мере. Я магистрант одного из самых известных университетов, а именно Казахский национальный университет имени аль-Фараби. Я закончил свой бакалавриат (с отличием) в этом же университете и успела побывать в Поднебесной. Построенный на большей территории, это красивый университет с множеством возможностей.

Студенческая жизнь учит нас многому и укрепляет нашу уверенность в себе, чтобы противостоять вызовам и трудностям в нашем будущем. Вместо того, чтобы просто сосредоточиться на учебе, человек должен участвовать в других мероприятиях и как можно больше влиться в эту среду.

Серікқазы Айым Сырымқызы,
КазНУ им. аль-Фараби, факультет Востоковедения,
Научный руководитель:
Досымбекова Рауан Орикбаевна, Ph.D





Маметова 67 А
Самал-2, д.48

CISC **ADYRNA**
ҮЗБ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

ОНЛАЙН-ТРЕНИНГ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ҚАБІЛЕТ

УАҚЫТЫ: 18 ҚАРАША, 15:00-ДЕ

ЗООМ ПЛАТФОРМАСЫ
СҰРАҚТАР БОЙЫНША: +7 705 192 52 31

НҰРЛАН
НАУРЫЗАЛИЕВ

«АДЫРНА» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ОНЛАЙН КУРС ӨТТІ

Курс спикері белгілі журналист Нұрлан Наурызалиев, шығармашылық қабілетті қалай дамыту қажеттігін үйретті.

Аталған іс-шара ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының тапсыры аясында, "Адырна" және "Ақ тілек" қоғамдық қорының серіктестігінің ұйымдастыруымен өтті. Шараға жұмыссыз жастар, бітіруші студенттер қатысты.

О, ТУҒАН ЖЕР, ҚАДІРІҢДІ КІМ БІЛГЕН?!

*«О, туған жер, қадіріңді кім білген,
Мен қырыңнан теруші едім бүлдірген.
Сенде өткізген артық екен бір күнім,
Басқа жерде той тойлаған мың күннен».*

Мақаламды осы бір керемет өлеңмен бастауды жөн көрдім. Жалпы, адам тұлға болып қалыптасуы үшін не нәрсе қажет? Мінеки, бұл маңызы бар сұрақ. Себебі, егер адам елін сүймесе, оны қадірлеп, қастер тұтпаса, онда ол қанша жерден тұлға болуға тырысса да, ол бола алмайды және оның өзгелер алдында қадірі де болмайды. Қазақ елі кең-байтақ жерімен белгілі. Бірақ сол жерге аталарымыз білектің күшімен жеткенін есімізден шығармаған жөн.

Ал бүгінгі таңдағы мәселе қайсы? Қазақ еліне, жеріне деген патриоттық сезімін қоя тұрғанда тіпті өз тілінде сөйлей алмайтын дәрежеге жетті. Бұның бәрі заман талабы дейміз бе? Жоқ, бұның бәрі сананың осы жаққа бұрылуында. Қазақ тілінде біл-

меу ұят емес, қазақ жерінде тұрып, орыс тілінде білмеу ұят, мінеки, осындай жағдайға келдік. Әрине, бұның бәрі қарынды аштыртады. Бірақ, амал не, көш жүре түзеледі демекші, ең алдымен, қандастарымыздың барлығына, елін, жерін, Отанын сүюді үйрете білсек, олардан нағыз патриот шығары анық. Бұған біздің қосар үлесіміз, өзіміздің шәкірттерімізді осы жолда, патриоттық сезімге тәрбиелеу, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Сөзімді қорыта келе, мына бір өлең жолдарымен аяқтағым келеді.

*Қазақ елі, менің алтын қазынам,
Жырлайтын өзіңнің бір сазыңнан.
Қалсам егер сырқаттанып мен дағы
Таулы қырат, сол ауаңнан жазылам!*

Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, А.С.Пушкин атындағы мектеп-лицейінің дене шынықтыру пәні мұғалімі Дәурен Нұрбол Еркінұлы

ЖАҢА ҚОҒАМ ҰСТАЗЫ

*Тұлғанды арманым ұқсатқанмын,
Үлгіңді көңіліме қыстатқанмын.
Есімде әліппені жаттатқызып,
Ең алғаш қолға қалам ұстатқаның.*

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістер қаншама. Олардың жақсысы да, жағымсызы да жетерлік. «Сол мәселелерді бүгінгі таңда кім орын-орнына қоя алады» деген сұрақ әрбір адамның ойында жүрері хақ. Әрине, бұл сұрақтың жауабы сол өзіміздің өскелең ұрпақ, жастарымыз емес пе. Бұл тұрғыда барлық жауапкершілікті солардың мойнына жүктеу, әрине, қате ұғым. Ел үшін, қоғам үшін әрбір тұлғаның рөлі өзінше бөлек. Бірақ басым көпшілік күшті сол біздің жастарымыз алмақ. Себебі, қазіргі ғылым мен білімнің дамыған заманында заман ағынымен өсіп келе жатқан, міне, осы жастарымыз емес пе. Сол үшін біз сол жастарымызға сенеміз.

Ұстаз - ол көшбасшы. Жаңа қоғам мұғалімі - рухани бай, әлеуметтік жетілген, шығармашыл тұлға. Өз ісінің маманы, педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолданудың хас шебері. Әрдайым жеке бас дамуына ұмтылатын, болып жатқан заман талабына тез бейімделе алатын жаңа қоғамның дара тұлғасы болу керек. Бүгінде жаңа өмір жолын бастаған жас мамандар арасында педагогикалық мамандықты таңдаған менің қатарластарым жыл сайын көбейіп ке-

леді. Бұл болашаққа жасаған ой-жоспарыңды қиялдатады, көңілге қуаныш ұялатады.

Қазіргі XXI ғасыр білімділердің ғасыры. Оны еш күмәнсіз айта аламыз. Осы тұрғыда ҚазҰУ студенттері өздерінің талпынысымен адамды қуантуда. Әрине, өзге жастарымыздың да жасап жатқан дүниелері жоқ емес. Бірақ, көз алдымызда дамып, өсіп жатқан студенттеріміз өз бақылауымызда болғандықтан олардың орны бөлек болып тұрады екен. Жастардың білімін жетілдіру барысында университетіміз ерекше белсенділік танытуда. Жылдан-жылға түрлі бағдарламалар санын көбейтуде. Осака университеті, жалпы, қазіргі таңда әлемдегі білім беру жөнінен алдыңғы орында тұрған университеттердің бірі болып табылады. Келген оқытушылар бізге біраз мәліметтерімен бөлісті. Студенттердің міндеті, ол жақта тәжірибе алмасып, елге білімдерін одан әрі жетілдіріп оралу. Жалпы, қазіргі заманда бәсекеге қабілетті ел боламыз деген мақсат қойылса, соған сай бәсекеге қабілетті жастардың болуы міндетті деген оймен осындай біршама жобалар, бағдарламалар қара шаңырағымызда орын алуда.

Ақат Ақтолқын Абайбекқызы, Буркова Наталья Александровна, Белисарова Фарид Бексұлтанқызы



ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ ОРНЫҚТЫ ДАМУҒА ҮЛЕСІН ҚОСУДА

«Жасыл» энергетика – бұл тұтыну нәтижесі қоршаған ортаға зиянын тигізбейтін, экологиялық таза энергия көздері болып табылатын энергетикалық ресурстар. «Жасыл» энергетика жаңартылатын энергия көздері, энергия және ресурс үнемдеу, қалдықтарды тұрақты басқару сияқты бағыттардың өзара сабақтаса дамуымен тығыз байланысты. Жаңартылатын энергия - бұл адамзат ауқымында сарқылмайтын көздерден алынатын энергия түрі. Жаңартылатын энергияны пайдаланудың негізгі принципі оны қоршаған ортада үнемі болып тұратын процестерден алу және техникалық тұтыну үшін қамтамасыз етуден құралады.

«Жасыл экономикаға» көшудің мақсат-міндеттерін, негізгі қағидаттары мен жалпы тәсілдерін белгілейтін Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу Тұжырымдамасында белгіленгендей, Қазақстанда баламалы энергетика инжинирингін дамыту жел және күн электр станцияларын салу жолымен жүргізілуі тиіс. Мұндай нысандардың үлесі электр энергиясын жаппай өндірудің көлемінде 2030 жылы 10%-ға өседі деп күтіледі.

Осы сапарлардың қорытындысы ретінде кафедра ұжымы 2016 жылдың 28 қарашасы мен 2 желтоқсаны аралығында Берлин қаласында жаңартылатын энергия көздері және энергия тиімділігі саласындағы оқыту және әлеуетті арттыру жөніндегі қызметтердің жетекші халықаралық жеткізушілерінің бірі болып саналатын The Renewables Academy (RENAC) академиясында өткен «Фотовольтаик, ветровая энергия и интеграция в сети» атты ғылыми-практикалық конференциясына қатысып қайтты.

Оған қоса халықаралық нарыққа бағытталған, күн өнеркәсібінде өзінің жаңа стандарттарын қоя білуді көздейтін, күн энергетикасында технологиялық және коммерциялық эволюцияны паш етіп жүрген, қарқынды даму үстіндегі Гамбургтік Eneparc AG компаниясының жетекшілігімен салынған Германияның Нойхарденберг аймағында 240 гектар ашық ауданда орналасқан қуаты 145 МВт құрайтын күн электр станциясында болып қайтты. Eneparc AG компаниясының еншісінде қазіргі уақытта күн энергиясының 3600 МВт тағайындалған қуаты бар.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің бакалаврлары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес оқу жоспары бағдарламаларында қарастырылған кәсіби, әрі өндірістік практикадан өтуге міндетті. Кәсіби практикадан өту университетте оқудың барлық кезеңінде практикалық дағдылар мен құзыреттерді үнемі қалыптастыруды, үздіксіз практикалық дайындықты көздейді. Практиканың барлық кезеңдерін ұйымдастыру түлектердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес білім алушылардың кәсіби шеберліктерін игерудің сабақтастығы мен дәйектілігін қамтамасыз етуге бағытталады.

Практика барысында студенттер алдымен техника қауіпсіздігі ережелерімен толығымен танысып, тәртіпке сай жеке қорғаныс құралдарын иеленді. Әрі қарай станция аумағында орналасқан күн модульдерінің құрылысы, орналасу ерекшеліктері мен желілік пайдаланылуы туралы толық ақпарат алды. Экскурсия барысында студенттер өздерін толғандырған сұрақтарды станция басшысы М. Жакитовке қойып, толыққанды жауап алды. Сонымен қатар Алматы облысы бойынша аталған станцияның қуат балансы, релелік қорғаныс және апаттан кейінгі режимдер, технологиялық басқару жүйелері туралы сөз болды. Студенттер станция аумағында орналасқан күн тақталарының ерекшеліктерін көзбен көріп, тәнті болды. Осылайша білімгерлер университет қабырғасында альтернативті энергетика курсынан алған теориялық білімдерін практикада бекіту мүмкіндігін иеленді. Экскурсия соңында бакалаврлардың ұзақ мерзімді практикасын ұйымдастыруға қатысты келіссөздер жүргізіліп, жазғы практика мерзіміне байланысты жоспарлар жасалды.

Болегенова С.А.,
Шортанбаева Ж.К.,
Оспанова Ш.С.,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
жылуды физика және техникалық физика кафедрасы

АҢСАҒАН АЗАТТЫҚ пен ТӘУЕЛСІЗДІК

Көк байрағымыздың тәуелсіздік аспанында желбірегеніне 31 жылдың жүзі болды. Ел егемендігінің ширек ғасыры – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабалар аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тамырына көз жүгіртсек, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас қағым сәт секілді жылдам өтті. Дегенмен де бұл сәт мемлекет халқы үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады.

Бүгінгі бостандық пен тәуелсіздік біздің еншімізге ғасырлар бойы оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында талай арпалысып, зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткергенін білеміз. Төтеден келген жауға жұдырықтай жұмыла соққы беріп, қанды қырғыннан аман шықты. Нақтырақ айтсақ, әр буын белгілі бір сынақты басынан өткеріп отырады. Тарих белестеріне көз салсақ, біздің бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» қайыспай, алапат ашаршылыққа төзіп, кейінгі ғасырда Алаш арыстары кұғын-сүргінді, XX ғасырдың бейбітшілікті қалаған тұрғындары Дүниежүзілік соғыс пен Ұлы Отан соғысын, Желтоқсан боздақтары қанды қырғындарды да бастан кешті. Қиындыққа толы ұзақ жол мен Тәуелсіздік құндылығы халық жадына біржолала шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін өскелең ұрпақ оның қадірін білуі тиіс екендігін қайталаудан жалықпаймыз.

Тәуелсіздігіміздің құрдастары бүгінде ақыл-ойы толысқан, кісілікке жат қылықтардан аулақ, өз орны қалыптасқан

отыздың кемелінен асып барады. Егемендігін алған елде дүниеге келіп, өсіп-жетілген азаматтың санасы сергек, көзқарасы, өмірлік ұстанымы мен ойлауы да өзгеше. Тіпті жаңа қоғамды қалыптастыру – егемендік ұғымы жастардың санасына берік орныққанын айқындайтын қалыпты құбылысқа айналуға. Ғасырлар бойы аңсаған азаттықтың арқасында тәуелсіздіктің 31-ші жылында әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. 30 жыл бұрын тұңғыш рет қолымызға тиген тәуелсіздіктің әділетті құсын ұшырып алмау – бүгінгі ұрпақтың өз қолында. Сол себепті де егеменді еліміздің қазіргі өскелең ұрпақтарына тәуелсіздіктің тарихын тереңірек түсіндіру, қастерлете білу баршамыздың басты міндетіміз болуы тиіс.

Бастысы, біз – бақытты ұрпақ екенімізді естен шығармауға тиіспіз. Өйткені, ата-баба көрген шапқыншылықты, табанды тілім-тілім болған босқыншылықты, бір түйір дөнге зәру болған аштықтан да құтылып, талай боздақтардың жаны мен намысын, жақынын алған сұм соғысты бүгінгі жастар мен өскелең ұрпақ көргеніміз жоқ. Бейбіт өмірмен қатар, азаттықты аңсаған арда азаматтар келер ұрпағы үшін күресті. Соның арқасында, асты қазынаға толы кең-байтақ жерді, бай тілді, тәрбиеге тұнып тұрған салт-дәстүрді, ең бастысы, тәуелсіздіктің тәтті дәмін татып жатқан жарқын ұрпақтың талабына сай болуға тиіспіз.

Шымкент қаласы, «Авимед» көпсалалы колледжі,
тарих пәні оқытушысы Нұрлыбаева Г.Т.

ОҚУ – БІЛІМ БҰЛАҒЫ, БІЛІМ – ӨМІР ШЫРАҒЫ

«Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» деп кезекті мақаламды бастайын. Бұл мақалдың өзінде қаншама ой жатыр десеңізші. Енді дәл осы тақырыпты ары қарай тереңірек ашып көрейік.

Қазіргі заман – білімділер заманы екені баршамызға мәлім.

«Білекті бірді жығады,

Білімді мыңды жығады».

Дәл осы мақалдың астарын жастар қауымы бүгінде тереңірек түсініп жүрсе керек.

Адам өз дүниетанымын түрлі кітаптар оқып дамытады. Соның ішінде әдеби кітаптарды айтпасқа болмас. Біздің АТУ-да да бұл жағдай қарастырылған. Ол «Оқуға тиіс 100 кітап». Оның ішінде Халық ауыз әдебиетінен бастап, қазіргі таңдағы ақын, жазушыларға дейін бар десем қателеспеспін. Енді бүгін соның ішіндегі Халық ауыз әдебиетіне кеңінен тоқталып өтсем.

Адам өмірінде тәлім-тәрбиенің маңызының зор екенін терең түсінген олардың ешқайсысы да осы тақырыпты айналып өте алмады.

Қазақ зиялыларының тәлім-тәрбие беру жөніндегі құндылықтары елжандылық, халқы үшін адал қызмет ету екенін өз еңбектерінде терең түсіндіре алды. Ұлтжандылықтың, елін

сүюдің ғажайып күш екендігін терең сезінген ежелгі қазақ ақын-жыраулары, ойшылдары өз шығармаларына осы тақырыпты үнемі арқау етті, көп көңіл бөліп, халықты елі үшін жанын жеда етуге, жастарды елжандылық рухта тәрбиелеуге баса көңіл бөледі.

Жастарды елжандылық рухта тәрбиелеу жауынгер жыршысы Махамбет Өтемісұлының өлеңдерінде өзекті орын алады. Ол өз еңбектерінде жастарды ерлікке, Отан сүюшілікке, ар-намысты қорғауға, адамгершілікке уағыздайды. Ақынның қай өлеңін алсақ та, халыққа адал қызмет ет, еліңді, жеріңді жаудан қасық қаның қалғанша қорға, әділет үшін, халық үшін өкінбей өлу азамат ердің ісі деген аталы сөз өрнектеледі. Осындай халықшылдық идея, елжандылық сезім жастардың жүрегінен терең орын алып, оларды белсенді іс – әрекетке баулиды. Махамбет, Ақтанберді, Шал, т.б. ақын-жыраулар шығармасында ерекше сөз болатын ерлік, Отанын, елін, жерін жаудан қорғай білушілік, отбасы, ауыл-аймақ, ел намысын қорғау жолында жан аямаушылық сияқты ізгі қасиеттерді дәріптей отырып, жастардың бойына елжандылық пен интернационализмді, гуманистік қасиеттерді сіңіре аламыз.

Жарылқапова Ж.Ә., Базарбаев Б.П.

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ТІРЕГІ

Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз.

Қазіргі таңда білім беретін қайнар көздері көптеп кездеседі. Соның ішінде жан-жақты, инновациялы, жаңа технологиялар мен әдістерді қолданатын оқу орнын таңдау бітіруші түлектер мен ата-аналар алдында тұрған басты мақсат болып табылады. Президенттің «Терең білім-тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны» деген сөздерінен-ақ білімнің елді алға жетелейтін нысан ретінде қарастырып отырғанын байқауға болады. Жоғары оқу орны ғылыми әрекетті жүзеге асыра отырып, жоғарғы кәсіби білім беретін оқу ордасы. Міне, соның ішінде жылдар бойы қалыптасқан тарихы бар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ болып табылады.

Еліміздегі үздік университеттердің бірі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-не жыл сайын Қазақстанның түкпір-түкпірінен мыңдаған түлектер тапсырады. Бірақ оған: білім деңгейі жоғары, шығармашылық қабілеті дамыған, талпынысы, ізденісі жоғары, бәсекеге қабілетті жастар ғана түсу мүмкіндігіне ие болады. Ол өз кезегінде бітіруші түлектердің жұмыс берушілер, ірі компаниялар арасында сұранысқа ие болуымен тікелей байланысты.

Қазіргі жаһандану заманында университеттер интеграцияға бейім болып келеді. Осыған орай студенттер мен магистрант, докторанттар арасында халықаралық академиялық мобильдік қатынастар қарастырылған. Ол дегеніміз студенттеріміз тәжірибе алмасу, білім жинақтау мақсатында шетелге барып, білім алуға мүмкіндігі бар. Бұл білім ордасын көптеген студенттердің таңдауының келесі бір факторы: озық ғылыми кітапхананың орналасуы. Жас ізденімпаз барлық қажет ақпаратты орталықтандырылған кітапханадан таба алады. Қажет оқулықтың бар-жоғын білу үшін электронды кітапханаға кіріп, тапсырыс берсе болғаны, сол оқулық бөлімшелерге келіп түседі. Ке-

лесі артықшылығы кітапханада интернет желісі орнатылған, демек ақпараттар оқулықтар мен шектеліп қоймай, шетелдік журнал-газет басылымдарын қолдануға мүмкіндік береді.

ҚазҰУ-дегі оқу ерекшелігі: кең ауқымды ғылыми база, жоғары білікті оқытушы құрамы, ғылым мен біліммен айналысуға арналған жоғары мүмкіндік жасалу және жастар үшін тартымды жағы: белсенді де қызықты студенттік өмір. Жастардың белсенді студенттік өмірі мәнді де, әмбебап. Олар түрлі университет, факультет деңгейіндегі жоспарлар мен бағдарламалар негізінде жүзеге асып отырады. Студенттердің уақытын шығармашылыққа бағыттауы көзқарастарын, өз ой-пікірлерін қалыптастырады. Қазіргі күні университет қабырғасында көптеген студенттердің өзін-өзі басқаратын ұйымдар тіркелген. Оған кез келген студент өзінің көшбасшылық қабілетін көрсете отырып мүше бола алады. Бұл ұйымдар негізінде жастар біліммен қатар, шығармашылық пен ұйымдастырушылық ортамен, қоғаммен қарым-қатынас орнатуға үйренеді, көптеген достарға кезігеді.

Бүгінгі күні ҚазҰУ еліміздің ғана емес, Орталық Азия аймағындағы халықаралық деңгейдегі білім беру ордасы болып отыр. Әлемдік білім жүйесінде де өз ұстанымы бар білім ордасы ретінде дамып келеді. Университет қабырғасында ғылыми ізденіске бағытталған жастардың ойлау қабілетін дамытуға, ақпарат пен білім алуына, студенттердің өзін кемелдендіруіне қажетті жағдай мен жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Сол себептен де болар Білім Білім сапасын қамсыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігі жүргізген ЖОО-ның ұлттық рейтингінде жыл сайын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші орынды иеленуде. Бұл университеттің ғылым саласындағы көшбасшы позициясын айқындайды.

А.Ж.Ермахан, М.А.Жусупов, Ф.Б.Белисарова

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫН ДАМУДАҒЫ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ РӨЛІ



Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы басты қағидалар: жұмыскердің өмірін және денсаулығын сақтау; жұмыскерлердің денсаулығына өндірістік зиянды әрекеттердің әсер етуіне жол бермеу; еңбек шартында жұмыскерлердің құқығын қорғау; аумақтық бөлімшелер және реттеушілердің өкілдерінің келісілген әрекеттерін қамтамасыз ету; қауіпсіздік және еңбекті қорғау жағдайы туралы ақпараттық толық және шынайы болуы. Қауіпсіз еңбек етуге әр ҚР азаматының құқығы бар екендігі Ата заңымызда көрсетілген. Конституцияның 24-бабының 2-тармағына сәйкес «Әркімнің қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін қандай да бір кемсітушіліксіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуына құқығы бар».

Еңбек жағдайларын қалыптастыру және қауіпсіздік мәселесімен еңбек қорғау саласы айналысады. Әр ұйым өз қызметі аясында жұмыс орнын максималды түрде қауіпсіздендіруге ұмтылады. Еңбекті қорғау мәдениетін қалыптастыру және насихаттау мақсатында Халықаралық еңбек ұйымының бастамасымен дүние жүзі бойынша еңбекті қорғау күні де белгіленген. Осыған орай жыл сайын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша әртүрлі іс-шаралар, оқытулар, тренингтер және дөңгелек үстелдер өткізіледі.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде дәстүрге айналған кезекті дөңгелек үстел «География және табиғатты пайдалану» факультетінің «Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Қожахан Айгүл Кәріпжанқызының ұйымдастыруымен «Өнеркәсіптегі кешенді қауіпсіздік аудиті және басқару» мамандығының магистранттарымен өткізілді.

Іс-шараға оқытушылар мен студенттер, сонымен қатар Түркия, Франция, Кот-д'Ивуар, Әзірбайжан, Мальта, Өзбекстаннан арнайы

қонақтар қатысты. Бірінші бөлімде іс-шараға қатысушы қонақтар баяндамаларымен бөлісті. Қауіпсіздік саласындағы аудиттік қызмет көрсетудің өзектілігі мен қазіргі өнеркәсіптік орындар арасында алатын рөлі жайлы баяндаманы ұсынған Мальтадағы қонақ ерекше көзге түсті. Екінші бөлімге осы сала бойынша біліммен сусындап жатқан жас мамандардың қауіпсіздік мәселесіне деген қызығушылығын арттыру мақсатында қызықты ойындар әзірленді. Студенттердің білімдері сыналды, шыңдалып, бәсекеге төтеп бере білгендер жүлдеге ие болды. Жеңімпаздарға арнайы сыйлықтар, сертификаттар және басты ынталандыру жүлдесі – каска ұсынылды!

Дөңгелек үстелге қатысушылар мен қонақтар бұл іс-шараның өндіріс орындарында адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мамандықтарын таңдаған студенттер мен магистранттар үшін маңыздылығын атап өтті. Шетелдік қонақтар өз елдеріндегі қауіпсіздік мәселелері, өндірістік объектілердегі еңбекті қорғау процедуралары, өзекті мәселелер туралы әсерлі баяндап берді.

Шараның мотивациялық күші – жас ұрпақтың мамандыққа қызығушылығын арттырудың ең басты құралы және қызметке ынталандырудың бірден-бір кілті. Осы орайда Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті студенттерді «Ынталандыру – жетістік кепілі» атты ұстанымды қолдайды!

Айгүл Қожахан

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры Нұрболат Қолманбаев, Таңшолпан Жолдығұлова Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 1-курс магистранттары



БОЛАШАҚҚА БІР ҚАДАМ

Білім алу ол бір күнгі процесс емес. Ол өмір бойы жалғасатын процесс. Сонда ғана үздіксіз болашаққа бір-бір қадамнан жылжитынымыз анық.

Бұрынғы заманнан бері қазақ атамсыз «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақаланың өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын күрделі, орасан қажыр қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл», – деп атап өтті Елбасы.

«Жастар – болашаққа апаратын алтын көпір» дейді дана халқымыз. Әрбір ескең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсібі біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі ұстанымына олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық-саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз.

Әрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып, өн бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек. Еліміздің бейбітшілік аспанында қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға жұмыс жасаймыз. Ел сенімін, үмітін ақтау жастардың қолында. Қашан да, болашағын алыстан бағамдайтын қазақ «қыстың қамын жаз ойла» демеуші ме еді... Ендеше, Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тындыруға міндетті екенімізді естен шығармайық! Сонымен қоса, тағы бір айта кетерлік жағдай бүгінгі таңда қара шаңырақ ҚазҰУ студенттерінен өзіміздің күтер үмітіміз орасан зор. Себебі, олардың бойындағы қайсарлықты, шабытты, ұмтылысты көргенде, осы жастар біразды таңғалдырар адам болады дейміз.

Е.С.Әбділ, Д.М.Зазулин, Ф.Б.Белисарова

АДАМ ҰРПАҒЫМЕН МЫҢ ЖАСАЙДЫ

«Адам ұрпағымен мың жасайды». Осы ұлағатты сөздің астарында қаншама терең сыр жатқанын шын жүреппен сезіне аламыз ба? Осы орайда мен, қара шаңырақ ҚазҰУ-дың ұстазы ретінде және өз шәкіртіммен бірге, білім жөніндегі ойымды ортаға салсам деймін. Бүгінгі күннің ұрпағы ертеңгі жарқын болашаққа жол салушылар емес пе? Ал олардың салған жолдарының жарқын болуына кепілдік бере аламыз ба? Міне, осындай сипаттағы сан алуан сауалдар кімді де болса, ойландырмай қоймас. Осындай сыни тұрғыдағы сауалдар төңірегінде ойлану, оған жауап беруде іске асқан жұмыстардың астарынан дәлел іздеп тапқандаймын. Ұрпағымыз саналы тәртіп пен сапалы білім негіздерімен қаруланған кезде ғана еркін тыныс алармыз. Менің басты мақсатым: мектеп өміріне қайткен күнде бүгінгі күн талабын қанағаттандыратындей бетбұрыс жасауға бағыт беру. Мектептегі әріптестерімнің жаңа бағыттағы дұрыс жасаған іс-әрекеттері менің ойымды алысқа жетелеп, қиял әлеміне енгізіп жібергендей. Әсіресе мектепшілік шаралардың қызықты өтуі, ата-аналардың сенімінің артуы сенімділік пен ынтымақтастықтың бірігуіне жол ашты. Деңгейлік курс бойынша сертификатталған мұғалімдердің өткізген сабақтарының тартымдылығы оқушылардың жауапкершілік

дағдыларын бойларына сіңіруіне, сыни ойлау қабілеттерін дамытуға оң ықпалын тигізуде. Еліміздің ертеңгі тізгінін қолына алатын бүгінгі күннің майталмандары алдымызда отырған шәкірттер. Қайтсек те, тек қана алға ұмтылу, болашақ қамын орнықтыру үшін келелі мәселелердің шешімін табу жолында белсенділік таныту, тапқырлық әрекеттер жасау ерекше өрнектеніп отырғанына ену үшін шәкірттеріміз шабытты, білімді, кеңет, қайсар мінезді болуы шарт. Ол үшін, алдымен мұғалімдер қауымы қазақстандық білім беру мазмұнын жаңа сатыға көтеріп, қарқынды қадам жасауы тиіс екеніне көзім жетті. Айналама қарап, мені қоршаған әлемдегі сан алуан өзгерістерге шаттана қуанып, қанатымды кеңге сермеп, шабыттана түскендеймін. Алдымыздағы үлкен асуға – біліктілік пен ұстаздық шеберлігімізді ұштастыра отырып, шәкірттерімізді, мынау кең әлемді мойындататын рухани биік шыңға шығару міндеті тұр. Терең ойларға беріліп, сенім жүгінің ауыр екендігін сезіндім. Бірақ, мен көшбасшымын, қандай кедергілер болмасын көзім тауып, шешімін табуға дайын болуым керек... Ол менің көшбасшылық ұстанымым.

Жолдығұлова Таңшолпан, Қанат Гүлжанат

ДОСЫ КӨПТІ ЖАУ АЛМАЙДЫ

«Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды».

Халқымыз әр сөздің түпкі мағынасын керемет ашып айтқан ғой, шіркін. Неге десеңіз? Әрбір қанатты сөздер, адамға ой салып, бір бағыт берері анық. Соны ішінде бүгін қозғалатын тақырып дос жайлы болмақ.

Өмір – осы бір төрт әріпте қаншама мағына жатыр десеңші. Бүгін осы бір қилы өмірдегі, түрлі достар жайында айтпақпыз. Біз әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің студенттеріміз. Бізбен бірігіп осы тақырып аясында біраз өткенге көз жүгірткен біздің ұстазымыз да бар. Енді осы тақырыпқа байланысты өз ойымызды ортаға салсақ.

Оқуға түскеннен кейін, біз біраз адамдармен таныстық, біраз жаңа достар таптық. Енді сөзді көбейтпей сол достар жайында әңгіме өрбітсек. Әрине, көпке топырақ шашқымыз келмейді, бірақ өмірде түрлі адамдар бар екен. Біздің жақын бір досымыз болды. Есімі жұмбақ болып қала берсін. Студенттік уақыттың қызықты шақтарын сонымен бірге бөлістім десем артық болмас, тек студенттік уақыт қана емес, мектептегі уақытта да біз жақын дос едік, мамыр айына дейін. Өмірде неше түрлі достарды көресің, бірі сені алдап кетсе, енді бірі сатып кетеді. Бірақ менің бүгінгі айтамын ол емес. Бүгін мен өзіме қымбат болған бір досым жайында айтпақпын. Біз мектеп уақытының дос едік. ЖОО-на Алматыға бірге түстік, тек әртүрлі оқу орны болатын. Менің әлі есімде, он бірінші сыныпты бітірерде болды енді араласа алмаспыз деп,

екі бөлініп кеткенбіз, бірақ бір қалада болғандықтан, қайтадан достығымыз өз жалғасын тапты. Қызығы сол, біз былтыр бір үйде тұрдық. Бір нанды бөліп жеп, қиын кезде бір-бірімізге демеу болдық. Осылай қаншама уақыттар өтті. Қарап отырсам, мендегі қызықты студенттік уақыт сол жылы болған тәрізді. Арада біраз уақыт өтті. Біз тек дос емес, туған бауырдай болдық. Ол менің ағам, мен оның інісі секілді нағыз бауырға деген қамқорлық бізді көрінетін еді. Осылай қанша уақыт өтті. Әлі есімде олар үйлеріне қыста кеткен уақыттарында мен үйде өзім қала алмадым. Ол досым енді жоқ секілді болып көрінді. Араға біраз уақыт салып, олар қайта келді. Әрине, мен есімде оларға айқара аштым. Бірақ бұл жолы басқа адам едім. Оларды бұрынғыдай бауыр деп сырт көзге қабылдамасамда, іштей сол баяғы көңіл еді. Неге олай жасадым, оны әлі күнге білмеймін. Осылай біраз уақыт өтті. Мен ол бауырыма небір көңілге келер сөздер айттым. Не керек бір күні, мамыр айының тоғызыншы жұлдызы үлкен даудың шығуына себеп болды. Ол күнгі мендегі әрекетті айтуға мүлдем болмас. Осылай біздің достығымыздың, сонша уақыттың бауырмашылдығымыздың бір бөлігі де қалмады. Міне, осылай біздің арамсыз үзілді.

Біздің мұнымен айтқымыз келетіні, жақын досыңыздың адалдығына сенімді болсаңыз, оның көңілін қалдырудан абай болыңыз!

А.Р.Нарова, В.В.Дычков

ӘДІЛЕТТІ және ТҰРАҚТЫ БОЛАШАҚ ҮШІН БІЛІМ САЛАСЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ ОРНАТУ



ЮНЕСКО жанындағы тұрақты өкілдіктің кеңесшісі Рысбек Өлібековпен кездесу

Үстіміздегі жылдың қараша айының басында Францияның Париж қаласында ЮНЕСКО кафедрасының УНИТВИН бағдарламасының 30 жылдығына арналған «Әділетті және тұрақты болашақ үшін білімді трансформациялау» тақырыбындағы халықаралық конференция өтті. Конференцияға Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінен ЮНЕСКО-ның Тұрақты даму кафедрасының меңгерушісі Т.А.Базарбаева екеуіміз қатысып қайттық.

Конференция қарсаңында Париж қаласында ЮНЕСКО жанындағы тұрақты өкілдікте өкілдіктің кеңесшісі Рысбек Өлібековтің шақыруымен кездесіп, жоспардағы жұмыс мәселесін талқылады.

Халықаралық конференцияның географиясы өте кең болды. Конференцияға әлемнің 117 елінен ЮНЕСКО-ның 850 орталықтары мен кафедраларының өкілдері, ЮНЕСКО жанындағы тұрақты өкілдіктердің кеңесшілері қатысты. Екі күндік іс-шараның тақырыбы ғылыми, моральдық, интеллектуалдық және академиялық ынтымақтастық рухына негізделген «білімді әділ және тұрақты болашақ үшін трансформациялау» болды. УНИТВИН бағдарламасының ЮНЕСКО кафедраларының желісі ретіндегі жетістіктері талқыланды. Кафедралар оқытудың жаңа бастамаларын құруда, зерттеулер арқылы инновацияларды қалыптастыруда және мәдени әртүрлілікке ықпал ете отырып, университеттің қолданыстағы бағдарламаларын байытуға үлес қосуда маңызды екендіктерін дәлелдеді. ЮНЕСКО кафедралары және УНИТВИН желісінің қатысушылары аймақтық немесе субөңірлік деңгейдегі озық тәжірибелер мен инновациялар орталықтары болып табылады.

Пленарлық отырыста ЮНЕСКО-ның Бас директоры Одри Азуле, Францияның жоғары білім және зерттеулер министрі Сильви Ретайо, Fundacin cultura de Paz Президенті (Мадрид) және ЮНЕСКО-ның бұрынғы бас директоры (1987-1999) Федерико Майор Сарагоса,

Витватерсранд университетінің профессоры (Оңтүстік Африка) Акилле Мбембе сөз сөйледі.

Пленарлық отырыс, параллель сессиялар, семинарлар мен кездесулер тұрақты даму мақсаттарын іске асыру шеңберінде жаһандық экологиялық апатқа жол бермеу, нәсілдік алауашылықты, кемсітушілікті, кедейлікті және басқа да апаттарды еңсеру мақсатында бүкіл адам санасын сапалы өзгерту үшін білім беру жүйелерін трансформациялау міндеттерін іске асыруда кафедралардың күш-жігерін біріктіру жөніндегі ынтымақтастық мүмкіндіктері талқыланды.

Конференцияға УНИТВИН / ЮНЕСКО кафедралары бағдарламасының қазіргі мүшелері, ЮНЕСКО жанындағы Тұрақты өкілдіктер және ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиялар, жоғары оқу орындары, серіктес ұйымдар және УНИТВИНнің басқа да мүдделі тараптары, сондай-ақ ЮНЕСКО әріптестері мен желілері қатысты.

1992 жылы құрылған УНИТВИН/ЮНЕСКО кафедраларының бағдарламасы күрделі өзара тәуелді даму мәселелерін шешу үшін жоғары оқу орындарын жұмылдыру және тәжірибе алмасу үшін сектораралық желі болып табылады. Ол білім алмасу және бірлесіп жұмыс істеу арқылы институционалдық әлеуетті арттыру үшін халықаралық университетаралық ынтымақтастық пен желілерді құруға ықпал етеді. Конференцияның негізгі мақсаттары-панаралық ынтымақтастықты жандандыру, қоғамды және ғылым мен инновация саласындағы жауапты субъектілерді өндіріске тартып, негізгі мәселелерді шешу үшін көптеген зерттеулер жүргізіліп, халықаралық ынтымақтастық орнатылуына көңіл бөлу және жаңа зерттеу жобаларын ынталандыру.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО» кафедрасының қауымдасқан профессорлары А.К.Қожахан, Т.А.Базарбаева



Конференция ұйымдастырушылармен пікір алмасу

ӨЗГЕРІСКЕ ДАЙЫНБЫЗ БА?

Өзгеріс әркімнің өзінен басталатыны белгілі. Көпшілігіміз осы тұрғыда өзгерісті қоғамнан, өзгелерден іздеп жатамыз. Енді жастардың қазіргі таңдағы өзгерісіне кезек берейік.

Қарап отырсаңыз, әр жылды жастарға арналған жыл деп қарауға болады. «Осы кезеңде қандай нәрсеге баса назар аударған дұрыс? Біз, жастар өзгеріске қалай дайындалуымыз керек? Мемлекет пен қоғамға пайдамыз тию үшін не істеуіміз керек?» деген сауалдарды мақсаты бар әр жас азамат өзіне қою керек.

«Жастар – болашаққа апаратын алтын көпір» дейді дана халқымыз. Өрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі ұстанымына олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық-саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз.

Жастарға патриоттық тәрбие берудің

бағдарлы идеяларын «Қазақстан – 2030» атты еңбегінің «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «...Біздің балаларымыз бен немерелеріміз... бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Қашанда, болашағын алыстан бағамдайтын қазақ «қыстың қамын жаз ойла» демеуші ме еді... Ендеше, Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тыңдыруға міндетті екенімізді естен шығармайық! Сонымен қоса, тағы бір айта кетерлік жағдай бүгінгі таңда қара шаңырақ ҚазҰУ студенттерінен өзіміздің күтер үмітіміз орасан зор. Себебі, олардың бойындағы қайсарлықты, шабытты, ұмтылысты көргенде, осы жастар біразды таңғалдырар адам болады дейміз.

Қорыта келе, өскелең ұрпақтың бойынан жақсы қасиеттерді көре қалсақ, оның бәрі біздің көңілге үлкен сенім ұялатары сөзсіз. Неге десеңіз? Бұл жастар біздің болашағымыз, ертеңгі ел тірегі. Сол себепті, осындай бойында қазақы рух тасып тұрған жастарды көргенде, біз келешекті жарқын елестете аламыз.

Т.Мұратбек, О.А.Каликулов, Ф.Б.Белисарова

ҚазҰУ ҚАЛАШЫҒЫ

Бұл мақаланы бір студенттің оқуға түскендегі ойынан бастасам деп отырмын:

«Бұл ҚазҰУ. Армандар мекені. Мұнда оқитын адамдарда арман жоқ болар. Керемет оқу орны. Сапалы білім. Арманы биік адамдар. Барлығы бір-бірімен байланысып тұрғандай».

ҚазҰУ менің мекенім,
Мақсатыма жетемін.
Бір өзіңмен әрқашан
Болашаққа сенемін.

ҚазҰУ-і еліміздегі шоқтығы биік, мәртебесі өзгеше, атағы жер жаратын білім ордасы. Бұл бір күндік жетістік емес. Тамыры тереңге жайылған бұл білім ордасының іргетасы қаланған күннен бастап бүгінгі күнге дейін қалыптасуы мен дамуы, көптеген білімді ұстаздарымыздың қажырлы еңбектері мен жалынды жастардың білім мен ғылымға деген құштарлықтарының арқасында бүгінде еліміздің алдыңғы қатарлы білім ошағына айналып отыр.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Атауының өзінде бір сиқырлы күш бар секілді. Білім ошағының атауын айтқанда: «Міне, менің оқу орным!», «Міне, менің білім ошағым» деп мақтанып қалатынымыз ешкімге жасырын емесі анық. ҚазҰУ-де талантты да білімді жастар үшін өздерін танытуға зор мүмкіндіктер жыл сайын көбейіп, түрленуде. Жыл сайынғы байқаулар, өздерін көрсетуге мүмкіндік беретін ұйымдар, әртүрлі білім саласындағы жарыстар өткізілуде.

Қазақ Ұлттық университетін кей кездерде «ҚазҰУ қалашығы» деп айтып жатқандарын ес-

тіп қалатынымыз да бар еді. Шынымен де, атауы білдей бір әлемнің екінші ұстазының құрметіне қойылған бұл білім ордасы бүгінде кішкентай, өзінің мыңдаған тұрғындары бар, бірінен кейін бірі қатар тізілген факультеттер, студенттер жатақханасы, Ө.А.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы орналасқан, арнайы жастар үшін салынған кішігірім саябағы бар қалашыққа айналып отыр. Сонымен қоса, әлемдік рейтингте ҚазҰУ биылғы жылы үздік 200 ЖОО тізіміне енгенін айтпасқа болмас.

Білім орданымыздың символына айналған, әлемнің екінші ұстазы атанған, шығыстың сөнбес жұлдызы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығын айтпай кету мүмкін емес. Әл-Фараби-көрнекті ойшыл, ұстаз, өз замандастарының алды бола білген философ, шығыс аристотелизмнің ірі өкілі. Атаулы ғұламаның өзінен кейін қалдырған өшпес нақыл сөздері мен тәрбиелік мәні бар еңбектері бүгінгі ұрпақтарға мол азық беретін халық мұрасы ретінде қала бермек.

Сыйластық пен шынайы махаббаттың мекеніне айналған, талантты да дарынды студенттердің басын біріктірген, адам баласының тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін, достық пен білімнің қатар жүруіне себепші болған, ғашықтардың мекеніне айналған ҚазҰУ-дің тұғыры мәңгі биік болсын деп тілейміз!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 1-курс магистранты М.Сиргебаева, теориялық және ядролық физика кафедрасының оқытушысы А.Т.Сарсембаева



Меншік иесі:

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ
МӘДЕНИ ҚОРЫ
Президенті және
«Түркі Әлемі» газетінің
Бас редакторы –
АХМЕТ ДАҒДҰРАН

Түркі халықтары Әйелдер
комитетінің төрайымы –
Дариға ТҮРЛЫБЕК

Газет 2000 жылдың шілдесінен айына
бір рет шығады
ИНДЕКСІ: 65862

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде тіркеліп,
29.12.2000 жылы №1672-Г куәлігі берілді.

«Europrint» баспаханасында басылды.
Мақала авторларының пікірі үшін редакция
жауап бермейді. Компьютермен терілген бес
беттен артық мақалалар қабылданбайды. Газет
Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен
мәтініне жарнама беруші жауапты.
Таралымы – 15 000 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ:

Индекс 050012, Алматы қаласы,
Байтұрсынов көшесі, 145/26,
Ғабдуллин көшесінің қилысы
Тел.: 8(727) 292-29-36, 292-74-40

e-mail: thmv_almati@mail.ru www.turkvakif.com

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:
Дариға ЖҮНИСОВА
Ислам ЖЕМЕНЕЙ
Ахмет ТОҚТАБАЙ
Жарылқасын БОРАНБАЕВ
Әлима СҚАҒИҚЫЗЫ
Тамара СУРА
Мақсұтхан ЖАҚЫП
Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА
Гаухар АСҚАРОВА
Мұсат ИМАНҚҰЛ

Редактор:
Арман ӘУБӘКІР

Техникалық редактор:
Фарида ТУҒАНБАЙ

Корректор:
Қарлығаш САПАРҒАЛИҚЫЗЫ

ГАЗЕТИМІЗДІҢ ӨЗГЕ МЕМЛЕКЕТТЕР-
ДЕГІ ӨКІЛДЕРІ:

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Айфер АКСУ
Байланыс телефондары: Анкара - 90312 4183479,
90555214 0244 ұялы тел.

Батыс Түркиядағы өкілі (Греция) Абдулхалим
ДЕДЕ, «Тракия үні», FM Радиосының өкілі Байланыс
телефондары: 0030697811133, e-mail. dede@otenet.gr

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Шемсеттин
КУЗЕДЖИ, Түрік елінің Жастар қоғамының бастығы,
Керкук газетінің өкілі, Кенан Коч Мугла Сытқы қотман
университетінің доценті – Байланыс телефондары:
Анкара – +905412634844, e-mail: kenankoc2030@
hotmail.com, www.kenankoc.com Стамбұл (Түркия)
қаласындағы өкілі Ахмет ТУЗУН, Жастар спорт
комитетінің басылым жөніндегі кеңесшісі. Байланыс
телефондары: 905336367050, e-mail. ahmettuzun2000@
yahoo.com Румыниядағы өкілі Гольшен ИСМАИЛ,
Жас газеті мен Костиже радиосының өкілі Байланыс
телефоны: 004 078 413 93 14, e-mail.

PEGAS
TOURISTIK

НОВАЯ ВЫСОТА ВАШЕГО ОТДЫХА

Instagram: [pegas_asia](https://www.instagram.com/pegas_asia)
Website: kz.pegast.asia
Phone: +7 700 022 2233
Phone: +7 727 222 1818

ROSETTA
SLEEPING SYSTEMS

Адреса:

- г. Алматы, ул. Маметовой 72, уг. ул. Наурызбай батыра
- г. Алматы, кр. Кокмайса 26 Б/2 (Фабрика) 9
- г. Алматы, ул. Кабдолова 1/8, ТК Армада, 4 блок, Линия F, 12 ряд, 51 бутик.
- г. Алматы, ул. Кабдолова 1/8, ТК Армада, 3 блок, 10 ряд, линия D

Instagram: [ROSETTA.KZ](https://www.instagram.com/ROSETTA.KZ)

Контакты:

- +7 701 951 37 03
- +7 701 951 37 05
- +7 701 351 76 39
- +7 727 333 44 10

ROSETTA SLEEPING SYSTEMS
AMADEUS
MEDICAL FULL ORTHOPEDIC LINE HYPERDANT HYGENIC ANTI-ALLERGIC

ROSETTA SLEEPING SYSTEMS
VISCOFORM
MEDICAL FULL ORTHOPEDIC FIRE RETARDANT HYGENIC ANTI-ALLERGIC